Алатау

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№26-27 (1029-1030)

02.07.2021

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ.

Күн тәртібінде Алматы облысында «Мүліктің меншік иелері бірлестігін немесе жай серіктестік» институтын енгізу жөніндегі реформаны жүзеге асыру мәселесі қаралды.

Еске сала кетсек, 2020 жылдың 7 қаңтарында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы күшіне енді. Онда көппәтерлі тұрғын үйлерді басқару және ұстау мәселелері реттелген және «бір көппәтерлі тұрғын үй – бір бірлестік – бір шот» жаңа қағидасы енгізілді. Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 143-тармағымен мүлік иелерінің бірлестіктері институтын енгізу бойынша реформаны іске асыру көзделген.

Аталған реформаның жетісу өңірінде іске асырылу барысы жайында облыстық энергетика және тұрғын-үй коммуналды шаруашылық басқармасының басшысы Б.Тәнекенов комиссия мүшелері алдында есеп берді.

Баяндамашы сөзінше қазіргі таңда көппәтерлі тұрғын үйлердің кеңестерін сайлау және кондоминиум объектілерін басқару нысандарын таңдау үшін пәтер иелерінің 1082 жазбаша сауалнамасы мен 1013 жиналысы өткізіліп, тұрғын үйлерді басқарудың жаңа нысандарына қатысты жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарына 22 мақала, ресми сайттар мен әлеуметтік желілерде 2200 жазба жарияланған. Сонымен қатар ол көпқабатты тұрғын үйлердің статистикалық мәліметімен олардың қазіргі таңда жаңа реформаға сәйкес қаншасы тіркеуден өткені жайлы да ақпараттандырды.

«Облыс бойынша 3581 көп қабатты тұрғын үйдің 2698 Әділет органдарында Кондоминиум объектілері ретінде тіркелген, 883 тұрғын үйді тіркеу үшін 2021 жылға арналған кондоминиум объектілерін тіркеу бойынша негізгі көрсеткіштердің кестесі бекітіліп, жылдың соңына дейін тіркеуден өткізу жоспарлануда. Бүгінгі күнге облыс бойынша барлығы 61 мүлік иелері бірлестігі және 895 жай серіктестік құрылды», – деді ол.

Жалпы осы уақытқа дейін мәслихат депутаттарының бастамасымен жұмыс тобы құрылып, көпқабатты нысандары бар аудан-қалаларда пәтер иелері кооперативтерімен ақпараттық-түсіндірме жұмыстары жүргізіліпті. Реформаның іске асуы халық қалаулыларының назарында болмақ және 4-ші тоқсанның басында тұрақты комиссия отырысында қайта қаралу жоспарланған.

С. БАЗАРҚҰЛОВА.

БАСПАСӨЗ - 2021

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне II жарты жылдыққа жазылу жалғасуда

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
6 айға – 1820 теңге.
облыстық маңызы бар қалалар үшін "Қазпошта" арқылы
6 айға – 2235,25 теңге.
ауыл тұрғындары үшін
6 айға – 2350,40 теңге.

Полугодовая подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
6 месяцев – 1820 тенге.
для города областного значения через "Казпочту"
6 месяцев – 2235,25 тенге.
для сельского населения
6 месяцев – 2350,40 тенге.

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ВЕБИНАР

БАСПАСӨЗДЕГІ СӨЗ БОСТАНДЫҒЫ

Бұқаралық ақпарат күніне байланысты «Түркі тілдес журналистер қоры» ұйымдастырған вебинар өтті. Журналистердің біліктілігін арттыру мақсатында жобаны Нәзия Жоямергенқызы жүргізді. Түркияның тәжірбиелі тілшісі Ибрахим Ердоған «Әлеуметтік журналистика: БАҚ-тағы әлеуметтік мәселелер» туралы сөз қозғады. Вебинарға Қазақстанның түкпір-түкпірінен 100 журналист қатысты.

Журналист адамдарды ақпаратпен қамтамасыз ететін тұлға болғандықтан, Түркияда журналистикаға түскен студенттерге «журналистика негіздері» туралы пән міндетті түрде оқытылатын көрінеді. Түркия еліндегі журналистика саласы жайлы мәліметті алға тартқан Ибрахим Ердоған: *«Жарияланған, жарияланатын мақалаға дәлелдеме беруге міндеттіміз. Әсіресе, сюжет берген кезде дәлелді басты назарға алған жөн. Белгілі бір мекеме немесе кәсіпкерге, жай қарапайым адамға айып тағар кезде дәлелдейтін құжат міндетті түрде қарастырылу керек. «Репортеры без границ» зерттеу жобасы бойынша 180 мемлекеттің 4/3 бөлігінде сөз бостандығы толығымен немесе жартылай жоқ екен. Түркия елі 153 орында. Ата заңымызда цензура туралы заң айтылса, іс жүзінде іске аспай тұр. Яғни, 20 жылдан бері билік тарапынан қысым түскендіктен қазіргі таңда журналистердің 80 пайызы үкіметті жақтаса, 20 пайызы оппозициялық журналистер. Сонымен қатар қаржылық қиыншылықтың орын алуына байланысты жергілікті газет саны бес жыл бұрын 2176 болса, қазіргі таңда 700-ге дейін азайған. Жарнаманың аздығы, жоғарғы билік өкілдерінен көмектің келмеуі және басты мәселе интернет сайттардың пайда болуы себеп болып тұр. Әлем бойынша сенуге болмайтын мамандық иелері саясаткер және журналист»,* – деген Ибрахим мырза Түркиядағы сөз бостандығы басты мәселе болып табылатынын да атап өтті.

Түркияда 2020 жылы 222 журналист түрмеге қамалса, 128 журналиске қатысты қылмыстық іс қозғалған. 274 журналист сотқа тартылған, 101 журналистің үстінен қылмыстық іс қозғалған. Қазір 43 журналист түрмеде отырған көрінеді.

Ал, 2021 жылдың алғашқы үш айында 20 журналисті түрмеге қамау туралы үкім шыққан. Бұлардың көбіне саяси тұрғыдан айып тағылған.

Негізі демократиялық құндылық пен баспасөз бостандығы егіз ұғым ретінде қарастырылу керек. Интернет журналистика туралы заң күшіне енбегендіктен, интернет журналистикасының даму салдарынан қорқытушы, неше түрлі бассыздық көбейген. Себебі, ниеті теріс адамдар 100 лираға домен сатып алып, сайт ашып, біреулерді қаралау, қорқыту мақсатының көбейген.

Бір қызығы Түркия елінде, шенеунік, әкімдер тіпті Президент журналистке Алғыс хат және сыйақы бере алмайды. Тек арнайы журналистикаға қатысты қоғамды қорлар немесе жеке меншік компаниялар ғана бере алады.

Сөз соңында тәжірбиелі тілші Ибрахим Ердоған вебинарға қатысқан 100 журналисті қыркүйек айында Бурса қаласында күтетін айтты.

Ардагүл ҚҰСЫМАНҚЫЗЫ

САЙЛАУ-2021

ДАЙЫНДЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛДЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 113-3-бабына сәйкес 2021 жылғы 25 шілдеде ауылдық округ әкімдерін сайлау өтеді.

Сайлау науқаны Алматы облысының 71 округінде өтеді. Ақсу ауданы бойынша 9, Алакөл ауданында 8, Балқаш ауданында 6, Еңбекшіқазақ ауданында 10, Ескелді ауданында 1, Жамбыл ауданында 2, Іле ауданында 1, Қарасай ауданында 1, Қаратал ауданында 2, Кеген ауданында 5, Кербұлақ ауданында 4, Көксу ауданында 4, Панфилов ауданында 4, Сарқан ауданында 3, Талғар ауданында 4, Ұйғыр ауданында 6, Текелі қаласында 1 әкім сайланатын болады. Райымбек ауданында, Талдықорған және Текелі қалаларында бос округтердің болмауына байланысты ауылдық округ әкімдерін сайлау өткізілмейді.

2021 жылғы 25 маусымда облыстың аумақтық сайлау комиссиялары 71 ауылдық округте сайлау өтетінін белгіледі. Сайлау округтерін тағайындау, құру туралы ақпарат, сайлауды әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары аудандар мен қалалар әкімдіктерінің сайттарында орналастырылып, жергілікті БАҚ-та жарияланатын болады.

Сайлауда барлығы 17 аумақтық және 198 учаскелік сайлау комиссиясы, сайлау комиссияларының 1451 мүшесі жұмыс істейді. Сайлаушылар саны 222 мыңнан астам адамды құрайды.

26 маусымнан бастап әкімдікке кандидаттар ұсыну басталды. Ұсыну құқығы саяси партияларға, азаматтарға, өзін-өзі ұсыну жолымен, сондай-ақ ұсыну мерзімі аяқталған күні екіден кем кандидат ұсынылған жағдайда аудандар мен қалалар әкімдеріне тиесілі.

30 маусымдағы жағдай бойынша 20 кандидат ұсынылды. Олардың барлығы өзін-өзі ұсынды.

Депутаттыққа кандидаттарды ұсыну 2021 жылғы 9 шілдеге дейін жалғасады.

Сайлауға дайындық жұмыстары жалғасуда.



ОБЛЫСТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

АКЦИЯ

ЖОО СТУДЕНТТЕРІНЕ жеңілдіктер беріледі

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРІ А.АЙМАҒАМБЕТОВТІҢ ТАПСЫРМАСЫ БОЙЫНША ЖОО СТУДЕНТТЕРІ АРАСЫНДА ВАКЦИНАЦИЯНЫ ҚОЛДАУ АКЦИЯСЫН БАСТАЙДЫ.

Баспасөз қызметінің мәліметінше, COVID–19 індетіне қарсы екпе алған студенттер жоғары оқу орындарының мүмкіндіктеріне байланысты оқуға, жатақханаларда тұруға жеңілдіктер алып, түрлі сыйлықтарға ие болады. Тек студенттер ғана емес, сонымен қатар жоғары оқу орындарының екпе салдырған оқытушылары да материалдық ынталандыруға ие болады. «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Абай атындағы ҚазҰПУ, Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ, М. Әуезов атындағы ОҚУ, М. Өтемісов атындағы БҚУ, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті вакцинациялауды қолдау бойынша акцияларды бастап кетті.

Бірқатар жоғары оқу орнының студенттері үшін оқуға, жатақханаларда тұруға жеңілдіктер, сауықтыру шипажайларына тегін жолдамалар, тегін тамақтану және қоғамдық көлікті пайдалану талондары қарастырылған.

Сондай-ақ жоғары оқу орындары вакцинацияланған студенттер үшін шет тілдері, компьютерлік сауаттылық және кәсіпкерлік дағдыларды дамытатын тегін курстар ұйымдастыруды жоспарлап отыр. Сонымен қатар екпе салдырған кейбір университеттердің студенттері фитнес залдарына, бассейнге, театрға, кинотеатрға және концерттерге тегін бара алады» делінген хабарламада. Аталған жоғары оқу орындарының оқытушылары да назардан тыс қалмады.

Вакцинацияланған оқытушылар қосымша ақы немесе ақылы демалыс алады.

«Министрдің тапсырмасы бойынша жоғары оқу орындары студенттер мен оқытушыларды вакцинациялауға шақырып, ынталандыру бойынша шаралар қабылдап жатыр. Бұл акция біздің азаматтардың санасын оятуға көмектеседі деп сенеміз. Біз бірлесе отырып, қауіпті вирусты жеңе аламыз және карантин мүмкіндігінше тез аяқталады деп үміттенеміз. Басқа жоғары оқу орындарын да вакцинацияны қолдау үшін ынталандыру шараларын ұйымдастыруға шақырамыз. Себебі бұл коронавирустың таралуын тоқтатудың жалғыз жолы», – деп атап өтті Білім және ғылым вице-министрі Қуаныш Ерғалиев.

NEGE. KZ.

МАМАН ПІКІРІ

ВАКЦИНА қаншалықты қорғайды?

Қазір ел ішінде коронавирус жұқтырып, аурудан жазылған адамға вакцина салуға бола ма? –дегендер көбейді. Осыған қатысты Қазақстан профилактикалық медицина академиясының президенті Алмаз Шарман былай жауап береді.

Оның сөзінше, адам ағзасы үшін антиденелер ешқашан көп болмайды.

«*Қазір әлемде вакцинаның шамамен 3 миллиард дозасы салынған. Олардың арасында коронавирус жұқтырып, жазылғандар аз емес. Ауырып шыққандарға вакцина салынса, иммунитет 50 есеге дейін күшейеді, яғни, қорғаныс күші артады. Бір сөзбен айтқанда, нағыз қорғалғандар - ауырып жазылған соң, вакцина салдырғандар*», – деді А. Шарман. Ол соңғы зерттеулерге сәйкес, «дельта» штамы антиденелерге қарамастан жұғуда екендігін айтып вакцина салдыруға кеңес берді.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ИНТИРЕСНО

ВОЗНИКНОВЕНИЯ КАСКИ

Хотелось поделиться информацией о интересном артефакте нашего музея (немецкая каска).

Напоминаю, что на пространствах бывшего советско-германского фронта 1941-1945 годов чаще всего попадаются три основных варианта стальных шлемов немецких войск — образцы 1935-го, 1940-го и 1942-го годов, иначе их обозначают М35, М40 и М42. Конечно нужно отметить и образец М34, также является одним из ценных экспонатов фонда, который зачастую был предназначен для полицейских частей, тыловой.

Предметом нашей статьи является трофей, немецкая каска М40. Но прежде я хочу, опираясь на источники исследователей, окунутся немного вперед и остановиться на немалозначительной истории каски, то есть рассказать предисторию нашего артефакта, проанализировать прародителя защитного головного убора.Так-как история рассказывает, что защитные головные уборы использовались с древности.

Опираясь на сведения «Военно исторического журнала» можно утверждать, что прародителями европейской каски стали древнегреческие и древнеримские защитные головные уборы. Однако не только они. Ещё одним предком каски, и, судя по всему, главным была фетровая шляпа с почти полностью обрезанными полями [1].

Интересный материал был представлен А.Н.Кирпичниковымв работе «Древнерусское оружие», где в результате археологических раскопок Древнерусского государства представлены образцы наголовий.Один из них на рисунке.

Наиболее к древним образцам он относит шлемы конической формы без наносника.По исследованиям он считается, как Гнездовский шлем из кургана X в. откован из двух половин, соединенных одной полосой с двойным. ШлемыСеверной Европы по крайней мере в X в. существенно отличались от гнездовского образца, рядом часто расположенных заклепок. Действительно, конические шлемы известны на юге и востоке СССР по изображениям и находкам последней четверти I тыс.н.э. В свете этих данных гнездовский шлем — один из древнейших конических наголовий в Европе... Возможно, мы имеем здесь памятник, отмечающий путь проникновения азиатских конических шлемов в Европу, где они обрели свою вторую родину - отмечает он [2].

На рисунке шлем Балпық би, полководца, участникавоенных походов исражений близ Аныракая, Аягоза, Таскескена. На выше указанном рисунке так называемый Гнездовский шлем и экспонируемый шлем в зале истории древности и средневековья историко-краеведческого музея им.М.Тынышпаева.

Поэтому можно отметить действительно версия А.Н.Кирпичникова более чем верна, что родиной древних шлемов является Азия.

Я нехочу идеализировать, но при анализе прародителя каски, хотелось отметить этот немаловажный факт по истории шлемов. Также исследователь отмечает, что домонгольские шлемы восходят к древним азиатским образцам, ио связях русских и кипчаков свидетельствуют сферо-конические шлемы XII—XIII вв., обнаруженные на юге Киевской земли.

В рубрике «Кочевники Великой степи» также сообщается - шлемы ордынских воинов были очень разнообразными, но в основном имели сфероконическую форму и использовались с кольчужной бармицей[3].

В работе Боброва Л.А., и Анисимова М.А. «Шлемы казахско-ойратского пограничья из фондов Военно-исторического музея артилерии, инженерных войск и войск связи» также говориться, по результатам исследования шлемов, входяших в состав коллекции восточного оружия ВИМАИВиВС (АВИМАИВиВС. Ф. 2. Оп. Арсенальная. Ед. хр. 1033. Л. 1.,), которая является одной из крупнейших в Российской Федерации и включает в себя около трех тысяч единиц защитного и наступательного вооружения турецкого, иранского, кавказского, арабского, среднеазиатского, монгольского, индийского, китайского и японского производства «Совершенно очевидно, что низкий сфероконический купол шлема выполнен в рамках западноазиатской военно культурной традиции, которая в эпоху позднего Средневековья и раннего Нового времени доминировала во всем мусульманскоммире, а в XVI – первой половине XVII вв. оказывала сильное влияние на эволюцию русского доспеха» [4].

«По своей исторической и художественной ценности они стоят в одном ряду с лучшими образцами боевых и парадных шлемов азиатских воинов эпохи позднего Средневековья и раннего Нового времени» [5]. «Во время монголо-татарского нашествия на Русь, ...ради освобождения от иноземного ига,они перенимали все самое лучшее из тактики, вооружения и снаряжения завоевателей и одним из самых ценных приобретений стал защитный шлем-шишак дулга, который был сделан из кожи. Дулга имел специальные накладки из цветных металлов, несшие не только защитную, и по утверждению исследователей и магическую функцию, оберегая хозяина шлема от воздействия темных сил. Несмотря на внешнюю неказистость, дулга превосходно выполнял возложенные на него обязанности, прекрасно защищая от удара сбоку» [6]. Шишак на Руси стали делать из стали по той же технологии, что и дулгу - цельный полусферический купол с небольшой нашлепкой на темени и прикрепленные к нему стальные листы байданы.

Теперь вернемся к артефакту времен войны (оригинальный в комуфляже, побывавший в бою), который выполнял ту же защитную функцию головы, но конечно видоизмененую. Каской (отиспанского casco-череп) зачастую называют стальной или изготовленный из иных материалов шлем, предназначенный для защиты головы военнослужащего прежде всего от осколков и пуль.Отсюда можно судить, что прародителем каски стал древний шлем наших предков.

Все начиналось с времен Первой мировой войныи касок М16, М17 и М18, стальной шлем возрождаетсявновь.Основными боевыми шлемами немецких солдат на фронтах в 1941 году, как отмечалось выше, были М35 и М40.

Каска 1940 года Вермахта, модернизация шлема М35, в которой вентеляционныеотверстия упрощены, они изготавлены штамповкой, а не в виде отдельных деталей, и за счет изменения состава стали сократилось количество операций и время затрачиваемых на изготовление, эти изменения наверное скорей всего касаются того, что нацистская Германия усиленно готовилась к войне. Эта модель получила наименование М40,аммуниция военного снаряжения, называемая«шлем стальной». Шлем войск «SS (особый отряд охраны) справа и слева наблюдается декали (еле заметный, отпечаток времени) щиток с рунами «SS» (принадлежность к роду войск).

Формаохватывающая голову с конусным назатыльником, овальная в виде цилиндра, прикрывающая уши от удара звуковой волны и осколков а также выступающий козырек придающий определенную

форму шлему. Масса шлема 1,50 кг, примерно на 60 размер головы, толщина листа 1-1,5 мм. На полях с внутренней стороны каски, также имеется выбитые элементы, которые конечно относительно прошедшего времени, более полувека, невозможно разобрать. Края по всему контуру завальцованы вовнутрь. Для крепления на голове шлем оснащен подшлемником состоящего из подпружиненного обруча, из пластмасса, который закреплен к каске тремя большимикнопками-кламерами (по бокам и сзади) и установленным кожзаменителем, который прорезями разделяется на лепестки (10),с отверстиямидля вентиляции, неспецефично для немецкой каскикоричневого цвета, называемая тулейкой, с подбородочнымремешком крепленым к проушинам подшлемника.Это устройство обеспечивает ровную посадку шлема на голове, исключает контакт головы с металлом и по утверждению ученых, испытателей, является упругим элементом, демпфирующим силу ударов осколков, камней по каске.

Нужно отметить, что подшлемник (неродной) укомплектован (в полевых условиях). Наверное эта операция произведена после приобретения каски солдатами советской Армии. Видно, что шлем, перекрашивался, может быть из летнего варианта в зимний или наоборот, потому что на полях с внутренней стороны сильно выражена зеленая окраска, а корпус перекрашен в черный цвет.

Музейный фонд хранит также каски образца 1918, 1934 года. Экспонат относится к основному фонду музея, но к сожалению история его неизвестна. На данный момент артефакт аходиться в фондах музея.

Литература.
1. (Научнаяэлектронная библиотека http:www.elibrary.ru)
2.А.Н.Кирпичников «Древнерусское оружие»Л.: Наука, 1966—1971.— Вып. 1—3. (Переизд.: М.: Альфарет, 2006.)
3. Рубрика «Кочевники Великой степи».
4. Бобров Л.А., Анисимов М.А. «Шлемы казахско-ойратского пограничья из фондов Военно-исторического музея артилерии, инженерных войск и войск связи». Война и оружие: Новые исследования и материалы. Труды Третьей международной научно-практической конференции 15-17 мая 2013 г. СПб., 2013. Ч. I. С. 259-274. 265 стр
5. там же 273 стр.
6. Монгольский подарок - предок каски.29 октября 2019 (интернет ресурсы).

ЕСЕНБАЕВА Р.,
С.н.с. историко-краеведческого музея

СУДЕБНАЯ СИСТЕМА

ЗАКОНОДАТЕЛЬНО ЗАКРЕПЛЕННЫЕ ГАРАНТИИ

В РАЗВИТИИ КОНСТИТУЦИОННЫХ ПОЛОЖЕНИЙ СТАТЬИ 15 ГРАЖДАНСКОГО ПРОЦЕССУАЛЬНОГО КОДЕКСА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ЗАКРЕПЛЯЕТ СОСТЯЗАТЕЛЬНОСТЬ РАВНОПРАВИЕ СТОРОН В КАЧЕСТВЕ ОСНОВОПОЛАГАЮЩИХ ПРИНЦИПОВ ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ ПРАВОСУДИЯ ПО ГРАЖДАНСКИМ ДЕЛАМ.

По своей правовой природе принцип процессуального равноправия является законодательно закрепленной гарантией справедливого судебного разбирательства и заключается в предоставлении процессуальным законодательством сторонам равных возможностей для отстаивания своих субъективных прав и законных интересов. То есть предоставляя одной стороне конкретные процессуальные права, закон наделяет аналогичными правами и другую сторону.

Например, истец вправе изменить основание или предмет иска, размер исковых требований или отказаться от него. Ответчик вправе признать иск полностью или частично, либо возражать против предъявленных к нему требований.

Процессуальный принцип равноправия сторон опосредованно связан с гражданским законодательством и его положениями о равенстве участников гражданских правоотношений, неприкосновенности собственности, свободе договора, недопустимости произвольного вмешательства кого либо в частные дела, беспрепятственном осуществлении гражданских прав, обеспечении восстановления гражданских прав их судебной защите.

Соблюдение этого принципа актуально при рассмотрении споров между субъектами частного бизнеса и государственными органами. Особенно остро эта проблема возникает по налоговым, экологическим спорам, когда оспариваются большие денежные суммы. В этих случаях в ходе судебного заседания представители госорганов аргументируют свои доводы защитой государственных интересов и необходимостью поступления этих сумм в бюджет страны.

Судьи должны выносить решения, основанное на Конституции, на действующем праве, что гарантирует осуществление такого уровня правосудия, который является признаком и непременным качеством правового государства. И это будет со стороны судейского корпуса реальной защитой государственных интересов, интересов бизнеса и всего гражданского общества. Принятие любого неправосудного решения, в том числе и при рассмотрении гражданских дел указанной категории, может не только вести к утрате доверия к судебной власти, но и создать напряженность в отношениях между госорганами и бизнесом, государством и гражданским обществом.

Именно поэтому конституционные принципы независимости и подчинения только Конституции и закону должны являться приоритетными при разрешении в судах указанных выше споров.

А. АБДРАХМАНОВ,
Судья СМЭС Алматинской области

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МӘСЕЛЕ

АВТОЖОЛ ЖӘНЕ ҚАСҚАЛДАҚТЫҢ

«ҚАЙДА БАРСАҢДА ҚОРҚЫТТЫҢ КӨРІ» ДЕГЕНДЕЙ, РЕСПУБЛИКАЛЫҚ, ОБЛЫС АРАЛЫҚ ЖОЛДАРДЫҢ САПАСЫ СЫН КӨТЕРМЕЙТІНІ ТУРАЛЫ БҰҒАН ДЕЙІН ДЕ ЖАЗҒАНБЫЗ. МӘСЕЛЕН, КЕРБҰЛАҚ ПЕН ПАНФИЛОВ АУДАНДАРЫНА ҚАТЫНАЙТЫН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР КҮРЕ ЖОЛДЫҢ МҰҢЫН ДА, ЖЫРЫН ДА, БАЯНДАҒАНБЫЗ.

Енді, міне, облыс аралық маңызы бар Қаратал ауданындағы Бәйшегір, Көпбірлік ауылына қатынайтын жолдың сапасы сын көтермейтіні туралы бейне үндеу жасап, сапасыз жолға облыс әкімі Амандық Баталовтың өзі бақылауға алуын өтінеді. Одан бөлек ауылдағы ауыз суға қасқалдақтың қанындай зәру болғандарын, өркениет елінен жырақта қалғандарын айтуда.

«Желге ұшып жатқан мемлекеттің қайран қаржысы» деген, құм үстіне асфальт төсеп жатқан, облыстық жолаушы көлігі және автомобиль жолдары басқармасына қарата сын айтқан ауыл тұрғындары. Айдақ-сайдақ, ойлы-шұңқыр жолдың азабын тартқандар, бүйрегіміз түсті, бауырымыз істі, облыс орталығы Талдықорғанды есептемегенде Қараталдан Көпбірлікке дейін үш-төрт сағатта жолдың азабын тартып әрең келетіндерін айтуда. Бұл бірінші рет көтеріліп тұрған ағай-шу емес. Кенен Әзірбаевтың «Базар, Назар» әніне салған, Көпбірліктердің күре жол мен ауыз су туралы шерлерімен қайғы қасыретін тыңдасаң, сай сүйегің сырқырайды.

Жолды дұрыс салыңдар Көпбірлікке,
ой, дүние-ай,
Бүйрегіміз түсті ғой, секіріп те
ой, дүние-ай,
Естірмекен Амандық әкіміміз
ой, дүние-ай,
Ауыл болып зарласақ өкіріп те
ой, дүние-ай.
Ахай дүние-ай,
Көрсек, сізді-ай,
Қандай күйге,
Салдың бізді-ай.
Күре жолға зарықтырдың,
Ауыз суға тарықтырдың.
Құмдағы елді құса қылып,
Қысыр сөзге қарық қылдың ой, дүние-ай, – деп, зарлаған ауыл жұрты жолдың сапасын, қолдарына күрек алып өздері тексеріп жүр.

Әлқисса, әңгімені әріден таратып айтсақ, салынып жатқан жолдың сапасы сын көтермейді деген ауыл жолы Алмалы мен Көпбірлік арасындағы 28 шақырым жайлы болып тұр. Бұл туралы облыстық «Жетісу», республикалық «Жас Алаш» басылымдарында мақалалар жарық көрді. Тіпті, облыстың бас газеті бұл жол туралы зерттеу жасағандарын мақалада жариялаған болатын. Сын садағына ілінгеннен кейін кемшіліктері анықталған жол салушылар жолға тас төгіп іске кіріскен-ді. Алайда, күре жолды үнемі бақылауда ұстап отырған ауыл тұрғындары, жол салушылар көз бояушылыққа баруда деп қайтадан дабыл қағуда. Жол сапасын видеоға түсіріп, оның қалыңдығы 2 сантиметрден аспайды. «Біз жол жөндеу жұмыстарына 1 млрд. теңге қаражат бөлінгенін анықтадық» дейді. «Жас Алаш» газетінің №52 29 маусымда жарық көрген «Жол азабы азая ма?» атты мақалада жол салушылар жол төсемінің жұқа қабатын тікелей құмға төсеп жатыр және оның қалыңдығы 2-сантиметрден аспайды деп күрекпен құмды жолды қазып көрсеткен видеолары әлем желіге тарады.

Біз осы істің анық-қанығына көз жеткізу мақсатында «Алматы облысының жолаушы көлігі және Автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесі басқарма басшысының орынбасары Серік Зейнноллаұлына жолығып, ауыл тұрғындарының наразылығы туралы ой-пікірін білдік.

«*Былтыр құмға қиыршық тас цемент бетон қосып, жасағанбыз. Оған 409 миллиондай қаржы жұмсадық. 28 шақырымның барлығына қиыршық тас төселіп, цементпен бетондалып құйылды. Биыл сол қатқан цементтің үстіне асфальт төсеп жатырмыз. Асфальттің қалыңдығы 4 сантиметр*», – дейді ол.

Бас маман Айдос Досжановтың айтуынша жұмыстарды толығымен аяқтау үшін қаражат жеткіліксіз болып тұр. «*Былтыр ғана тегістеу жұмыстары жүргізіліп, тас, бетон бәрі төселді. Халықтың дүрлігуі орынсыз. Себебі, Қаратал ауданына қарасты Қожбан ауылын дәл осы тәсілмен жасалған болатын. Үштөбемен Көпбірлік арасындағы 175 километр жол бесінші санатқа жатады. Көліктер ағынының аздығына байланысты 4,5 см асфальт төселуде. Біз ештеңені ойдан шығармаймыз. Заңда категорияда жазылған. Бізді «Жол сапа» орталығы ай сайын бақылауда ұстап тексеріп тұрады. 200 млн. теңгеге сұраныс бойынша өтініш дайындап қойдық. Негізі жол 2019 жылы басталған, 2021 жылы аяқталу керек болған. Егер 200 млн. теңге бөлінсе, биыл бітіреміз*» – деген ол алдыңғы жылы Көпбірлік халқының өтінішіне сәйкес министрлік пен комитетке хат жазғандарын, аталған жобалық сметаға түзету мен өзгерту енгізіп, асфальт қоспасын қосып беруді өтінгендерін айтты. «*Биылғы жылы, асфальт қосындысы халықтың өтінішімен салынуда. Ал, екі көлік қатар сыймайды деген әңгімеге келсек, мұнда, мемлекеттік сараптаманы министрлік пен комитет береді. Ол көлік ағынына байланысты*».

Зерттеу кезінде Бәйшегір мен Көпбірлікке баратын көлік ағыны күніне 65 көлік. Соған сәйкес, жолдың ені төрт жарым болып салынды. Екі көлік емін-еркін сыяды. «Сапа жол орталығы» келісім шарт бойынша нысанды көріп тұрады. Барып, сынақ жұмыстарын өткізеді. Олардың өздерінің зертханасы бар. Бұл жұмысты атқарып жатқан мердігер «Талдықорған жолдары» компаниясы. Аяқталу мерзімі осы жылға жоспарланған. Егер 200 миллион қаражатты осы кезекті мәселихаттың отырысында қаралып, қаражат бөлінген жағдайда мерзімді уақытында аяқталады. Қаражат бөлінбесе, келер жылға қалады. Бұл жол негізі 2019 жылы басталған. 2020 жылы бітіру жоспарланған. Сөз басында айтқандай, ауыл тұрғындарының өтінішіне сәйкес қосымша жобалық сметаға өзгерістер енгізілген.

«Домбырам менің не дейді, қобызын сенің не дейді» дегендей, ауыл тұрғындары мен «Алматы облысының жолаушы көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесі берген мәліметке сәйкес келмейді. Жұма күні арнайы журналистерді апарып көрсететін боламыз, бірге жүріңіз деді. Былтырғы жылы да ақпарат құралдарын шулатып, дау-дамайы министрлікке дейін жеткен жолдың жыры қиса-дастанға айналатын түрі бар. Себебі ауыл тұрғындары құм астында еш нәрсе төселмеген десе, жолға жауапты мекеме бәрі талапқа сай-деп екіге жарылып тұр. Енді, бір гәп, 2-шілде күні ауыл тұрғындарымен «Алматы облысы жолаушы көлігі және Автомобиль жолдары басқармасы» және жол салып жатқан «Талдықорған жолдары компаниясы» мен ақпарат

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚАНЫНА АЙНАЛҒАН АУЫЗ СУ

құралдары бас қосқан рейдте істің шын өтірігі айқындалатын болады.

Біз төменде жолға қатысты «Алматы облсының жолаушы көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесі берген мәліметті қоса жариялауды жөн көрдік.

«Үштөбе - Алматы - Көпбірлік» автомобиль жолдарының 147,26 – 175,45 км бойынша «Үштөбе -Алматы - Көпбірлік» автомобиль жолдарының 147,26 – 175,45 км – V-техникалық санатқа жатады.

(Жалпы ұзындығы – 28,2 км, жабынының ені – 4,5 м. Жиегінің ені- 1,75 м.)

Алматы облысы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы «Үштөбе - Алматы - Көпбірлік» автомобиль жолдарының 147,26 – 175,45 км бойынша 2019 жылы орташа жөндеуге техникалық құжаттама әзірледі.

2020 жылдан бастап, Көпбірлік және Бәйшегір ауылдарының арасындағы 147,26 км – 175,45 км аралығын орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Бас мердігер: «Талдықорған жолдары» фирмасы.

Жобалаушы ұйым: «Проектдорстрой» ЖШС.

Техникалық құжаттама мемлекеттік сараптамадан оң қорытындыға ие болып, жөндеу жұмыстары техникалық құжаттамаға сәйкес жүргізілуде.

Негізінің құрылымы Ресайклирлеу тәсілімен құм-қиыршақ тас қоспасынан.

Нысан басталатын көпір алдындағы 147-км-ге жөндеу жұмыстарын жүргізуге қажетті материалдар жеткізілген және күні бүгінге дейін тасымалдануда.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитетінің «Жол активтері сапасы ұлттық орталығының» Алматы облыстық филиалы өкілдері материалдар сапасын жүйелі түрде тексеріп отырады.

КОВИД-19 короновирус індетінің әсерінен туындаған карантиндік режімге және 2020 жылғы 16 наурыздан бастап 11 мамырға дейінгі кезеңде Қазақстан Республикасы аумағында коронавирус инфекциясының таралуына байланысты «төтенше жағдай режімін енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 15 наурыздағы №285, 2020 жылғы 29 сәуірдегі №310 Жарлықтарына байланысты жұмыстар тоқтатылып, іске асыру мерзімі ұзартылған болатын.

«2019 жылғы әзірленген техникалық құжаттамасына қиыршақ тас пен құм негізінде асфальт жабынын төсеу туралы» 2020 жылғы Қаратал ауданы әкімдігінің хатының және Көпбірлік ауылы тұрғындарының арызы негізінде жұртшылықпен бірнеше рет жиындар өткізіліп, Жетісу өлкесінің қоғамдық саяси газеттерінде мақалалар басылды. Жоғарыда баяндалғанның негізінде 2020 жылы 2019 жылы әзірленген техникалық құжаттамаға өзгерістер енгізілді. Техникалық құжаттаманы түзету нәтижесінде ол қайтадан мемлекеттік сараптамадан өтіп, 381 534,498 мың теңге сметалық құнымен оң қорытындыға ие болды.

Қазіргі уақытта асфальт бетон жабынын төсеу жұмыстары жүргізілуде. Жұмыстың аяқталу мерзімі үстіміздегі жылдың қараша айының соңына белгіленген. 2021 жылға белгіленген сома 182 164,007 мың теңге.

Жөндеу жұмыстарын толығымен аяқтап шығу үшін қосымша 200 млн. теңгедей қажет етіледі. Бұл мәселе басқарманың бақылауында.

2019 жылғы техникалық құжаттама сомасы: 351,8 млн.теңге.

ХБМС-тан асфальт бетон жабынының қалыңдығын 4 см-ге төсеу жөніндегі техникалық құжаттаманың құны – 381 534, 498 мын теңге.

Жобаның жалпы құны: 732,6 млн. теңге.

Сондай-ақ, басқарма үстіміздегі жылы жоғарыда аталған автомобиль жолының 146-км-дегі көпірді күрделі жөндеудің 8395,2 мың теңге сомасындағы жобалық сметалық құжаттамасын әзірлеу үстінде екенін айта кету керек.

Аталған жұмыстардың жобалаушылары «Қазақпромтранспроект» ЖШС болып табылады.

Мұның сыртында үстіміздегі жылы «Үштөбе – Алматы - Көпбірлік» автомобиль жолдарының 5 – 35-км-не жалпы ұзындығы 30 км жолға жалпы сомасы 2880,7 мын теңгені құрайтын орташа жөндеу жұмыстарын жүргізуге техникалық құжаттама әзірлеуге конкурс жарияланды.

Неге екенін қайдам, Көпбірлікке 2-ші шілде күні ақпарат құралдарының өкілдерін апарамыз деген. Алайда, Алматы облысы жолаушы көлігі және Автомобиль жолдары басқармасы 1-ші шілде күні аяқасты жолға шығыпты. Алдын- ала бізге жеткен ақпарат бойынша, Көпбірлікке облыс әкімі Амандық Баталов баратын болыпты деген ұзын құлақтың хабары жеткен-ді. Содан болар «Сасқан үйрек артымен сүңгиді» дегендей, бір күн бұрын жүгірген жол мекемесі бізге берген ақпаратында ауыл халқының дүрлігуі орынсыз-деген-ді. Алайда, жол сапасына қатысты 10 бірдей кемшілікті ауыл халқы дәлелдеп беріпті. Оны сонда барған әріптестеріміз хабарлады. Ал, құм бетіне асфальт төселіп жатыр деген ақпаратты арнайы комисия тексермекші. Тек содан кейін ғана тиісті қорытынды жасалады. Сонда, ауыл халқының дүрлігуі орынсыз деген «Алматы облысы жолаушы көлігі және Автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «*Бізді ай сайын «Сапа жол орталығы» келісім шарт бойынша нысанды барып көріп, тексеріп тұрады*» деген ақпараттың өзі жалған болып шыққаны ма? Егер тексеріп тұрғандары рас болса, ауыл халқы көрсетіп берген 10 бірдей кемшілікті «Сапа жол орталығы» неге анықтамаған?! Әлде, «қарға – қарғаның көзін шұқымайды» деген тәмсілге салынып кемшіліктерге көзжұмбайлықпен қарады ма екен. Әгәрәки, құм үстіне асфальт төселіп жатыр деп көреген көздердің айтқаны шындыққа айналса, кімді Алдаркөсе дейміз.?!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев, мемлекет қаржысы тиімді жұмалуы тиіс, талан-таржаға түспесін деп ұдайы айтылып келеді. Егер, Көпбірлік ауылының тұрғындары дау-дамай шығармай, үнсіз қалса, бұған дейін де болған кемшіліктер және бүгінгі 1-шілдедегі жолға қатысты 10 кемшілікке жол салушылар мен бақылаушылар елеп-ескермей қала берсе, не болмақ. Міндетті түрде ауыл тұрғындары араласуы керек пе? Ауылдан шығатын 8 шақырым жолға шағыл бетон төселмеген деп ел шулап отыр.

Қызылбалық ауылдық округіне қарасты Көпбірлік ауылының тағы бір мұңы – ауыз су. 188 үй, 925 адам тұратын елдімекенге 2010-2013 жылдары 108 миллионға су тартылған. Әу, баста ауылға су келді деп, қуанып, үйді-үйге тартып алған көпірліктердің қуанышы ұзаққа бармапты. Себебі, ауылға тартылған судың сапасы сын көтермейді. Ащы судың көзіне қондырғы қойып, фильтр арқылы сүзгіден өтетін су, халық қажетіне жарамай қалған. «Бақсам бақа екен» демекші, ауылға тартылған ащы судың қондырғысына орналасқан фильтрді екі ай ай сайын ауыстырып тұру қажет екен. «*Фильтрлерді АҚШ, Арап және Қытай мемлекеттерінің өнімі деп үшке бөлсек , ең арзаны қытайдікі. Оның бір данасының өзі төрт мың теңгеден астам баға тұрады*», – дейді аудан әкімінің орынбасары Ермек Омаров.

Бір ғана Көпбірлікке қойылған қондырғыда 6 фильтр бар, енді оның әрқайсына 4 жүз 75 мыңнан есептей беріңіз. Егер қойылған қондырғының талабына сай екі ай сайын ауыстыруды ескерсек, қаншама қаражат шығындалады. Ал, оны ауыл тұрғындарының қалтасы көтермейді. Ал, мемлекет қайта-қайта ақша бөле бермейді. Онсызда ауыл әкімінің айтуынша, қондырғылардың фильтрі 2015-2018 жылдары ауыстырылыпты. Одан бөлек, оған қосатын түрлі химиялық затарды есептесеңіз, аудан бюджетіне әжептеуір салмақ салуда. Бұл бір ғана Көпбірлік аулына ғана тән мәселе емес маңайындағы ауылдардың да бас ауруына айналған Әу баста бұл системаны түсінбеген жергілікті билік енді бастарын шайқап, сандарын соғып отыр. Әлгі «Ақбұлақ» бағдарламасының аясында жұмсалған мемлекеттің қаржысы желге ұшты деген сөз. Қондырғы арқылы ауыз суға жарымадық, ащ су қайнаған шәугімінің түбін теседі-дейді, ауыл тұрғындары. Кезінде ауылға ауыз су тартыларда, жіті зерттеу жүргізілмегендіктен, XIX ғасырға қайта оралған ауылдықтар қазір құдықтан көнекпен су тартып ішіп, баяғы таз кепештерін қайта киіпті. Енді аудан әкімдігі ЖШС «Abiroy group» қондырғылардың фильтірін ауыстыруға қыруар қаржы бөлуде. Сондай-ақ, ЖШС «Казгидробурпроепен» жер асты суына барлаудың жобасын жасап, тәтті су көздерін зертеу үшін мемлекеттен тағыда қаржы сұрамақ. Сонда кім ұтты, кім ұтылды. Өзін-өзі ақтамаған бұл су қоныдырғыларын қоятын кезде, жері құм, сор, суы ащы екенін біле тұра, неге көзжұмбайлыққа барғандарын ауыл халқы түсінбей дал долуда. «*Қондырғыдағы фильтрлер ауыспаған жағдайда, оларды химиялық тәсілмен жуып-шайып қайта салған боламыз, сонда елу тонна судың 20 тоннасы таза суға қалған 30 тоннасы отхотқа кетеді*», – дейді Қызылбалық ауылдық окургінің әкімі Мақсат Төлегенов.

Жолының жыры бітпей, ауыз суы Қасқалдақтың қанындай қат дүниеге айналған ауылдың күйі міне осындай. Бұл бір ғана Қаратал ауданында болып тұрған жағдай емес, Алматы облысының Алматы қаласы іргесіндегі және шалғай аудандарда әлі күнге дейін қалыпқа келмеген жол, ауыз су, мектеп мәселелері жиі айтып та, жазылып та, ауыл тұрғындары даурығып эфирлерге жиі шығып тұратын, әрі жергілікті биліктегілердің тынысын тарылтатын тұмаудай, табандарына қадалған тіккендей, бадырайып тұратын болды. Әйтпесе, ауылға қыруар қаржы шығарып су тартып, енді бұл жарамыз екен, тәтті су көздерін іздеу керек деп тағы да мемлекетке алақан жайып, жылу сұраған шенділер кімнің мүддесін ойлап жүр?!

Айтақын МҰХАМАДИ

МЕМБРАННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ, С.А.

• ТОО Мембранные технологии, С.А. • Казахстан • Алматы • пос. Алатау, ул. Ибрагимова 9 СЭЗ "ПИТ"
• тел/факс 8 (727) 3941812 • 3941813 • E-mail: almof@itte.kz • www.mtca.kz •

Сертификат соответствия СТ РК ИСО 9001-2009 № KZ 7500305 КСС № 0003296

The International certification Network Certificate ISO 9001:2008

Акиму Кызылбалыкского сельского округа
Каратальского района
Алматинской области

В июне этого года сотрудниками нашей фирмы проведена ревизия оборудования ЛСО с,Копбирлик. Фактический состав исходной воды на сегодняшний день не соответствует анализу, представленному при заключении контракта. В связи с тем, что в пробе исходной воды, обнаружено двухвалентное железо, в 10 раз превышающее допустимые нормы, необходимо внести изменения в существующую технологию очистки воды:

1. Для окисления железа необходимо установить компрессор на скважине – для подачи воздуха.
2. Заменить обратноосмотические элементы в количестве 6 шт.
3. Заменить картриджный фильтр на мешочный.
4. Заменить емкость хим.промывки 500л на большую - 1000л.
5. Провести монтаж оборудования и переобвязку технологических трубопроводов.
6. Разработать новую программу работы и произвести перепрограммирование блока управления станции очистки воды.

Стоимость комплектующих агрегатов и деталей 3,295 млн.тенге.
Стоимость работ 0,7 млн.тенге.

Итого 3,995 млн.тенге.

Приложение: анализ воды от 21.07.2014г

А.Цхай,

Директор ТОО «Мембранные технологии С.А.»

Исп.Прятко Е.Ю.
259-83-74
21.08.14

«ABIROY GROUP» ЖШС
Қазақстан Республикасы,
050035, Нұр-Сұлтан қаласы,
Алматы ауданы, т.ұ.а.
Оңтүстік-Шығыс (оң жағы)
Қарөөткел Қазақ Ауылы,
Қосалқа тұйық көшесі, 30Б ү
+7 778 178 36 51
БСН 110840008978
info@abiroygroup.kz

ABIROY GROUP
BEST WATER TECHNOLOGY

ТОО «ABIROY GROUP»
Республика Казахстан,
050035 г. Нур-Султан,
район Алматы, ж.м.
Казахский Аул Карөөткел
(правая сторона ж.м. Юго-Восток) пер. Косалка, д. 30Б
+7 778 178 36 51
БИН 110840008978
info@abiroygroup.kz

Исх. № П-241
Дата 25.05.2021 г.
Кому: Каратальский район Алматинской области.

КОММЕРЧЕСКОЕ ПРЕДЛОЖЕНИЕ

В ответ на Ваш запрос отправляем следующее коммерческое предложение:

№	Наименование	Количество	Ед.изм.	Цена за ед.	Итого:
	Товары				
1	Мембраны China Rano	10	шт.	250 000	2500000
2	Мешочный фильтр	20	шт.	6 000	120 000
3	Лимонная кислота	100	кг	850	85 000
4	Трилон Б	100	кг	2 350	235 000
5	Триполифосфат	100	кг	750	75 000
6	ИОМС	100	кг	1 275	127 500
					3142500
	Услуги				
1	Доставка	1	усл.		300000
2	Сервисное обслуживание (замена мембран, замена сменных элементов фильтров тонкой очистки, настройка хим. промывки, комплексная проверка системы ЛСО, устранение дефектов «обвязки», настройка оборудования)	1	усл.		3057200
	ВСЕГО:				6.200.000

Дополнительно:

1. Цена указана без НДС.
2. Цена действительна в течение 3 дней, в дальнейшем цены требуют подтверждения.
3. Цена за поставляемое оборудование может меняться как в сторону увеличения, так и в сторону уменьшения в зависимости от комплектации всего оборудования и услуг.
4. Ориентировочный срок поставки 1-3 месяца.
5. Гарантийные обязательства – 12 месяцев со дня пуско-наладки (гарантия не распространяется на сменные элементы, т.к. картриджи, мембраны и т.п.).

Директор ТОО «ABIROY GROUP»
Асанбердиев Ерлан Муханбетович

ТОО ABIROY GROUP ЖСШ

Исп:
Менеджер проекта
Рахимбаев Шалқар +7 (778) 178 3651

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СУДЕБНАЯ СИСТЕМА

МЕДИАЦИЯ

С 01 января 2016 года на законодательном уровне путем включения в новый Гражданский процессуальный кодекс, действует судебная медиация.Судебная медиация – примирительная процедура урегулирования спора (конфликта) между сторонами судебного процесса при содействии судьи, осуществляющего примирительные процедуры, медиация – форма внесудебного разрешения споров с помощью третьей нейтральной, беспристрастной стороны – медиатора. Во время процедуры медиации стороны, участвующие в конфликте, самостоятельно приходят к взаимовыгодному решению, опираясь на опыт, знания и умения медиатора. Разрешение споров полностью зависит от воли самих спорящих. Особенностями медиации является то, что процедура гибкая, неофициальная и неформальная. В медиации не выясняется кто прав, а кто виновен. Основная цель медиации – конструктивный поиск решений возникших противоречий. Внедрение медиативных форм разрешения споров окажет позитивное воздействие на судебную систему.

Порядок и процедура проведения медиации, установленные статьями 179-180 ГПК РК, соглашение об урегулировании спора (конфликта) в порядке медиации может быть заявлено сторонами в судах первой, апелляционной и кассационной инстанции. При проведении судебной медиации, передача дела в производство другого судьи не обязательна, по ходатайству сторон процедуру медиации может провести и судья, в производстве которого находится дело, тем самым стороны экономят свое время и время суда. Судья, осуществляющий примирительные процедуры, при проведении судебной медиации руководствуется нормами, установленными Законом «О медиации» и ГПК. Соглашение об урегулировании спора (конфликта), достигнутое сторонами медиации при проведении примирительных процедур, заключается в письменной форме и подписывается сторонами. При достижении сторонами соглашения об урегулировании спора (конфликта) в порядке судебной медиации судья, в производстве которого находится дело, выносит определение, постановление о его утверждении и прекращении производства по делу.

При этом, государственная пошлина оплаченная сторонами возвращается им из бюджета. Таким образом, медиация минимизирует нравственные и материальные потери сторон связанные с произошедшим конфликтом (спором).

Асель КУТТЫБАЕВА,
ведущий специалист Текелийского городского суда.

НОВШЕСТВА ЭИС «СУДЕБНЫЙ КАБИНЕТ»

Вновь хотелось бы уведомить населения о новшествах электронного информационного сервиса «Судебный кабинет» в последнее время ведется активная работа по безбумажному варианту документоборота использований новых технологий в судах.

Большую популярность приобрел данный сервис в связи с этим увеличилось количества пользователей сервиса «Судебный кабинет»,который способствуетупрощению судопроизводства посредством электронного взаимодействия, а также обеспечение оперативности, доступности и прозрачности судебной системы. Для получения доступа к сервисам необходимо авторизоваться либо зарегистрироваться имея при этом ключ ЭЦП.

Сервис предназначен для подачи электронных заявлений, ходотайств и жалоб по гражданским и уголовным делам. Вместе с предложениями пользователей электронного информационного сервиса «Судебный кабинет» растут и виды сервиса так например на сегодня имеются сервисы по гражданским делам: 1/заявления искового, особого искового, особого производства; 2/ заявления о вынесении судебного приказа; 3/ подача заявлений по инвестиционным спорам; 4/ ходотайство об ознакомлений с копией аудио-видеозаписи.

К ним же прикреплены документы по делу это отзыв, встречный иск, подача замечаний на протокол, краткий протокол, содержание аудио-видиозаписи судебного заседания / главного судебного разбирательства, заявления о продлении и восстановлении пропущенного срока, заявления о выдаче исполнительных листов на принудительное исполнения арбитражного, третейского суда и иностранных судов, подача ходотайств, заявления об обеспечении иска, заявления об отмене обеспечения иска, заявления о выдаче кпий судебных актов, заявления о выдаче дубликата исполнительного листа,заявления о направлении исполнительного листа в органы юстиции либо частному судебному исполнителю,заявления об отмене заочного решения, заявления об отмене судебного приказа, заявления об отмене решения вынесенного в упрощенном порядке, отправка заявления на возврат государственной пошлины,заявления об отложении судебного процесса.

Сервис пересмотр судебных актов имеет следующие шаблоны: Апеляционная либо частная жалоба, ходотайство о пересмотре судебных актов в кассационном порядке, пересмотр судебных актов по вновь открывшимся обстоятельствам.

Еламан КУРМАШ,
судебный пристав СМЭС Алматинской области.

ОФИЦИАЛЬНО

ПРЕМЬЕР-МИНИСТР ПРОВЕЛ ВСТРЕЧУ

ПРЕМЬЕР-МИНИСТР АСКАР МАМИН ПРОВЕЛ ВСТРЕЧУ С ПРЕЗИДЕНТОМ ПО МЕЖДУНАРОДНОМУ БИЗНЕСУ "TYSONFOODS" КРИСТОФЕРОМ ЛАНГХОЛЬЦЕМ, СООБЩАЕТ ГАЗЕТА "АЛАТАУ" СО ССЫЛКОЙ НА PRIMEMINISTER.KZ.

Обсуждены вопросы развития современной агромультипротеиновой индустрии в Казахстане.

В Казахстане планируется открыть полный цикл производства говядины. На первом этапе предусмотрено строительство в РК современного мясоперерабатывающего комплекса производительностью не менее 2 тыс. голов в сутки. Предприятие будет не только обеспечивать потребности казахстанского рынка, но и экспортировать продукцию на зарубежные рынки.

Реализация проекта будет стимулировать развитие мясной индустрии и других смежных отраслей АПК — ветеринарии, аграрного машиностроения, разведения кормовых культур, создания откормочных площадок и др. Будут созданы десятки тысяч новых рабочих мест в сельском хозяйстве Казахстана.

Производственный цикл будет сопровождаться информационно-консультационным обслуживанием казахстанских фермеров по модели американской службы "Экстеншн", что предусматривает консультации, повышение квалификации кадров на местах и профессионально-техническое обучение.

СОБ. КОРР.

НОВОСТИ

С 1 ИЮЛЯ 2021 ГОДА ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ АППК РК

29 июня 2020 года Президентом Республики Казахстана подписан Административный процедурно-процессуальный кодекс Республики Казахстан (далее – АППК) и сопутствующий закон о внесении изменений и дополнений в различные законодательные акты РК, сообщает astana.gov.kz

АППК будет введен в действие с 1 июля 2021 года. С этой же даты утратят силу действующие сейчас Законы РК «Об административных процедурах» и «О порядке рассмотрения обращений физических и юридических лиц», прекратит свое действие ряд норм ГПК РК, включая главы 27-29, нормы других кодексов и законов.

Новый кодекс представляет собой достаточно уникальный законодательный акт, регулирующий порядок осуществления административных процедур, внутренних административных процедур государственных органов, а также порядок разрешения споров в сфере публичных правоотношений. Ранее в Казахстане такого кодекса не существовало.

Согласно АППК административные процедуры и административное судопроизводство будут осуществляться на основе единых принципов, среди которые особое внимание привлекают следующие:

принцип приоритета прав - все сомнения, противоречия и неясности законодательства об административных процедурах толкуются в пользу участника административной процедуры;

запрет злоупотребления формальными требованиями - административному органу, должностному лицу запрещается отказывать в реализации, ограничивать, прекращать право участника административной процедуры, а также возлагать на него обязанность с целью соблюдения требований, не установленных законодательством;

охрана права на доверие - доверие участника административной процедуры к деятельности административного органа, должностного лица охраняется законами;

активная роль суда - суд, не ограничиваясь объяснениями, заявлениями, ходатайствами участников административного процесса, представленными ими доводами, доказательствами и иными материалами административного дела, всесторонне, полно и объективно исследует все фактические обстоятельства, имеющие значение для правильного разрешения административного дела; по собственной инициативе или мотивированному ходатайству участников административного процесса собирает дополнительные материалы и доказательства; вправе высказать свое предварительное правовое мнение по правовым обоснованиям, относящимся к фактическим и (или) юридическим сторонам административного дела.

НАШ. КОРР.

О КОРРУПЦИИ

НАДО БОРОТЬСЯ СООБЩА...

Термин Коррупция происходит от латинского слово «соггитреге» по смыслу означает «разрушение организма государства, общественных отношений», как значение термина «подкуп» - термин, обозначающий обычно использование должностным лицом своих властных полномочий и доверенных ему прав в целях личной выгоды, путём обмана, вымогательства, волокиты, противоречащие законодательству и моральным нормам. Наиболее часто термин применяется по отношению к бюрократическому аппарату и политической элите. Соответствующий термин обычно имеет более широкую семантику, вытекающую из первичного значения исходного латинского слова, а также неэтическое поведение.

Борьба с коррупцией всегда являлась актуальной и злободневной проблемой для любого государства. Поскольку проявления коррупционных деяний являются препятствием на пути развития государства в условиях рыночной экономики и порождают в обществе недоверие к органам власти.

И внашей республике с момента обретения независимости приняты нормативные правовые акты и государственные программы по противодействию проявлениям и борьбе с коррупцией.В этой связи принимаемые меры, направленные на борьбу с коррупцией являются своевременными и необходимыми.Так, с 1 января 2016 года введен в действие Закон Республики Казахстан от 18.11. 2015 года за № 410-V « О противодействии коррупции», который регулирует общественные отношения в сфере противодействия коррупции и направлен на реализацию антикоррупционной политики. Наряду с этим, Законом Республики Казахстан от 18.11. 2015 года за № 411-V внесены изменения и дополнения в некоторые законодательные акты по вопросам противодействия коррупции, в частности кодекс об административных правонарушениях, УПК, ГПК.

Стимулирование антикоррупционного поведения граждан предусматривается одной из мер противодействия коррупции, включающее механизмы поощрения со стороны государства за оказание содействия в пресечении и раскрытии коррупционных правонарушений, что позволит гражданам активно включиться в процесс борьбы с коррупцией.Законом особое место уделено вопросам преодоления проблем борьбы с коррупцией и мерам по предупреждению ее проявлений. Чтобы поставить заслон этому социальному зло надо бороться совместными усилиями общества.

Бакыт ТУРАНОВА,
судья Талдыкорганского городского суда.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

НАРЫҚ

Ауылшаруашылық саласы биыл күрделі жағдайда тұр. Батыс өңірлерініңде мал азығының тапшылығынан қыстың көзі қырау емес, көктемнің соңында мал қырылды. Мұндай көрініс Павлодар мен оңтүстіктегі Қызылорда облыстарында орын алып, малмен күнелтіп отырған ауылдықтарды әбігерге салып қойды. «Көтеремнің аузы көкке тисе көксауда өлмейді» деген тәмсіл сөз әдірем қалды. Себебі қуаңшылықтан әрі су тапшылығынан, тұяқты мал, тұяғымен түртіп жейтін, шөптің шығымы көзден бұлбұл ұшты. «Біреу өлем десе, екіншісі көмем» депті дегендей, мал азығының бағасы да аспандап кеткен.

Бір бүйірден құрғақшылық, бір бүйірден қымбатшылық

Тек қана мал азығы емес, ерте көктемде жанармайдан басталған қымбаттау, базарлар мен үлкен сауда үйлеріндегі азық-түліктің шарықтауына жол ашты.

Қыл аяғы жергілікті жерде өсетін жеміс-жидек пен көкөністердің бағасы сырттан келетіндерден анағұрлым қымбатқа сатылған болатын.

Себебін біле алмай тарыққан халық: «апам да аң-таң, атам да, аң-таң» деген күйге түсті.Тіпті, көкөністің дауы үкімет үйіне дейін жетіп, Парламенттегі депутаттар қозғалып картоп бағасының шарықтауы біраз жыр болды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жүгенсіз кеткен бағаны шектеуді, халықты тарықтырмау керектігін айтып, шенді-шекпенділерге арнайы тапсырма да берді. Бірақ, Қазақстанда бір көтерілген баға қайтадан төмендеген емес. Тіпті, күні кеше ғана ауыр-жүк таситын үлкен машиналар, жанар-жағармай таппай, аяқ-қолдары байлауы күйі жетер жерлеріне жете алмай тұрғандарын айтып, көгілдір экранда даурықты. Сарапшылардың айтуынша, жанармай қожайындары бағаны көтеру үшін әдейі қолдан жасап жатқан кедергі дес-ті. Қалай болғанда да ырыққа көнбеген, нарық, тарыққан халық, ашыққан мал, бір сөзбен айтқанда, ауыл шаруашылығы көптің көңіл күйін алаңдатып тұр.

Биыл Панфилоа ауданында барлық егістік көлемі 44347 га. Оның ішінде дәнді-дақылдар -27336, жаздық арпа-517, жаздық бидай-398, жүгері 26421, соя-100, күнбағыс-20, картоп 1345, көкөніс-1202, бақша дақылдары 285, көп жылдық шөп 14056, жеміс-жидек-2209, жүзім-118 гектарға егілген. Жалпы, суармалы алқапта күнел тіп отырған жаркенттік шаруалардың жаңа технологияны қолданып 1752 гектарды тамшылатып және жаңбырлап суғару әдісін қолданады. Мәселен, «Жаркент-Фурк» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 110 гектар бақты Көктал округіне орналасқан ЖШҚ «Көктал-Агро» 290 гектар дәндік жүгеріні тамшылатып суғарса, 2880 гектарды жаңбырлатып суғаруда. Мұндай әдісті Қоңырөлең ауылдық округі 72 гектарды осы әдіспен суғаруда. Бұл әрине әрі үнемді, әрі пайдалы. Мұндай әдісті аудандағы жалпы шаруашылық қолданып кете алмайды. Әр шаруаның өзіндік түйткілді мәселелері бар. Қазіргі қоғамды алаңдатып тұрған мал шаруашылығына ойысар болсақ. Құдайға шүкір, өзге өңірлердегі көтерем болып, қырылып жатқан мал бізде жоқ, ауру-сырқаудан да, аманбыз – дейді аудандағы ауыл шаруашылығының бөлім басшысы Жұмағазы Наймантаев. Аудан бойынша барлық ірі қара саны 102 090 бас, оның ішінде сиыр 42 751, қой мен ешкі 397 769 , шошқа 108, жылқы 22 475, құс саны 89 870-ке жетті. Алынған төл бойынша, бұзау 26 422, қозы мен лақ 1279, құлын 3687 бас деген Жұмағазы Наймантаев мырзаға: «Солтүстік, Батыс және Оңтүстікте мал азығы қымбаттап жатыр екен, сіздердегі ахуал қандай?» деген сауалды қойдық. Барлық өңірдегі сияқты қуаңшылық біздің ауданға да тән. Ауылдағы шаруалар үшін егістік алқаптарын суғару жылдан-жылға қиындап барады. Өзіңіз білесіз Жаркент өңірі тек қана суармалы егістікпен күнелтеді. Күні бүгінге дейін егістік алқапқа 10-15 куб су қажет болса, соған қол жеткізу қиын боп тұр. Таудағы жылда еритін қар-мұздар биыл баяулады. Таулы өңірлерде ауа райы салқын болғандықтан, біз қажет еткен су диқандарға толық мөлшерде жетіспей жатыр. Сондықтан, қолдағы бар мүмкіндікті пайдаланып, су шаруашылығымен бірлесіп, диқандар кезекпен кезек алқаптарын суғаруда. Ал, мал азығына келсек, ойдағы шаруалар қыстың қамына ерте бастан-ақ қамдануда. Сондай-ақ, мал азығы шөпті сыртқа да сатып жатыр. Әрине, қымбат бағамен. Оларды да түсінуге болады. Жанар-жағармай тапшылығы тағы сезілуде. Техника жалдауы бар, егістіктерге дәрі шашады, «окошка» және түрлі техникалық тәсілдер қолданады. Осының бәрі шаруалар үшін қыруар шығын. Бұрын бір ауыл шаруашылығының техникасы он милллион болса, қазір ол шарықтап он сегіз миллионға жетті. Оның үстіне биыл жайлаудағы шөпте өте нашар. Сондықтан, малшы қауымы күзеккке ерте түсетіні белгілі. Олардың мал жайылымдары үшін ерте пісетін дақылдарды орып, малға жайылым ашу үшін қам-қаркет жасаудамыз. Сондықтан, жанар-жағар май қымбаттағандықтан, диқандар алған өнім де, мал азығы да қымбаттайды. Мемлекет шаруалар үшін жанар май жеңілдігін жасадық дегенмен оған барлық шаруалардың қолы жетіп

отырған жоқ дейді. Жылдан жылға экологиялық ахуал нашарлап, су тапшылығы сезіліп, өзен-көлдердің арналары тартылып барады. Оның үстіне, жаркенттік диқандар, Қытай мемлекетімен шектесетіндіктен Іле өзенінің бастауы да осы аспан асты елінен келеді. Бүйірден тиген шаншудай, қадалған қытай мемлекеті де судың басында отыр. Олардың да өзіндік ұстанған бағыт-бағдары мен саясаты бар. Диқан қауымы мен малшы қауымын тығырықтан шығару үшін Панфилов ауданы «Тышқан су» қоймасын салуды жоспарлауда. Оның жақын арада іске аса қоюы екіталай. Жоспарлап құжат рәсімдеу, қаражат бөлу, оны жүзеге асыру төрт-бес жылдың жүзін алады. Басқа-басқа ай мен күннің аманында, төрт түліктің тұяғымен түртіп, танауымен талғап жейтін азықты мамыр мен маусым айында таппай, арық-тұрақ болуы, маңыстаудағы түйлердің қағаз кеміруі, жылқылардың азық-түліктің қалдықтарын жәшіктерден мойын сұғып жеп жатуы, аянышты әрине. Ыңыршағы шыққан малдардың кеселсіз қырылып қалғанын көргенде, қазақтың «мал бір жұттық» деген қағидаға сенбеске лажың жоқ. Жұт болатындай апат бола да қойған жоқ. Қазақтың мал мен жаны бір екенін ескерсек, Батыс, Солтүстік және Қызылорда облыстарында болған мал шығыны, мал азығының тапшылығы болуда. Биылғы ауа – райының қолайсыздығы, шөптің бітік шықпауы, төрт түлік өсірген ауылдықтарды қыруар шығынға батыруда. Мәселен, Қазақстанның барлық өңірінде азықтың бағасы жылдағыдан еселеп өсті.«Жығылғанға жұдырық тиіпті» дегендей өңірдегі өзен-көлдерге су жеткілікті деңгейде келмей, әрі жаңбырдың сирек жаууы қара жердің кенезесін кептіріп жіберді. Батыс өңіріндегі кейбір қожалық қысқы мал азығын қазір басқа аудандардан тасып жатқандарын айтуда. Шаш-етектен шығынға батса да, қолдағы малды сақтап қалудың жалғыз амалы - осы,- десе. Ал жағдайы жетпегендер қамыс пен қоғаны шауып жинауда.. Бірақ қыстан қиналмай шығуға бұл да жеткіліксіз –дейді. Осы қуаңшылыққа орай, Түркістан болысында, Сарыағаш, Шымкент жолы бойында, көлшіктер маңайында, жантақ, қияқ қаулап өскен, нәрлі шөптерді, орақпен орып, мандымаған соң, шөп шабатын электрлі жүйені сатып алған жігіттер маңғыстаулықтарға асарлатып көмек жасамақ. Құмды өңірлерде төрт түлік пен өмір сүріп жатқан ауылдықтарға бұлда болса, қарлығаштың қанатымен су сепкендей көмек болар. Алайда, XXI ғасыр су үшін майдан болады деген, қауесеттің күннен-күнге шындыққа айналып бара жатқаны көңілге кірбің ұялатады. Мәселен, Батыс Қазақстанның ауыл аймағыда мал азығыннан тарығып отыр. Шабындық жерлерде шөп қуаңшылыққа байланысты биыл бой алмай қалыпты.

Жеңісбек Ахметов, ауыл тұрғыны: Екі жылдан бері су жоқ. Судың жағдайы мынау, көкпеңбек балшық. Малымыз батады. Малға бір апталық су қалды деуге болады. Соңғы екі жылдан бері көріп келе жатқанымыз осы. Жылда су болмайды. Өңірде биыл жауын аз түсті деген ауыл тұрғыны бір бума шөп 9 мың теңгеге дейін саудаланғанын айтуда. Ал, мақалаға арқау болған Панфилов ауданында жоңышқаның бір бумасы 1000 тг, ал сырттан келіп сатып алушылар 1250 тенгеден сатып алуда. Шөптің бағасы 7 50 тг аралығында болып тұр. Сондай-ақ ақпан айында базардағы мал бағасы дөнен жылқы 500000тг , мініс аттары 600000тг тай, 250000тг, сиыр 350000 тг, бұзау 16000 тайынша 140000 бұқа 350000, тоқты 35-43000 қой 50000 қошқар 60000 болса бүгінде бұлғалағалар көтерліп кеткен. Себебі, жемдік қорлары мол аудан шаруашалығы қолдағы малдарын арзанға бергісі келмейді. Бейнеттерінің зейнетін көргісі келеді Ал, Түркістан облысында қуаңшылыққа байланысты мал жаппай арзанға сатылып жатыр деген ақпаратты интернет желісінен көзіміз шалып қалды. Қызық, өдері малға азық таппай отырып, батысқа қол ұшымызды созамыз-деген ауыл азаматтарының бейне ролигі жаһанамға жар салып тұр. Мәселен, Сайрам ауданындағы Қарабұлақ мал базарында, былтыр шөптің бір бумасы 300-350 теңге тұрған, биыл 1 500 теңгеге сатылуда-дейді.. Сондықтан қыстың қиын болатынын сезген шаруалар енді малын жаппай сатуда. 35000- мың тұратын қозылар қазір 17-16 мыңнан сатылуда. 13 000-да сатып жатырмыз. Сататын адам бар. Алатын адам жоқ. Қазір жалынып сататын болдық», - дейді тағы бір шаруа Нұрлан Жетпісов.

Журналистердің мәліметінше, төрт түліктің ішінде жылқы ғана құнын сақтап тұр. Өңірде былтыр 800 мың теңге болған Қамбар ата тұқымы 1 миллион 200 мың теңгеге бағалануда. Ал ірі қара, керісінше, 30-40 мың теңгеге, ұсақ мал 20-30 мыңға арзандаған. Енді, етсіз отырмайтын, таңдап-талғап, жейтін қазаққа жылқының еті «тісіне емес түсіне кіріп, қойдың еті қорғасын»-деп қомсынбайтын болды. 2020 жылы әр қазақстандық бір айда орта есеппен 7 келі ет және ет өнімдерін сатып алған екен. Бұл 2019 жылмен салыстырғанда 5,6 пайызға, 2015 жылмен салыстырғанда 14,3 пайызға, 2010 жылмен салыстырғанда 58,4 пайызға артық. Ет және ет өнімдерін пайдалану соңғы 20 жылда 3,7 келіден 7 келіге өсіпті. Ал, биыл ет өнімдерінің барлық түрін сатып алу көлемі өткен жылмен салыстырғанда азайған. Сиыр етін тұтыну 1,9 пайызға, 6 келіге, қой еті 3,9 пайыз, 1,1 келіге, жылқы еті 5,4 пайыз, 1,8 келіге, шошқа еті 5,9 пайыз, 824 грамға төмендеген.

2021 жылдың алғашқы тоқсанында ет және ет өнімдерін тұтыну үлесі барлық тұтыну тауарларының 17,9 пайызына, үстіміздегі жылдың мамырындағы көрсеткіштерге сәйкес ет және ет өнімдерінің бағасы бір жылда 6,8 пайызға, бір айда 0,9 пайызға өскен.

Дүкен сөрелерін айтпағанда, Талды-қорғандағы сенбі күні жұмыс жасайтын коммуналдық базарда қой етінің бір келісі 2,500тг, сиыр еті де осы шамалас, ал жылқы етінің бағасы шарықтап тұр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мырза Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы Серік Жұманғаринді қабылдап, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары нарығындағы ахуалды тұрақтандыру үшін биржа саудасының дамуы, құрылыс материалдары, тұрғын үй, жанар-жағар май нарықтарындағы бағаға қатысты, сондай-ақ, кірме жолдар нарығындағы жағдайды тұрақтандыру жөнінде тапсырмалар берген-ді. Бірақ , Тәуелсіздік алғалы 30 жылда Қазақстанда бір көтерілген баға еш уақытта қайтіп төмендеген емес. Президенттің азық-түлікке қатысты берген тапсырмасы қалай орындалатынын уақыт көрсетер. «Бір бүйірден құрғақшылық, бір бүйірден қымбатшылық» қысып тұр. Халық қайтіп күн көрер?!

А. ДІНИСЛАМ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

6 ШІЛДЕ – АСТАНА КҮНІ

ЕЛОРДАМЫЗ НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ РЕСМИ ЖЫЛНАМАСЫ 1998 ЖЫЛЫ БАСТАЛҒАНЫМЕН, ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ СОЛ КЕЗЕҢДЕГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАҒДАРЫСҚА ҚАРАМАЙ АСТАНАНЫ АУЫСТЫРУ ИДЕЯСЫН ҰСЫНУЫН 1990 ЖЫЛДАРДАН БАСТАП ПОСТКЕҢЕСТІК КЕҢІСТІК ПЕН ЕЛІМІЗДЕ БОЛҒАН САЯСИ ОҚИҒАЛАРДАН БӨЛІП ЖАРУҒА БОЛМАЙДЫ ДЕР ЕДІК.

ЕЛДІГІМІЗДІ ҰЛЫҚТАЙТЫН – ЕРЕКШЕ МЕРЕКЕ

Алматыдан Сарыарқаның Қараөткеліне ұлы көштің басы 1997 жылдың желтоқсанында қонғанымен, ел астанасын ауыстыру туралы ойдың Елбасымыздың көкейінде егемендік алған кезден бастап туындағанын оның «*Тәуелсіздік дәуірі» кітабындағы «...Мемлекет жүрегі оның астанасында соғады. Бұл – бұлжымайтын ақиқат. Жас мемлекетке міндетті түрде жаңа, заманауи астана қажет екенін тәуелсіздіктің бірінші күнінен-ақ ойладым. Осы ойымның дұрыстығына нық сенімді едім. 1992 жылдың өзінде-ақ Ақмолаға жұмыс сапарымен келгенде, астананы осында ауыстыру туралы ойға келдім*», деген сөздерінен білуге болады.

Сонау 1997 жылдың желтоқсанында Елбасы бастаған ұлы көштің Алатаудың баурайынан Сарыарқаның Қараөткеліне қонуы тәуелсіздігімізді қорғау ғана емес, Мәңгілік елдің берік қағылған алғашқы қазығы болғандығының дәлелі – осы жылдары жүзеге асырылған саяси және әлеуметтік-экономикалық реформалардың нәтижесінде қол жеткен Қазақстанның жетістіктері. Осы арада, тәуелсіздік жылдары Тұңғыш Президенттің жасампаз идеяларының қолдаушысы да, жүзеге асырушысы да болған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың мына сөздерін келтіргіміз келеді: *«...Жаңа астананы салу шешімін Нұрсұлтан Назарбаев жас мемлекетіміздің іргесін қалаудың күрделі кезеңінде жариялағанын ұмытуға болмайды. Қазақстан ол шақта ескі мен жаңаның арасындағы алмағайып сәтте, аса қиын әлеуметтік-экономикалық және сыртқы саяси жағдайда өркениетті нарыққа, ағартушылық демократияға бет бұрған еді. Сондықтан да Н.Назарбаевқа, тіпті кейбір үзеңгілес серіктерінің өзі сене бермеген осынау өршіл жобаның бастамашысы болып, оны жүзеге асыру жауапкершілігін өз иығына артуына тура келді. Елінің стратегиялық мүдделерін кең ауқымда көре білетін, қайтпас қайратты нағыз көшбасшы ғана өзге орындаушылардан ерекшеленеді».*

Әлемдік ғылыми ортада қалыптасқан пікірлерді сараласақ, астаналарды ауыстыру – мемлекеттердің саяси және әлеуметтік өміріне терең де көпқырлы ықпал ететін адамзат тарихындағы аса ірі мегаинженерлік жобалар. Алдыңғы қатарлы саясаттанушы, экономист, футуролог ғалымдардан бастап шетелдік мемлекет басшылары тарапынан бұрынғы Кеңес Одағы мемлекеттерінің ішінде дараланып, астананы ауыстыруды табысты жүзеге асырған Қазақстан тәжірибесі, Елбасы қабылдаған стратегиялық шешімдер қазірдің өзінде қызығушылық туғызып, зерделенуде екендігін атап өткіміз келеді.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың прогрессивті ойлау қабілетінің жоғарылығынан туған астананы ауыстыру жасампаздық идеясы – талай әділетсіздікті көрген қазақ деген ұлттың өз мемлекетінің астанасын ешкімге жалтақтамай таңдай алатындығын дәлелдеп қана қоймай, Қазақстанды жаңа тәуелсіз, бейбіт мемлекет ретінде әлемге танытуда зор рөл атқарды. Болашақта да ұлтаралық татулық пен дінаралық келісімнің, бейбітшілік пен береке-бірліктің қаласы Нұр-Сұлтан жарқырай жайнап, Отанымыздың жүрегі, Тәуелсіздігіміздің тірегі ретінде жасай берері сөзсіз. Елдігімізді ұлықтайтын ерекше мереке құтты болсын!

ТӘЛІМ

ЕЛБАСЫНЫҢ ҚАНАТТЫ СӨЗДЕРІ - ҮРПАҚҚА ӨНЕГЕ

ЕЛБАСЫ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ. БҰЛ ЕСІМДІ ТӨРТКІЛ ДҮНИЕ БІЛЕДІ. ДАНАЛЫҚ, КӨШБАСШЫЛЫҚ, КӨРЕГЕНДІК ҚАЗАҚ БАСШЫСЫНА ТӘН. ОНЫҢ ӘРБІР СӨЗІНДЕ МӘН МАҒЫНА БАР. ТӘЛІМ АЛАР, ТАҒЫЛЫМ БОЛАРЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖЕТЕРЛІК.

Тәуелсіздікпен бірге біз елдік дәстүр мен мемлекеттік мәдениетті жаңғырттық. Осылайша, төрткүл дүниені ат тұяғымен дүбірлеткен даңқты бабалардың «Мәңгілік ел» мұратын қайта жалғадық. Тегеуріні берік, тепкісі қатты заманда тең жарымынан айрылған халқымыз ана тілінен, қасиетті дінінен көз жазып қала жаздады. Дегенмен, соның бәрі халқымыздың рухын жасыта алған жоқ, азаттыққа деген аңсарын жеңе алмады.

* * *

Арманда кеткен арыстардың асыл мұратына біз мыңжылдықтар тоғысында қол жеткіздік.

Айымыз оңынан туып, Тәңір тілекті берді.

Төрт құбыламыз теңеліп, төбедегі келді.

Алаштың айбыны асып, күн сөнгенше азат болды.

Қырандай қомданып, тұғырына қайта қонды!

Тәуелсіздік тәуменді жұртқа тәуекел берді. Азат еліміз атағы алты құрлыққа жайылған абат елге айналып, жаһандық қауіпсіздіктің алтын белдеуіне баланды.

Біз осылайша тарихта есесі кеткен еңсегей елдің еңсесін тіктедік.

Сөйтіп қазақ деген халықтың абыройын асырып, атын әлемге таныттық.

* * *

Алға тартқан озады, кейін кеткен тозады.

Біз жылдан-жылға жаңарып, жаңғырып келеміз.

Қазақ: «Елу жылда ел жаңа», дейді.

Біз жиырма жылдан асар уақытта жүз жылға бергісіз жолды артта қалдырдық.

* * *

Ұлы мақсаттарды өзінің алдына ұлы халық қана қоя алады!

* * *

Тәуелсіздікке қол жеткізу де, оны баянды ету де оңай емес.

* * *

Азаттық алумен іс бітпейді. Тәуелсіздікті сақтап қалу үшін заманға сай амалың болуы керек екен.

* * *

Біз тәуелсіздігінен айрылып қалған елдердің тағдырынан тиісті қорытынды шығарып, тағылымы мол сабақ алдық.

* * *

Іргемізді бекемдеп, байтақ шекарамызды халықаралық құжаттармен мызғымастай етіп бекіттік.

Ашық аспанымызды қас қақпай күзететін айбарлы армиямызды құрып, келелі Конституцияны басшылыққа алдық.

Қарышты экономикалық өрлеу арқылы Қазақстан дәулетіне сәулеті сай қабырғалы ел болды.

Біз ұлттық рухы берік, саяси жүйесі тұрақты, экономикалық әлеуеті мықты, бәсекеге қабілетті, халықаралық беделі зор қуатты мемлекет құрдық.

* * *

Біз тәуелсіздікпен бірге тілімізді түлеттік, дінімізді өркендеттік, тамырымызды жалғап, салт-дәстүрімізді жаңғырттық.

* * *

Болмысы бөлек қазақстандық үлгіні қалыптастыру үшін біз өз жолымызбен жүрдік. Түрлі «кеңесшілердің» айтқанын емес, халқымызға қанық, бағыты анық даңғыл жолды таңдадық. Болашақта да солай болуы тиіс.

* * *

Біздің баға жетпес байлығымыз - бабалардан өсиет боп қалған, халқымызға қасиет боп қонған береке-бірлігіміз. Құнды қазынамыз - тарих табыстырып, тағдыр тоғыстырған халқымыз.

* * *

Ынтымақ кеткен жерден - ырыс, бірлік кеткен жерден - береке кетеді.

* * *

Бой салыстыратын заман емес, ой салыстыратын заман.

* * *

Менің арманым - Қазақстаның «Мәңгілік ел» болуы. Заман өтеді, адамдар өтеді. Бірақ тәуелсіздік қалады.

* * *

"Отанды қорғау дегенде алдымен әкеңді, баланды, анаңды қорғау. Соларды қорғау - Отанды қорғау"

* * *

Болашақ - білімді жастар қолында.

* * *

«Қоғамның даму барысын өмірде нәзік, көңілде биік, ал істе мығым әйелдер қауымсыз көзге елестету мүмкін емес».

* * *

Талант - Жаратқанның сыйы ғана емес, сонымен бірге өзінің алдындағы, қоғам мен Отан алдындағы жоғары жауапкершілікте.

* * *

«Мәдениет ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, ақыл-ойы, парасаты. Өркениетті ұлт ең алдымен тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкендікішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп, тек өзінің төл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылады»

* * *

Тек кітап қана алға жылжуды, адамдық шыңына шығуды үйретеді.

* * *

Біз туған мемлекетіміздің тәуелсіздігін баянды етуге, қуатын арттыруға, оның игілігіне, халықаралық қауымдастықтағы беделінің өсуіне қызмет етуге парыздармыз. Біз тәуелсіздікті ақылмен, ата-баба жолымен алдық деп ойлаймын.

* * *

Біз тәуелсіздікке аңсап, зарығып жеттік. Енді сол тәуелсіздіктің қасиетті белгілерін де ерекше қадірлеуіміз, қастерлеуіміз керек. Әрбір азамат Қазақстанның туын, елтаңбасын, әнұранын тұмардай қасиет тұтуы қажет. Елдігіміздің сыналатын бір тұсы осы.

* * *

Тәуелсіздіктің біздің бәрімізге артар міндеті мол. Енді еңселі ел болудың жолына шыңдап түсуіміз керек. Әулетіміздің асуы да, дәулетіміздің тасуы да өз қолымызда. Кең байтақ жеріміздің байлығы осы даланың түпкілікті халқына да, тағдыр қосып бірге өмір сүріп жатқан басқа ұлт өкілдеріне де молынан жетеді. Не істесек те ақылмен істейік, арзан ұранға ермейік, ұшпа сезімге ерік бермейік дегім келеді. Әсіресе, жастар, салқынқандылықтан, үлкенді сыйлаудан, сөзге тоқтаудан айнымаса, қашан да достыққа адал болса, бауырмал, кеңпейіл болса, халықтың атына сөз келтіретін ұстамсыздық атаулыдан аулақ жүрсе деп тілейік.

Материалдар Aikyn.kz сайтынан алынды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕДИЦИНА

ЭКМО ҚҰРЫЛҒЫСЫН ҚОЛДАНЫП

өкпесі 100 пайыз қабынған келіншекті емдеп шықты

Алматы облысының дәрігерлері қос өкпесі бірдей қабынған науқасты алғаш рет ЭКМО аппаратына қосып, емдеп шықты.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшылығымен Талдықорған облыстық ауруханасының, кардиологиялық, перинаталдық орталықтардың, Талдықорған қа-ласындағы көпсалалы аурухананың мамандары бірігіп Covid-19-ды жұқтырып өкпесі 90-100 пайызға зақымданған төртінші әйелді аман есен құтқарып қалды.

Жүкті Б. 2021 жылдың 20 сәуірінде Алакөл аудандық ауруханасына жатқызылды. Облыстық перинаталдық орталықтың бас дәрігері Қанат Жұмашев Алакөлге барып ауыраяқты келіншектің жағдайын көрген бойда шұғыл түрде босандырып алды.

3А деңгейінде өте ауыр жағдайда қос өкпесіне 100 пайыз зақым келтірген COVID ассоциацияланған пневмония диагнозындағы науқас санавиация арқылы Талдықорған облыстық ауруханасына жеткізілді.

Нұрсұлтан қаласындағы Ахуалдық орталығымен кеңесе келе Талдықорғандағы төрт аурухана дәрігерлерінің консилиумынан кейін

әйелді денсаулығына байланысты науқастың өкпесін уақытша ауыстыратын экстракорпоральді мембранды оксигенация (ЭКМО) аппаратына қосу туралы шешім қабылдады.

Алматы облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының ана мен бала денсаулығын қорғау жөніндегі орынбасары Лейла Серікбаеваның айтуынша, бұл – Алматы облысы бойынша ЭКМО аппаратына қосылып, коронавирустық инфекциядан өкпесі 100 пайыз қабынып, қалпына келген алғашқы науқас.

«*Бұл – облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшылығымен Талдықорған дәрігерлерінің коронавирустық инфекциямен ауырған науқастарға қарқынды терапия көрсету жөніндегі бірлескен жемісті жұмыстың нәтижесі деуге әбден болады. Бүгін, міне, ол аман есен үйіне оралуда. Оның ары қарайғы жағдайын Алакөл аудандық орталық ауруханасының дәрігерлері бақылап, назарда ұстайтын болады*», – деді ол.

Ал,Талдықорған облыстық ауруханасының директоры Анарбек Монгол ЭКМО аппаратын қолдана отырып, реанимациялық шараларды өткізу медициналық қызметкерлерден жоғары кәсіби деңгейді, үлкен күш-жігерді талап ететіндігін айтады. Сонымен бірге ол: «*Реаниматологтар, пульмонологтар, кардиологтар екі ай бойы науқастың өмірі үшін күресті. Ол бізге 24 сәуірде түскен болатын. Науқас ЭКМО аппаратына 34 күн қосулы жатты. Бүгін, 2021 жылдың 25 маусымында ол аурханадан аман есен шығарылып, Алакөл аудандық орталық ауруханасына табысталып, тұрғылықты жері бойынша одан әрі емін жалғастырады*» , – дейді.

Облыстық кардиологиялық орталықтың директоры

ары қарайғы жағдайы аудандық орталық аурухана дәрігерлерінің жіті назарында болады.

Науқасты үйіне шығарып салуда оны осындай жағдайға жеткізіп, емдеуге тікелей қатысқан төрт бірдей аурухананың басшылары мен дәрігерлері келіп, қуанышты күнге ортақтасты.

Нұрсан Сұрашевтың сөзінше, науқастың жанын аман сақтап қалуда Талдықорғандағы төрт бірдей аурухананың дәрігерлері жұмылып үлкен жұмыс атқарды. – *Экстракорпоральды мембраналық оксигенация – бұл вирустық пневмонияда, ауыр жүрек жеткіліксіздігінде, жүрек пен өкпені трансплантациялауда қолданылатын жоғары технология. Аппараттың арнайы сорғышы қанды айдау үшін жүректің жұмысын қабылдайды, ал мембраналық оксигенатор өкпенің газ алмасуын орындайды. ЭКМО аппараты адамның өмірлік функцияларын бірнеше апта бойы сақтауға мүмкіндік береді. Бір сөзбен айтқанда, бұл – өкпе мен жүректің уақытша функционалды ауыстырылуы. Бірақ , бірде-бір құрылғы жоғары білікті мамандарсыз жұмыс істемейді. Солардың арқасында тағы бір жан ажалдан аман қалды.*

Үрейге толы қиын күндер артта қалғанымен, дерттен толық сауығып кетуде емдеудің тағы бір – оңалту кезеңі тұрды. Тыныс алу аппаратында ұзақ уақыт жатып, ЭКМО қолданғаннан кейін науқасты өздігінен қайта тыныс алуға, қозғалуға, жүруге үйрету қажет болғандықтан, ол оңалтудың алғашқы кезеңін Талдықорған облыстық аурухана сының жансақтау бөлімінде жалғастырды.

Осы жылдың 25 маусымында науқас санавиация арқылы үйіне оралды. Ал, оның

Өзіне екінші мәрте өмір сыйлауда күн-түн демей екі ай бойы күрескен бүгінгі күннің батырларына науқас жылы лебізін білдірді.

«*Ақ халатты абзал жандардың батыл әрекетінің арқасында аман қалдым десем болады*» – деген ол өзіне көмек қолын созған медициналық ұйымның басшыларына, дәрігерлерге, медбикелер мен кіші қызметкерлерге шынайы алғысын жаудырды. Осы орайда науқастың ата-анасы да ақ тілегін айтты. «*Әр науқастың жаны үшін өз өмірін бәйгеге тіккен дәрігерлер бейбіт күннің батыры әрі еліміздің мақтанышы*», – деген көпбалалы ана олардың адам өмірін сақтап қалудағы ерен еңбектеріне басын иіп, ақ батасын берді.

Науқас толық қалпына келген соң емдеудің екінші оңалту кезеңін Алакөл аудандық орталық ауруханасында өтетін болады.

Талдықорған қаласындағы облыстық ауруханалардың басшылары науқасқа құрмет көрсете отырып, үйіне шығарып салды. Өз кезегінде олар өздерімен бірге оның да тажал дертіне төтеп беруде аса шыдамдылық танытып, күрескеніне алғыс білдірді.

С. ҚАСЫМБЕККҚЫЗЫ.

СТУДЕНТ ОЙЫ

ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ МЕН РАДИКАЛИЗМ

Діни экстремизм және радикализммен нақты тәжірибеде жүзбе-жүз күресіп жүрген сарапшы-мамандар мәселенің түпкі себептерін емес, көбіне салдарын жоюға күш жұмсайды деп ойлаймын. Неге? Себебі діни қауіпсіздік мәселесімен шұғылданатын мемлекеттік органдар да негізінен оңалту және дерадикализациялық бағытта жұмыс істейді.

Кейбір жағдайларға қарайтын болсақ, аталмыш мемлекеттік органдар діни экстремизм мен радикализмнің көбінесе салдарымен күресіп , олардың қоғамға келтірген зияндарының орнын толтыруға басымдық беріп жатады. Шынтуайтында діни экстремизм мен радикализм мәселесінің қаупін сейілту үшін салдарымен бірге оның түпкі себептерін жоюға мән беруіміз керек деп ойлаймын. Ал оның түпкі себептерін қандай қоғамдық факторлар құрайды? Біз тек діни экстремизм мен радикализмнің салдарынан басымдық берместен осы мәселелерге де жіті назар аударуымыз қажет.Діни экстремизм мен радикализмге итермелейтін себептерді

анықтау арқылы мәселенің түпкі сырын біле аламыз деп ойлаймын.Ол үшін діни экстремизм мен радикализмнің шығу тегі мен оған итермелейтін факторларды анықтасақ,шешімін табу қиынға соқпасы анық. Жалпы діни экстремизм мен радикализмге итермелейтін көптеген фактор бар.

1. Психологиялық факторлар: ой-өрістің дұрыс жетілмеуі; психикалық ауытқушылыққа ұрыну немесе отбасы бақытың сезіне алмаушылық; қылмыс жасап,одан арылу үшін діннен жұбаныш іздеймін деп діни радикализмге ұрыну; не болмаса дінге бет бұрамын деп рационалистік пайымнан айырылып қалу деген сияқты.

2.Әлеуметтік факторлар: индивидтің өмірден әділетсіздік көруі; қиын әлеуметтік ахуалдың(кедейшіліктің) ауыртпалығын көтере алмау; дін ұстануды әлеуметтік-экономикалық мүддеге айналдыру.

3.Діни факторлар: дәстүрлі діни құндылықтар туралы жеткілікті мәліметтермен сусындамау; теріс діни ағымдардың жалған идеологиясына алдану; белгілі бір шейх немесе жалған уағызшыны соқыр сезіммен ұстаз тұту сияқты факторларды атап өтуге болады.

Қорыта айтқанда, теріс ағымдардың жетегінде еріп кетпеу үшін әр адам өзінің діни сауатын арттырып, нақты емес деректерге шынайы көзқараспен қарамауы керек деп ойлаймын.

Лашын РИЗАБЕК,
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
философия және саясаттану факультеті,
дінтану мамандығының 2 курс студенті.
Ж. ҚАҢТАРБАЕВА, жетекшісі,
философия ғылымдарының кандидаты,
дінтану жане мәдениеттану кафедрасының аға оқытушысы.

Дүйсенбі - Понедельник, 5 шілде

ҚАЗАҚСТАН

06.00 03.10 Әнұран
06.05 Д/ф«Көшпенділер»
06.30,02.10 «Masele»
07.05 М/ф «Менең елім»
08.20,00.30«Бағы биік-Нұр-Сұтан»мерекелік концерт
09.20 Т/х «Қалқанқұлақ»
10.00,18.00 «Асау Толқын»
12.00 «Шәмші әндерінің кеші»
13.30,01.30 «Тәуелсіздік тәуекелдері»
14.10 «Арта»
15.00 «Бір фотосуреттің тарихы»
15.30 «Достығымиз жарасқан»
17.30 Д/ф «Diplomat»
20.00 «Arnau» концерт
22.30 Т/х «Жат мекен»
23.50 «Жаһан»
02.40 «Ауылдастар»

ХАБАР

06.00,02.00 ҚР Әнұран
06.00 «Пәленшеевтер»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 «Бросить вызов судьбе»
10.30 «Путь лидера.Огненная река»
12.15 Т/х «Өз үйім»
13.00 ,01.15 Т/х «Құсайыноатар»
14.00 «Операция Ы» и другие приключения Шурика»
16.00 «Путь лидера.Железная дорога»
18.00 «Айка»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Елбасы.Летопись Независимости»
21.00 Итоги дня
21.30 Д/ф«Штрихи к портрету»
22.15 Концерт «Муз Арт 20 жыл»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30«Күлдірген»
07.00«Ұрланған тағдыр»
08.00М/ф «Маша и медведь»
09.50, 22.00 Т/х «Тұмарым»
11.20, 21.00 Т/с «Ұлым»
12.20,23.10 Т/х «Қайсар ханша»
14.00 «Айтарым бар»
15.00 «Алдараспан»
18.00 «Тағдырым жазылған күн
20.00,01,30 Үздік әндер
00.40 «Қош келдіңіз»
02.20 «Біреудің есебінен» деректі драма
03.55 «KazNet»
03.25 «Үздік әзілдер»
03.50 «Интерны»
04.35 «Біздің ауыл»
05.05 «Отбасы»
05.30 «БІРЕГЕЙ»

ЕВРАЗИЯ

06.00,02.50«Әйел сыры»
06.45,03.30«Той заказ»
07.55 «Тамаша сіту»
09.00 «Фактор Назарбаева»
09.25 «Подкидыш»
13.00 «Чего хотят жешщины»
18.30,02.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Анатомия сердца»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 «Ментовские войны. Девятый сезон»
00.40 «Медсестра»
01.30 «Хиромант»
01.30 П@утина

КТК

07.00 Әнұран
07.05«Улы тамшылар»
08.20Т/х «Ясминнің тағдыры»
09.00 Т/х«Сен мықтысың,тек алға!»
10.00 «Фактор Назарбаева»
10.25 «Папараци»
14.20 «Туча»
15.50«Осинное гнездо»
18.00 «Екінші әйел»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Таныссыз танылғандар»
21.00 Вечерние новости
21.50 «Сен мықтысың, тек алға»
02.35 «Әйел қырық шырақты»
03.20 Кешкі жаңалықтар
03.45-04.20 «КТК»қоржынынан»

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Апта (қаз)
10.00 Апта (рус)
11.00 «Әкелердің әңгімесі»
11.45 «Спорт»
12.00 «Қазақ үні»
12.35 «Полицейская служба»
13.00 «Олжа»
13.30 «Әсем әуен»
14.00 К/ф «Көңілімнің сұлтаны»
16.05 «Әсем әуен»
16.30 Д/ф «Кең ауқымда»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Әдебиет пен адамзат»
20.00 Д/ф «Мәдени қазыналар»
20.15 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Кең ауқымда»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Бәрі де анам жайлы» (27-28 серия)
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00 Ризамын
06.10 «Неге?»
07.40 «Артур и война двух миров»
09.20«Иффет»
11.00Т/х «Тағдырдың сыйы»
12.30«Цветы зла»
14.10 «Белый плен»
16.40 «Охотник на убийц»
18.50 «Онигамиден или легенда о тысячилетнем драконе»
20.50 «Крадущийся тигр,затаившийся дракон»
23.00 Экстрасенсы против детективов
01.00 «Ән мен әнші»
03.00 Кел,татуласайық!
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00,05.00«Қуырдақ»
07.00«Оян ,Qazaqstan»
09.00 «Семьянин»
11.00 «Бизнесмены»
13.00,02.15 концерт «Жүремнің ішіндегі жүрегім»
15.00«Мезгілсіз сезем»
16.00Т «Геракл»
18.00«Позднее раскаяние»
19.00 «Студия 7»
19.30 Т/с «Нюхач»
21.30 Концерт «Қара бала»
00.00 «Телохранитель киллера»

Сейсенбі - Вторник, 6 шілде

ҚАЗАҚСТАН

04.45 03.25 Әнұран
05.50 Футбол.Америка кубогі 2021.1/2 финал.
07.00 «Тауелсіздік тәуекелдері»
07.45 Концерт «Сағындырған әндер-ай»
09.30,03.00 «Нұр-султан. Елорданың тарихы»
10.00,08.00 «Асау толқын»
12.00 «Ән мен әнші»
14.20 «Балалық шағымның аспаны»
16.20 Төреғали Төреәлінің концерті
07.30 «Алып шаһар»
20.00 «Nur-sultan.Қолтаңба»
20.40 «Құс қанат ғұмыр»
23.50 Т/х «Жат мекен»
02.55 «Жан жалуы»
23.50 «Әзіл әлемі»
00.20 Футбол UEFA EURO 2020

ХАБАР

06.00,02.00 ҚР Әнұраны
06.00 «Нұр-султан – ұлы дала жүрегі»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 «Бросить вызов судьбе»
10.30 «Путь лидера.Железная дорога»
12.15 Д/ф «Лидеры о лидере»
13.00,01.15 Т/х «Құсайыновтар.Өмір жолы»
14.00 «Весна на заречной улице»
16.00 «Путь лидера.Астана.»
18.00 «Аким»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 Елбасы. Летопись независимости
21.00 Итоги дня
21.30 Д/ф «Qazaq; History of the golden man»
23.30 «Ән әлемі»
00.15 «Әсем Әуен»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00 «Ұрланған тағдыр», 08.00М/ф «Маша и медведь»
09.50, 22.00 Т/х «Тұмарым»
11.20,21.00 Т/с «Ұлым»
11.20,21.00 «Ұлым»
12.20, 23.10 «Қайсар ханша»
14.00 «Айтарым бар»
15.00 «Назар аудар»
18.00 Т/х «Тағдырым жазылған күн»
20.00 «Ел мерейі- Елорда»
20.35 Д/ф «Без права на ошибку»
20.55 Loto 5/36 Прямой эфир
00.40 ««Қош келдіңіз»
01.30 Үздік әндер
02.20 «Біреудің есебінен» деректы драма
02.05 «KazNet»
03.50 «Интерны»
04.35 «Біздің ауыл»
05.05 «Отбасы»
05.30 «БІРЕГЕЙ»

ЕВРАЗИЯ

06.00,00.30 «Әйел сыры...»
06.45,04.15 «Той заказ»
07.55 «Тамаша сіту»
09.00 «Путь к Елбасы»
09.15 «Весна на Заречной улице»
11.00 «Кавказская пленница,или Новые приключения Шурика»
12.50 «Чего хотят женщины»
18.30,03.00 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Анатомия сердца»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 «Qazaq;History of the golden man»
22.25 «Ментовские войны. Девятый сезон»
01.30 П@утина

КТК

07.00 Әнұран
07.05 «Рахмет саған түған Ел»
09.00 «Путь к Елбасы»
09.15 «Танец мотылька»
12.50 «Осиное гнездо»
14.30 «Так сложились звезды»
16.45 «Лучшее ко дню столицы»
19.00 «Девяностые:забытые пленки»
20.00«Qazaq;History of the golden man»
22.00 «Чудо по расписанию»
01.30 «Hello ауыл»
03.00-04.20 «Сұлу бойжеткен!»

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 «Әдебиет пен адамзат»
11.00 «Сыралғы»
11.45 «Спорт»
12.00 «Шашу»
13.00 Т/х «Бәрі де анам жайлы»
14.00 К/ф «Сезім сергелдеңі»
16.30 Д/ф «Кең ауқымда»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Дәрігер кеңесі» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Сегодня» /прямой эфир/
20.00 «Тәуелсіздік тұлғалары»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Арнайы репортаж»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Бәрі де анам жайлы» (29-30 серия)
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Ризамын
07.00 концерт «Ән мен әнші»
06.40 Әзілдер күнделігі
10.00 «Армагеддон»
11.00 Экстасенсы против детективов»
13.00 «Онигамиден или легенда о тысячилетнем драконе»
18.00 «Человек –паук:через вселенные»
20.10 «Аксель»
22.00 «Ужастики -2:беспокойный хеллоуин»
23.50 «Экстрасесы-детективы»
01.30 «Армагеддон»
02.20«Кел татуласайлык»
04.20 1001 анекдот
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00,04.45 «Қуырдақ»
07.00 «Оян,Qazaqstan»
09.00.15.00 «Мезгіл сезім»
10.00,18.00 «Позднее раскаяние»
10.40,19.30 Т/х «Нюхач»
13.00,02.15 «Шымкент шоу 10 жыл»
16.00,00.00 «Красавица и чудовище»
19.00 «Студия 7»
1.30,03.00 «Күнім сен сөнбеші»

Сәрсенбі - Среда, 7 шілде

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Көшпенділер»
06.30 «Көңіл толқыны»
07.00 «TANSHOLPAN» .
10.00, 18.00 Т/х «Асау толқын»
12.00 «Қызық екен...»
13.00, 17.00, 20.00, 00.35 AQPARAT
13.10 «Сүйкімді София»
14.00, 02.15 «Теледәрігер» . Тікелей эфир
15.00 «Елбасы жолы. От өзен»
17.20 «Nur-sultan»
20.35, 01.25 « ASHYK ALAN»
21.30 «ЗАМАНДАСТАР»
22.30 Т/х «Жат мекен»
23.50 «Сана»
21.30, 00.20 Футбол. UEFA Euro -2020. «Доп Дода»
21.50 Футбол .UEFA Euro -2020 .1/2 финал

ХАБАР

06.00, 02.00 ҚР Әнұраны
06.00 «Пәленшеевтер»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 «Бросить вызов судьбе»
10.30 «Путь лидера Астана»
12.15 «Өз үйім
13.15,23.30 Т/х «Ана жүрегі»
15.00«Бүгін»
16.00 телесериал
18.00 «Воздушный маршал
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Елбасы. Летопись»
21.00 Итоги дня
21.30 «Человек –Эпоха: дальше и выше мечты»
22.15 «Алпыстан асып барамын»
01.30 «Әсем әуен»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.05 «Күлдірген»
07.00 «Ұрланған тағдыр»
08.00, 14.15 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Тұмарым»
11.30, 21.00 Т/с «Ұлым»
12.30, 23.10 Т/х «Қайсар ханша»
14.00 «Айтарым бар»
15.30, 03.50 «Үздік әзілдер»
16.00 «Сүлеймен сұлтан»
17.00 «Аладдин»
18.00 Т/х «ТАҒДЫРЫМ ЖАЗЫЛҒАН КҮН»
20.00,01.10 ASTANA TIMES
20.55 Loto 6/49 Прямой эфир
00.20 «Қош келдіңіз»
02.00 «Біреудің есебінен» деректі драма
02.45 «KazNet»
04.35 «Біздің ауыл»
05.05 «Отбасы»
05.30 «Бірегей»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Әйел сыры»
06.40,03.15 «Той заказ»
07.10,04.00 « Той базар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово»
12.00 «На самом деле»
13.00 Концерт
14.15 «112».. Тікелей эфир
14.30 «Qoslike». Тікелей эфир
18.30, 02.45 «Басты жаңалықтар»
19.00 Сериал «Анатомия сердца»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 «Ментовские войны»
00.40 «Хиромант. Линии судеб»
01.30 «П@утина»
03.45 «112»
02.50 «Ғашықтар»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Улы тамшылар»
08.30 «Ясминнің тағдыры»
09.10 «Сен мықтысың, тек алға!»
10.00 «90-ые: забытые пленки»
10.50 «Ты помнишь, как все начиналось»
11.50 Чудо по расписанию»
15.50 «Осиное гнездо»
18.00 «ЕКІНШІ ӘЙЕЛ»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 ,02.05 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
03.20 «Әйел қырық шырақты»

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
09.55 Ауа райы, роликтер
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 «Сегодня»
11.00 «Дәрігер кеңесі»
11.45 «Спорт»
12.00 «Шашу»
13.00 Т/х «Бәрі де анам жайлы»
14.00 К/ф «Адал дос»
16.15 «Әсем әуен»
16.30 Д/ф «Кең ауқымда»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир/
20.00 «Алматы облысы - 20 жыл (20 тұлға)
20.10 «Тұғырдағы тұлға»
20.15 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Кең ауқымда»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Бәрі де анам жайлы» (31-32 серия)
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

06.00 Ризамын (каз.)
06.30 «Әзіл күнделігі»
07.50 «Экстрасенсы против детективов»
09.50 «Иффет»
11.00, 23.30 Сериал «Ананди»
12.30 «Человек-паук: через вселенныk»
15.10 «Аксель»
17.00 «Экстрасенсы –детективы»
18.10 «ПАСТЫРЬ»
20.00 Информбюро
21.00 «Дар небес»
22.20 «Другой мир. ВОСТАННИЕ ЛИКАНОВ»
03.30 1001 анекдот
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00,05.00 «Қуырдақ»
07.00 «Оян, QAZAQSTAN»
09.00, 15.00 «Мезгілсіз сезім»
10.00, 18.00 «Позднее раскаяние»
10.50,19.30 Т/х «Нюхач»
13.00 «Бастық боламын»
14.00,02.15 «Q-елі»
16.00 «Сердечный враг»
19.00 «Студия 7»
22.00, 03.00 «Арам ақша. Адал махаббат »
01.10 Т/х «Анна-детектив»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ОБРАЗОВАНИЕ

ПОДВЕДЕНЫ ИТОГИ РЕСПУБЛИКАНСКОГО КОНКУРСА ДЛЯ ЖУРНАЛИСТОВ

ПОДВЕДЕНЫ ИТОГИ РЕСПУБЛИКАНСКОГО КОНКУРСА ДЛЯ ЖУРНАЛИСТОВ«ОБРАЗОВАНИЕ В НОВОЙ РЕАЛЬНОСТИ», ОРГАНИЗОВАННОГО АВТОНОМНОЙ ОРГАНИЗАЦИЕЙ ОБРАЗОВАНИЯ «НАЗАРБАЕВ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫЕ ШКОЛЫ»

Материалы по образовательной тематике представили более 110 корреспондентов республиканских и региональных СМИ, а также фрилансеры. Всего на почту конкурса поступило более 500 материалов самых разных жанров на казахском и русском языках.

Телеканалы, газеты, Интернет-порталы, радиокомпании отражают все многообразие медийного пространства страны: Хабар 24, КТК, Qazaqstan, 31 канал, Хабар, EgemenQazaqstan, Время, Forbes, Казахстанская правда, Караван, Білімді ел – Образованная страна, Экспресс К, Казинформ и другие востребованные СМИ. Большое количество работ представили журналисты самых популярных региональных редакций.

Работы оценивало авторитетное жюри, которое возглавила министр информации и общественного развития РК Аида Балаева. В состав конкурсной комиссии также вошли: советник Президента Республики Казахстан

Бауыржан Омаров, председатель правления АО «Республиканская газета «Egemen Qazaqstan» Дархан Кыдырали, главный редактор журнала «Пресс-служба» (Российская Федерация) Тимур Асланов, а также руководитель пресс-службы АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» Мира Алипинова.

На торжественную церемонию подведения итогов и награждения победителей журналистов пригласил раритетный звонок. Это бронзовый колокольчик, которым был первый звонок в первой Интеллектуальной школе в столице. Для тех конкурсантов, которые не могли присутствовать на церемонии лично, была организована прямая трансляция на Youtube-канале NIS.

– Цель конкурса – информационная поддержка казахстанской школы в новой реальности, – поздравила журналистов председатель правления автономной организации образования «Назарбаев Интеллектуальные школы» Куляш Шамшидинова.

Вице-министр информации и общественного развития КемельбекОйшыбаев, подчеркнул, что в период пандемии возросла ответственность журналистов, которые работают в образовании и здравоохранении.

Как коллеги коллег поздравили конкурсантов и вручили награды советник Президента Республики Казахстан Бауыржан Омаров и председатель правления АО «Республиканская газета «Egemen Qazaqstan» Дархан Кыдырали,

Победителями республиканского конкурса для журналистов«Образование в новой реальности» названы:

Батырхан Тогайбаев, бизнес-аналитик делового журнала Forbes

За аналитические обзоры по проблемам образования

Онгарбек Куралов, ведущий редактор радио «Шалкар»

За программы, посвященные проблемам языка в современных СМИ

Акмарал Майкозова, собственный корреспондент республиканской газеты «Время» по Актюбинской области

За лучший заголовок (Как тебе такое, Илон Маск?)

Риза Молдашева, главный редактор городской газеты «Семей таны»

За создание тематической полосы «Ұстаз таңы»

Думан Анаш, заместитель редактора республиканской газеты «ЕгеменКазакстан»

За серию материалов об образовании в новой реальности

Любовь Доброта, собственный корреспондент республиканской газеты «Казахстанская правда» по Туркестанской области

За очерк, посвященный инклюзивному образованию

Гулбагда Кайраткызы, корреспондент столичного бюро телеканала КТК

За критические репортажи о проблемах дистанционного образования

Алибек Байшуленов, корреспондент областной газеты «Кызылординские вести»

За серию прямых включений телеканала «Хабара» с девятых Наурызовских встреч «Космос. Наука. Интеллект» в городе Кызылорда

Гульбакша Акажанова, шеф-редактор областного телеканала «Сарыарка»

За специальный репортаж, посвященный теме инклюзивного образования

Анна Шолгина, корреспондент отдела новостей телеканала Хабар 24 за специальный репортаж об интеллектуальной миграции.

Лауреатами конкурса признаны:

Мирлан Алтынбек, корреспондент телеканала Хабар 24

Эльвира Бокенбаева, корреспондент республиканской газеты «ЕгеменКазакстан»

Асель Муканова, старший корреспондент республиканской газеты «Казахстанская правда» г.Нур-Султан

Светлана Офицерова, редактор образовательной газеты «Учительская плюс»,

Сания Байтарова, редактор телеканала Жетысуг.Талдыкорган

Галина и Виктор Вологодские, корреспонденты республиканских газет «Караван» и «Казахстанская правда»

Талгат Адилов, собственный корреспондент телеканала Хабар 24 по Мангистауской области

Жания Абдибек, корреспондент бизнес-канала «Атамекен»

ГульжанРаманкулова, корреспондент агентства BAQ.KZ

Әлішер Өмірзақ, корреспондент телеканала «Астана»

Назван победитель в специальной номинации «Шамшырак», посвященной 180-летию великого казахского ученого и педагога Ибрая Алтынсарина. Лучшим признан социальный проект главного редактора республиканской газеты «Билимды ел – Образованная страна» ЛяззатТуркестановой «Моему учителю с любовью».

Ученики Интеллектуальных школ подготовили для журналистов праздничный концерт, в котором выступили лучшие творческие коллективы NIS: танцевальные ансамбли Уральской и Актюбинской школ, домбровый оркестр столичной школы физико-математического направления и юные вокалисты из Усть-Каменогорска.

Следующий конкурс для журналистов в NIS планируют в год 15-летия системы – в 2023-ем.

К. ПФАЙФЕР.

НОВОСТИ

БУДУТ ЛИ ВАКЦИНИРОВАТЬ ДЕТЕЙ?

В Казахстане несовершеннолетним пока не рекомендуют вакцинироваться против коронавирусной инфекции, сообщили в Министерстве здравоохранения.

"В настоящее время в Казахстане детям до 18 лет не рекомендовано проведение вакцинации против КВИ с учётом того, что нет официальных рекомендаций от разработчиков вакцин. В последующем, в случае поступления официальных рекомендаций разработчиков по эффективности и безопасности вакцин против КВИ для лиц младше 18 лет позиция по вакцинации может быть пересмотрена", – сообщили в ведомстве.

Казахстанские врачи и учёные убеждены, что инструкции по вакцинации детей с 12 лет должны быть официально заверены и прописаны в специальных документах. Производителям необходимо доказать безопасность и эффективность своих препаратов.

"Пока этот вопрос на стадии изучения. У нас в Казахстане есть независимые эксперты, которые объединены в консультативную группу по иммунизации. В настоящее время группа учёных изучает мировую литературу, результаты исследований, научных исследований, и, конечно, это всё будет проводиться параллельно, по мере того, как мы получим от производителей соответствующие рекомендации, прописанные в соответствующих инструкциях, и результаты независимых экспертов", – сказала заместитель председателя правления Национального центра общественного здравоохранения МЗ РК АйнагульКуатбаева.

Эксперт Национального центра экспертизы лекарственных средств и медицинских изделий, профессор Александр Гуляев подтвердил, что пока доказательств безопасности использования для детей вакцин, зарегистрированных в Казахстане, не представлено.

"Как только будут получены клинические исследования, это будет рассмотрено. Если эти доказательства будут убедительными по безопасности и эффективности, то показания (для вакцинации детей. – Авт.) появятся и в нашей стране", – сказал Александр Гуляев.

В июне власти Китая разрешили в экстренном порядке использовать вакцину CoronaVac для детей от 3 до 17 лет. В настоящее время в стране ведутся подготовительные работы к началу кампании вакцинации.

СОБ. КОРР.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АҚШАНЫҢ КЕПИЕТІ

(әңгіме)

Жалғыз ұл жер бауырлап жылап жатыр.

Зор дауысынан қабырға дірілдеді…

Оның айтқан сөздері жанындағы кейуананың сай-сүйегін сырқыратып, жылаған даусы жан-жүйесін босатты. Ақ бурыл шашы орамал астынан дуаланып шығып, иығы шодырайып, қу сүйегі қалған Ана отырған орнынан сүйретіле тұрып, баласының жанына келді. Арбиған саусақты арық қолымен ұлының ақ бура басын алдына алып құшақтап, маңдайынан желкесіне қарай сыйпады. Арыстандай ақырып, өгіздей өкіріп жатқан еркек жуасығандай, анасының шодырайған тізесіне басын қойып, манағы сөздерін енді ақырын дауыспен қайталай бастады.

– Апа, сенің айтқаның келді. Бізді ақшаның кепиеті ұрды! Қайда барсам да жолым кесіліп, бір жаманшылық өкшелеп қуады да жүреді. Мен Зайнапты өлтірем, сол бізге осы сұмдықты шақырған! Өлтірем! – деп ұмтылған ба-ласын енді Ана бауырына тартып, құшағына қысты. Оның тарам-тарам болып бетін жуған жасы баласының шашына сіңіп жатты.

– Қой, балам! Өзі ақымақ әйеліңді өлтіргенмен іс бітпейді. Оның қанын мойынына жүктеп қайтесің. Балаларыңның обалына қаласың.

– Сол балаларым үшін өлтірем, кесір қатынды! Ол балаларымның болашағын құртты, Апа. Енді олар кедейшілік пен жоқшылықта өтетін болды. Қызымның қайда жоғалып кеткенін кім біледі?

– Қой, балам! Әкеңнен құрсақта қалып сен де жетілдің, қатарынан қалмай азамат болдың. Олар да өз күндерін көреді. Маңдайына кедейлік жазылса, оны көреді, ақылдары болса, жол тауып жарыққа шығады.

– Менің жолымның болғыштығына ата-әжем мен сенің ақ тілеуің себеп, үлкенді құрметтеп, кішіге ізет жасап, еңбекті қадірлегеніңнен мен осы күнге жеттім, Апа. Ана ақымақ қатын не еңбектің, не адамның қадірін білмейді. Келген бақты қуып шығады. Қайтіп менің балаларымның жолы болады, – деп қу сүйек анасын құшақтаған алпамсадай еркек басын көтере беріп, босаға түбінде сүйеніп тұрған әйелін көре жан көргендей көтеріліп, «Өлтірем!», – деп тап берді.

Жалмауызға да жан керек, бір әулеттің берекесін кетіріп, бағын қуып, дәулетін қашырған Зайнапхан бір кезде келін боп түскен шаңырағынан аяқ-аяғына тимей қашып бара жатты.

* * *

Рашиттің әкесі – Әмиржан егіс басында аударылған трактордың астында қалып мерт болды.

Анасы – Мервангүл қайғы жұтып, қан құсып жүріп баласын шала туды.

Ата-әжесі жалғыз ұлынан қалған, шала туған нәрестені тұмаққа салып өсіріп, бауырларына басты. Арыстай азаматынан айырылса да, артында қалған бөбегінің тілеуін тілеп, сабыр тұтты. Жиырмадан енді асқан келіндеріне үш жылдан соң ақ баталарын беріп, әйелі қайтыс болған азаматқа ұзатты. Енді қайтсін! Мервангүл адал сүт емген, ақ пейіл бала ғой, екі мұңлықты аяп, жалғыз тұяқты бауырларында қалдырды. «Құдай салды, біз көндік» деген екі қарт Рашитті көздері жұмылғанша қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқытырмай өсірді. Мектеп бітірген соң өзі алғыр бала бірден беделді оқу орнына түсіп кетті. Мервангүл ұлы оқуын аяқтағанша ата-енесін өз отбасымен қабатында алып, бақты. Дәмі таусылғанда атасын арулап, о дүниеге аттандырды. Енесін өз анасындай ардақтады. Екінші күйеуінен туған балалары да кемпірдің бауырынан шықпайтын. Осындай мейірімді де, қайырымды әйелге жерлестері құрметпен қарап, қыз-келініне үлгі етіп оты-ратын. Әйелдің басты бір арманы орындалып, Әмиржанның жалғыз тұяғы келіншек алып, қарашаңырағына ие болды!

Сырттан қараған адамға бәрі ойдағыдай, бәрі армандағандай. Қандай қиындық болса да талшыбықтай Мервангүл қайыспай көтеріп, ата-енесі, күйеуі, балаларының ойлағандары орындалып, мақсаттарына жетіп жатқан-дай. Еңбекқор шаңырақтағылар таңның атысына кім егінге, кім сабаққа, кім қызметке құмырсқаша жыбырлап кетіп барады. Күннің батысына бәрі ағаш дарбазаның есігін сықырлатып кезек-кезегімен қайтадан құмырсқаша отбасыларына оралады. Кешкі ас үстінде әркім күні бойғы тындырғанын жариялап, тапқан табысын отанасы – Мервангүлдің алақанына салып, ертеңгі күннің жоспарын құратын. Осындай шат та шадыман шаңырақ шынашақтай ғана Зайнапхан деген келін түскеннен былай шайқала бастағанын қайтерсің.

Әулет «Дада» деп құрмет тұтқан Зайыржанның өгей әкелігі бетіне басылды. Қырық құрау болса да Мервангүлдің үлкен жүрегіне сыйып, айрандай ұйып отырғандардың бір-біріне қан жағынан туыстығы жоқтықтары әшкере болды. Енді ғана қызметке тұрып, ел аузына ілініп келе жатқан Рашиттің табысы тиынына дейін саналып, оның көп ауызында кетіп жатқаны айқындалды. Ақыр соңында ұлын құшақтап, ұйғырша айтқанда, «жамандап» жас келін төркініне тартып отырды. Артынан барған күйеуіне жеке үйге бөлініп шықпаса – ажырасатынын мәлімдеді. Анасының да көңілін қимай, жарының да көңілін қимай басы былғаңдап жүрген жігітті енесі үйге кіргізбей қойды. Жалғыздан қалған қу жалғызының жасын жүргенін көргеннен Хелча момайдың қаны көтеріліп, аяғы әкеліп ажал құштырды. Ақырында шынашақтай келін жеңіп, Зайыржан мен Мервангүл бар жиған-тергенімен Жаркенттен Рашитке үй сатып алып берді.

Зайнапханның арманы орындалып, отау боп шықты…

Рашит аудандық сауда басқармасында бас маман болып қызметін атқарып жүрді. Аудан көлеміндегі асханалар, азық-түлік дүкендері мен сауда-саттық орындарының бәріне кезекпен барып, кіріс-шығыстарын тексеріп, іс қағаздарын қопарыстырып қайтады. Жалғыз жүрмейді басқарманың орынбасарымен, не бөлім бастықтарымен бірге іс сапарға шығады. Олар келе жатыр дегенді естігеннен мекеме басшылары мен қызметкерлерінен ес кетеді. Ішпей, жемей қанша қатып қалған есепші болса да тексерушілер бір ши шығарады. Тексерістің соңы – ревизорларды риза етіп, көліктерімен жеткізіп салуға ұласады ғой. Үйлеріне алып келгенде қаппен күріш, қант, қымбат ішімдіктер дегендей сәлем-сауқатымен қосып үйіне кіргізіп, қоштасады. Айлығы – майлығына, майлығы – шайлығына ұласып Рашиттің отбасы қоңдана бастады. Зайнапхан өз билігі өзіне тиген ханшайымға, бір ұл, бір қыздың анасына айналды. Ішкені алдында, ішпегені артында. Өзінен артылғанын төркініне тасиды.

Зайнапхан үшін осы алқып-шалқып, шашып-төгіп жүргені бақыт!

Рашит табысын үйге алып келеді, одан ары ол қайда кетіп жатыр, өзінің бауырлары мен анасына бірдеңе тиіп жатыр ма, жоқ па – жұмысы жоқ. Таңертең асығып қызметіне кетеді, кешке қарай балаларын сағынып асығып үйіне келеді.

Рашит үшін осы тынымы жоқ, табысы көп еңбегі бақыт!

Мервангүл де келіні мен баласының өсіп-өніп отырғанына риза. Жасында сүйіп қосылған Әмиржанның жалғыз тұяғының абыройы өсіп, түтінінің жалғасып отырғанына шүкіршілік етеді. Өзінің бауырындағы жамандары да адам болып келеді. Зайыржанның қара кетпені мен Айдарлының ақ топырағы аман болса бау-бақшасы жылда жайқалып, табысы шаш-етектен болары сөзсіз. Күйеуі еңбегін еміп, маңдай теріне сенген азамат. Күн ұясына отыра кетпенін көлденеңдей тақымына басып, көк есегіне мініп, қырдан құлдилап келе жатқанынан таниды. Тамның төбесінен түсе сала құмыраға құйған сусынын қолтығына қысып, құстай ұшып алдынан шығады. Жақындағаннан күйеуінің «Анархан женим татлық, яр-ай!» деп әндетіп келе жатқанын естиді. Екеуі мәз, бір-біріне күлім қағады. Сусынын қос қолымен көтере сіміріп алған еркек басына байлаған шаршыны шешіп алып, терін сүртеді. Келіншек көк есектің шылбырын қолына алып жетелеп үйге баратын жолға түседі. Ерлі-зайыпты екеуі туған жердің жусаны бұрқыраған хош иісті ауасын рахаттана жұтып үйлеріне келе жатады.

Мервангүл мен Зайыржан үшін осы жүрістері бақыт!

Жазиралы Жаркент өңірі туралы әңгіме қозғалса, алдымен кең-байтақ қазақ жерінің алып та көне Қытай мемлекетімен шектескен шекаралы аймағы көзге елестейді. Қорғас өзені арқылы көне көршімізбен иық тіресіп, елдің бас қақпасы “Қорғас” кеденімен тұғырланып жатқан ауданда әркім өз бақытымен сусындап жүрген сексенінші жылдардың соңында елде экономикалық тоқырау етек алды. Дүкен сөрелері бос қалды. Отбасындағы адам санына орай картішкімен азық-түлік берілетін кездер басталды. Грамдап құмшекер, литрлеп май үшін кезекте тұрғандарды көргенде жаның құлазиды.

Жұрттың көбі және жұмыссыз қала бастады. Сарсаңға түскен жұрт саудаға бас қойды. Қытаймен шекаралас Жаркенттің тұғылықты халыққа пайдасы осы кезде тиді. Делдалдар екі араны жолға айналдырып, ала қаптарын арқа-лап, арғы жақтың сапалы-сапасыз тауарларын бері қарай таси бастады. Сатылатын затқа өтуіне қарай өз қалау-ларынша баға қойды. Келекеле қаптап тасығаннан көліктеп тасуға көшті. Қаншалықты өткізсе, соншалықты пайдасы да көбейеді. Рашит Зайнапхан екеуі де ел қатарлы екі жақтап саудаға кірісіп кетті. Делдалдармен байланыс орнатып, Алматыға қарай да тауар арттырып жүрді. Жаркенттің ортасынан арт-артынан жалға алып дүкен ашып, үйлеріне ақша судай ақты.

Шешесі алып берген үйді сатып, орталықтан әулі-жайы кең қос қабатты үйге қолдары жетті. Үйге де, дүкенге де қызметшілер жалдап, құлиеленуші болып шыға келді.

Рашиттың дүкенінің сатушылары мен алыпсатарлары Зайнапханға тиынына дейін санап есеп беріп тұратын. Ақша ауысқанда бір сомдық сар құлақтар ауыстыруға үлгермей қалды, жиыстыра келгенде желім қалтамен бірінді болды. Енді оның құны жоғына жыны ұстаған әйел сол қалтасымен сырттағы дәретханаға апарып қойды. Оны бірінші көрген аула сыпырушы әйел сарықұлақтарды қолына ұстап тұрып қайран қалды. Дәретханаға байқамай қалтамен шығарып жіберді ме екен? деп ойлап, қожайкесіне жүгіріп келді, қалтаны құшақтап.

– Қожайке, мына ақша салған қалтаны біреу дәретханада ұмытып кетіпті, – деп.

Күңінің қолындағы таныс ала қалтаны көрген келіншек, жұлынып, аяғының басына түскен жібек халатына сүрініп-қабынып жанына жетіп келді де:

– Немене, жаңалық ашқандай болып тұрсың, ақша ауысып, бір сомның арт сүртетін қағазға да жарамай қалғанын естімедің бе? Апар қайтадан, ең болмаса дәретхана қажетіне жарасын! – деп қолынан жұлып алып дәретхана жаққа қарай лақтырып жіберді.

Бейшара аула сыпырушы не десін, тоңқаңдап жүріп шашылған сары құлақтарды қайта жинап, қалтаға салып дәретханаға алып бара жатты. Маңдай термен суарылған сомның құны кеткенде кепиетінен қорықпай, дәретханаға тастаған кесір қатын түк болмағандай баспалдақта керіліп көшеге қарады.

Дәретханаға қойғанымен ешкімнің оны пайдалануға қолы бармай, сол қалпында аузы ашық қалтадан көзді тартып қайран ақша бұрышта тұрды.

Рашит Алматыдағы саудасының есебін алып қайтарда жолай Айдарлыға соғып, анасын ала келді. Баласының үйі тура қаладағыдай дәретханасы, жуынатын-шайынатын орындары ішінде болғанымен, қартаң әйел өзі үйренген сырттағы дәретханаға шығатын. Бұрышта тұрған ала қалтаны, оның ашық аузынан қылтиып қарап тұрған сар құлақ бір сомдықтарды көрген әйел алғашында өз көзіне өзі сенбеді. Суретін салған қағаз ба деп ойлады. Қолына алып, сытырлатып ұстап көрді. О, тоба, АҚША! Кәдімгі, бір кезде біреулер зар болған, біреулердің маңдай терінің өтеміне төленген ақша! Біреулер осы үшін соғысып, қан төгіліп, адам өлген қасиетті ақша! Оны кім дәретханаға қойып қойған. Дорбаның ішіне қолын салып ары-бері қопарылыстырып көрді. Бәрі сарықұлақ, сытырлаған бір сомдық. Иіскеп көрді. Адамдардың тер исі сіңген кәдімгі ақша! Мына сұмдықтан шошыған ана «Біссімілла!» деп дорбаның аузын жинақтап қолтығына қысып, сыртқа шығып жанжағына қарады.

Ана жерде аула сыпырушы әйел гүлдерді суарып тұр еді.

– Әй, қатын! – деп қолын бұлғап шақырды. Ол шашыратып тұрған суын тоқтата сала жанына жүгіріп келді.

– Амансың ба?

– Жақсымысыз, апа?!

– Сен осы үйдің қызметшісісің бе?

– Иә…

– Мына дәретханаға да сен қарайсың ба?

– Иә…

– Мына ақшаны біреу дәретханаға қалдырып кеткен бе?

– Мен де сондай ойлап, қожайкеге алып барып едім, ол қазір құны жоқ деп қайта апарғызып қойды ғой, – деп бейшара жер шұқып тұр көзімен.

Ашу буған Мервангүл қалтаны қолтықтаған күйі балалары демалып отыр-ған қонақ бөлмеге бірақ кірді.

Ұлы – жол бойғы сүркілден диванда шалқасынан жан шақырып жатыр.

Келіні – дударбас біреуге аяғының тырнағына сыр жақтырып отыр.

Немерелері – келесі бөлмеде телевизор көріп жатқандай.

Есіктен алқына кірген ана есік түбінде осы көріністерге қарап тұрды. Оны ешкім байқайтын емес. Өзінше алқып-шалқып жатқан бір өмір.

Есіктен бір қадам аттады да, айқай салды:

– Әй, Зайнап, сен бе мына сұмдықты істеген?! – деп шаңқылдаған әйел даусынан шошып кеткен бояушы қыз сырын төгіп алды еденге. Көзін жұмып демалып жатқан еркек басын жастықтан жұлып алып есікке қарады. Бұл күнде толыса бастаған Зайнаптың өзі отырған жерінен атып тұрды. Арғы бөлмеден немере қыз жүгіріп келіп не болды дегендей есіктен еліктей елеңдеп қарап қалды.

– Мынау не?! – деп ала дорбаны бөлменің ортасына лақтырып жіберді. Еденде сарқұлақтар ақтарылып жатты. Таныс ала дорба мен таныс сарқұлақ бір сомдықтар тағы алдынан шыққанға келіншектің жыны келіп:

– Не бопты? – деп енесінің бетінен ала қарсы шаңқ етті.

– Найсап! Саған әке-шешең ақшаның еңбекпен келетінін үйретпеді ме? Өзің де соның бағасын білетіндей болдың ғой. Ақшаның кепиеті – астың кепиетімен бірдей! Кесірлік көрсеткендерді оның кепиеті ұрып, аштықта бұ-ралып жатқандарын көргенбіз. Ақшаны, асты қорлағанның неше түрін көріп, естіп едік, дәл мынандай сұмдықты тұңғыш рет көруім. Шыққыр көзім не көрді, ойбай! Ақыры жақсы болса болар еді, ойбай! – деп ана орамалын басынан жұлып алып бетінен аққан тарам-тарам жасын сүртіп, еденге жалп етіп отыра кетті.

Әйелдердің ащы даусынан жаны шошыған Рашит денесін көтеріп, аяғын салбыратып диванда отыр, екі көзі ортада жатқан ала қаптан шашылған ақшаларда. Түк түсінсе бұйырмасын! Анасы енді ұлына қаратып:

– Әй, көксоққан! Сен қайда қарап жүрсің, маңдай теріңді кесір қатынға дәретханаға тастатқызып. Көр де тұр, осының түбі жақсы болмайды! Сендерді ақшаның кепиеті ұрады! – деп ала көзімен ата қарады.

– Апа, не болды? Бұл неғылған ақша? – дейді ұлы.

– Ана, кесапатыңнан сұра!

– Ой, апа, не бопты сонша?! Енді бұл ақшаларды ешкім алмайды, бекер қалған соң дәретханаға апарып қойғанмын. Ендеше, өртеп жіберіңіз! – деп енесіне қарап бажырайды келіні.

Сонда барып бірдеңенің мәнісін ұққандай болған Рашит орнынан тұрып, ортада ақтарылып жатқан бір сомдықтарды сытырлатып уыстап ұстады.

– Немене, сен мыналарды дәретханаға қойғанбысың?! – деп әйеліне тап берді. Толық адам қайдан қашып үлгерсін, күйеуі шашынан шап берді. Басын өзіне қаратып алып, бетіне былш түкіріп, есікке қарай итеріп жіберді. Әйелі өзіне қарап бажылдап бірдеңе деп еді, май құйрығынан бірақ тепті де, далаға атып шықты.

Ананың айтқаны келді ме, ақшаның кепиеті ұрды ма, содан көп ұзамай-ақ Рашиттің тіршілігі шатқаяқтады…

Жалға алып ашқан дүкендерінің иелері үйлерінен айнып, олардан қымбат төлейтіндерге бет бұрып кетті. Алматыдағы тауар алатындары бұлардан гөрі арзан өткізетіндермен байланыса бастады. Нарық пен бәсекеге шыдамай басындағы хан сарайды сатып, шағындау үйге көшті. Ұлы құмар ойынына әуес болып, жаман топқа еніп кетті. Соны ортасынан бөлу үшін Алматыға көшті. Үлкен қалада қайдан дайын тұрған жұмыс болсын. Пәтер жалдап, базарға шығып сауда жасап көріп еді, Зайнапхан қатарлас тұрған әйелдермен ұрсысып қоймады. Көп ұзамай саудагерлер жабылып Зайнапханды тауарымызды ұрлады деп жала жауып, орталарынан айдап полицияға ұстатты. Қолында қалған тиын-тебенін ісін қараған полицияға беріп, әрең құтылды.

Сандалып жүріп екеуі қала ортасындағы бір кафеге жұмысқа тұрды. Иесі жап-жас қыз екен. Өз үйінде тамақ жасамайтын Зайнапхан аспаздың көмек-шісі болып, Рашит жас қыздың көлігін жүргізуші болды. Екеуіне тұратын бөлме де берді. Базарда басына тиді ме, мұнда әйелі ешкіммен ұрсыспай тыныш жүрді. Шешесіне тартып дүниеқоңыздау болып өскен қызы әуелі оқудан шығып, күндердің күнінде жоғалып тынды. Рашиттың бармаған жері, баспаған тауы қалмаса да қызды көрдім деген пенде кездеспеді.

Зайнапханның зар жылағанда етегі жасқа толады. Бірде кафенің иесі болып жүрген жас қызға жылап отырып басынан өткендерін айтып береді. Енесінің ақшаның кепиеті ұрады дегенін де жасырмады. Қолында барды бағаламасаң, тақыр кедей болып қалуың оңай екен дейді, ақыл айтқандай. Бір кезде күн ұстап жүрген келіншектің енді өзі күңге айналып, қызының ұшты-күйлі жоғалып кеткенін аяған қыз оларға жақсы қарап жүрді. Зайнапханды бас аспаздыққа дейін көтерді.

Бір сырласып отырғанда жас қыз Астанада қызмет істеп, балаларына осындай жағдай жасап беріп отырған өз анасына аспазының сырын айтады. Ондағы ойы – осы барымызды қанағат етіп, еңбектің бағасын біліп келеміз дегенді ұқтырғысы келіп еді. Анасы қызының әңгімесін тыңдап болып:

– Балам, ол әйелді ертеңнен қалдырмай жұмыстан шығарып жібер. Әйтпесе кесірі бізге де тиеді, – деді.

– Неге, апа?! Зайнап тәте бұл күнде сол істегендеріне өкінеді, түзеліп келеді, – деп араша түсті.

– Жоқ, балам, оны Құдай ғана түзейді! Менің әкем де ақшаның кепиеті болады, ол маңдай термен өлшенеді деп отыратын. Қолына тиген ақшаны құрметтеп, дүкенде қайтарғанда тиынын санап ал, жерде жатқан бір тиынды да көтер деп үйреткен. Сондай қасиетті нәрсені дәретханаға қойды дегенді осынша кітап оқып, осынша адамдардан әңгімелер тыңдап жүріп, естімеппін. Оларды ақшаның қарғысы атқан шығар шынында, аулақ жүр, шырағым! – деп шошып кетті.

Әке-шешесінің айтқанын екі етпей өскен бала ертесіне-ақ Рашит пен Зайнапханмен есеп айырысты. Соңғы бір-екі жылда осы кафеге келіп естерін жинап қалған ерлі-зайыпты тағы далада қалып, қайтадан жұмыс іздеп жолға шықты…

Сәуле ДОСЖАНОВА

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru



ШЫБЫН ЖАН КӨККЕ ҰШҚАНДА

(Хикая)

Ұшы-қиырына көз жетпейтін кең далаға қанат жайған қара мақпал түн мына қаланың мың-миллион шамдарынан сескеніп, жұлдызды аспанға қайта көтеріліп кеткендей.

Олар қонақүйдің алдына келіп тоқтағанда, манадан бері қалың ойға шомып отырған Сәруар бір серпіліп:

– Ал, қане, ішке кіріп, ауылдан келген дәмнен ауыз тиіңіз, – деді. – Шын айтам… Сізге арнап әкелгем, бас тартпаңыз…

– Жо-жоқ, – деді Назгүл қысылып. – Кеш болып кетті.

Содан соң екеуінің арасында қолайсыздау бір үнсіздік орнады. Және де бұл – ұзақ жолдың, тағдыр жолының алдындағы үнсіздік секілді екеуіне де ауыр тиді.

Назгүл оның ертең тағы да алыстап кете баратынын ойлады әрі одан біржола айырылып қалатындай қорқыныш биледі көңілін.

– Жарайды, – деді сонсоң ақырын үн қатып. – Тек бірер минутқа ғана…

Екеуі ішке кірген соң, Сәруар тоңазытқыштан ауылдың дәмін алып, үстелге қоя бастады. Әлдекімнің ұқыпты қолы мұқият орап салған бір таба нан, құрт, ірімшік, жент секілді тағамдар Назгүлдің елге деген сағынышын оятып, екі арадағы әлгі бір үнсіздіктен кейін тобарсып қалған көңілін қайта жылытып, жан дүниесін жұп-жұмсақ жібек самал желпіп өткендей болды.

–Түу, қандай мырза жігітсіз, – деп күлді.

Сәруар тоңазытқыштан коньяк алып, екі рюмкаға құйды.

– Жо-жоқ, бұл біздің ауылдың дәмі емес!

– Иә. Солай. Бірақ… біз Алматыда отырғанымызды ұмытпауымыз керек.

– Жарайды. Аз-аздап қана…

– Бүгінгі сапарымыз мен үшін мәңгі есте қалатындай ерекше сапар болды. Сізге рақмет!

Хрусталь рюмкалар олардың көңілін көтергісі келгендей сыңғыр ете түсті. «Нартәуекел, – деді Назгүл іштей. – Тіпті болмаса, машинаны осында қалдырып, таксимен-ақ кетермін…»

– Әңгіме айтыңыз, – деді ол бірінші рюмкадан соң Сәруарға қарап.

Жігіт ойланып қалды.

– Не айтсам екен… Негізі мен сол әңгімелерді қалай жазудың қыр-сырын үйрену үшін ертең сапарға шығайын деп тұрғаным жоқ па.

– Айтпақшы, билетке тапсырыс бердіңіз бе?

– Иә. Ертең сағат он бірдегі рейспен ұшатын болдым. Тіпті, тіркеуден де өтіп қойдым.

– Оның бәріне қашан үлгеріп жүрсіз?

– Жаңа… – деді Сәруар стол үстінде жатқан қалтателефонына қарап иек қағып. – Сіз қол жуып жатқан кезде.

«Қандай епті жігіт» деп ойлады Назгүл оған қызыға қарап.

Қызуын бойына жасырған жұмсақ коньяк екінші рюмкадан соң-ақ Назгүлдің қанын қыздыра бастады.

– Неге Мәскеуге?.. – деді ол Сәруардың жүзіне тесіле қарап. – Қараңызшы, мынау Алматы қандай сұлу қала!

– Иә, расында да, ғажап. Бірақ… менің Әдебиет институтына, Чеховтың ізі қалған қалаға барғым келеді.

– Дегенмен, оның шығармаларында сіз таңғалатындай ештеңе де жоқ. «Хамелеон», «Шенеуніктің өлімі», «Құндақтаулы адам» – кеше болған, бүгін бар, ертең де өмір сүре беретін жандар.

– Әрине. Өте жақсы айттыңыз. Шындап келгенде, адамзат баласы бір мысқал да өзгермейді. Өзгеретін тек материалдық құндылықтар ғана.

– Ендеше, әдебиеттің қажеті қанша?..

– Шынымды айтсам… Білмеймін. Бірақ ол өмір үшін күресе беретін өнер. Бәлкім, мынау дүниенің біржола құрып кетпей, әлі күнге дейін сақталып келе жатқаны да соның арқасы шығар.

Назгүлдің енді бұл тақырыпты қозғағысы келмеді. Іштей: «Ал біз ше?.. Біз… Өзіміз жайлы неге айтпаймыз? –деп ойлады. – Сен… мені… Үлкен белдегі «жазу кабинетінде» неге сүйдің…»

Кенет оның көңіліне үрей кірді. «Мүмкін, Сәруар да әлгі улы кеннің кесірінен… – Абайсызда шоқ басып алғандай шыңғырып жібере жаздады. – Жо-жоқ. Мүмкін емес!.. –деп қарсыласты ішкі ойы. – Мүмкін емес!..»

Сәруарға тіксіне қарап:

– Рұқсат болса, мен қайтайын, – деді асығып.

Сәруар да оның ойын сезіп, жігері жасып қалғандай үн қатқан жоқ. Иығына сумкасын іліп, орнынан тез көтерілген Назгүлдің алдында біртүрлі дәрменсіздік танытты. Сосын екеуі есікке қарай беттегенде қуықтай ғана тар дәлізде қысылып, бір біріне бетпе-бет келгені сол екен, демі жиілеп, үздіге қараған жігіттің қолы Назгүлдің беліне оратыла кетті.

– Жаным!.. Мен сізді… Жо-жоқ… – Сәруар ентіге сөйледі. – Мен сені… сүйем…

– Ім-м… – деді Назгүл оның ып-ыстық деміне тұншығып. – Тағы да… тағы да айтшы… Не дедің-ң?.. Мен де…

Ол өзінің кеудесінен қандай жалынды сөздер шығып жатқанын білген де, түсінген де жоқ. Бірақ ақылмен емес, жүрекпен тіл қатып тұрғанын сезді. Кенет Сәруардың қарулы қолы оны көтеріп, ұша жөнелгендей болды. Екеуі жерден жеп-жеңіл көтеріліп, қалықтап барады… қалықтап барады… Жігіт ертегілерде айтылатын алып самұрық құсқа айналып, Назгүлді керегедей үп-үлкен қанатына отырғызып алған секілді.

Олар сөйтіп, ұшып-ұшып келді де, аққудың мамығындай жұп-жұмсақ ақша бұлттың үстіне қона кетті…

* * *

Қара күздің жаңбырлы салқын күндерінде зымыран уақыт жүрісінен жаңылып қалғандай. Қысқы каникулда Алматыға келемін деп уәде берген Сәруарды оның осы бір мимырт, көңілсіз қадамы кешіктіріп жатқан секілді.

Күндегі әдеті бойынша қызын балабақшаға, Сәкеңді қызметіне шығарып салған соң Назгүл үйде жападан-жалғыз қалып, ешқашан да, ешкімге де бас имейтін тәкаппар уақытқа ренжиді.

Шыдамы таусылып, Сәруарға телефон соғады. Келер жылы қорғауға тиісті диссертациясының жұмысы мүлде тоқтап қалған. Бірақ оны ойлап, бас қатырып жатқан жоқ. Еркіне салса, мынау шабан уақыттың тілін шыр айналдырып, Сәруардың қысқы каникулына апарып бір-ақ тоқтатар еді.

Ол Мәскеуден қоңырау күтіп отырғанда қас қылғандай мына жақтан Сәкеңнің телефон шала қалатын әдеті.

Аллоу, – дейді ыңыранып. Қазір Назгүлге оның түрі де, даусы да жиіркеніпті.

–Ал-лоу…

– Иә, Сәке. Тыңдап тұрмын.»

– Жаңа маған Әнет Исаевич келіп кетті. Сенің диссертациялық баяндамаңды жыл басындағы халықаралық форумның бағдарламасына енгізіпті. Оның ар жағында қорғайтын күн де алыс емес. Тек что, поздравляю…»

– Рақмет, – Назгүл өзінің емес, бөтен біреудің баяндамасы туралы сөз болып тұрғандай қинала жауап қатады. – Оған әлі ерте емес пе?

– Жо-оқ! Жақсылықтың ерте-кеші болмайды.

Сәкеңнің даусынан тоқмейілсіген сарын еседі.

– Шынымды айтсам… тақырыбымды әлі толық зерттеп біткен жоқпын, – дейді Назгүл.

– А-а… Түсінем, түсінем. Ғылымда бір тақырыпқа бір адамның ғұмыры жетпейтін кездер болады. Бірақ… Жә, жарайды. Ол жөнінде кешкілік үйде кеңірек отырып кеңесерміз.

Назгүл телефонды сөндірген соң енді не істесем екен дегендей ернін жымқырып, ойланып қалды да, кенет бір күтпеген жаңалық ашқандай алақанын шапалақтап секіріп кетті. «Маған неге осы… –деді ол қуанып. – Иә… иә, маған неге осы диссертацияны сылтауратып Мәскеуге барып қайтпасқа?..»

***

Күнтізбеге қарап, өз мезгілін күтіп тұрғандай-ақ тұп-тура бірінші желтоқсан күні түнде қар жауды. Таңертеңгілік ауа тазарып, алыстағы дауыстар әдеттегіден гөрі анығырақ естіліп жатты. Назгүл бүгін балабақша көлігінің даусын да, Сәкеңнің қызметтік машинасының даусын да үлкен жолдан бері қарай бұрылғаннан бастап естіді.

Бірінші қабаттағы холлда Сәкеңе құндыз жағалы жылы пальтосын ұсынып жатып:

– Мен бірер күнге Лизаға барып келсем бе деймін, – деді.

– Қай Лизаға?..

– Мәскеудегі. Быстрицкаяға…

– А-а, анау шашы көзіне түскен ұзын келіншек пе?

– Иә.

– Оның не қажеті бола қалды?

– Сіз білесіз, Лиза екеуміздің тақырыбымыз ұқсас. Біраз нәрсені кеңесіп, ақылдасып алуым керек болып тұр.

– Ә-ә… О шіркін, не білуші еді? Өзіміздің Әнет Исаевич бар емес пе?!

– Иә, бірақ Лиза еврейка ғой.

Есік тұтқасына қол соза берген Сәкең кенет кідіріп қалды. Бұл оның ең осал жері еді. Себебі Сәкеңнің топшылауынша «еврейлер қауымы мына дүниенің барлық құпиясынан хабардар». Сондықтан аз-кем ойланып тұрып:

– Барсаң… барып қайт, – деді еріксіз келіскендей салқындау шырай танытып. – Олардан бір жаңа идея табылып қалар. Бәлкім, кейін диссертацияның ең ұтымды тұсы да сол болып шығуы мүмкін.

«Ур-ра!» деді Назгүл іштей шаттанып. Тіпті, Сәкеңнің көзінше қол шапалақтап, секіріп-секіріп кетуге сәл ғана қалды.

Ол үйден шығысымен Сәруарға қоңырау шалды.

– Алло… сәлем!

– Сәлем!

– Қалайсың, жаным?

– Жақсы.

– Саған айтар бір қуанышты жаңалығым бар.

– Иә?..

– Мен Мәскеуге ұшатын болдым.

– Рас па?

– Әрине.

– Ур-ра!.. Қашан келесің?

– Ертең.

– Қай рейспен?

– Жо-жоқ! Оны айтпаймын. Барған соң өзім хабарласамын. Күтіп аламын деп әуре болма. Сабағыңнан қалып қоярсың. Сәру… сен мені сағындың ба?..

– Әрине, жаным! Сені де, елді де сағындым.

– Ендеше, күт мені!..

***

Назгүл ұшақта отырып:

«Қайран қазақ атам: «Тойдың болғанынан боладысы қызық» деп қалай дәл тауып айтқан!» деп таңғалды.

Қара жердің үстінде айтылған осы бір қарапайым сөздің мағынасын түсіну үшін оған мынау жеті қат аспанға көтерілу қажет болған сияқты. Назгүл өзін-өзі мұқатқандай көңілсіз ғана езу тартты. Иллюминатордан үңіліп, ақ мақта сияқты қалқыған бұлттарға қарады.

Мәскеуде өткізген үш күн, үш түн ол үшін, расында да, қуанышқа, шаттыққа толы болды. Өмірінде алғаш рет өзін-өзі еркін, бақытты сезінді. Сәруар екеуінің арасындағы құпия махаббат ауылдан, Алматыдан мыңдаған шақырым алыста қауызын жарып, күнге қарап ашылған гүлдей құлпырды.

Өзен жағасында, үлкен саябақта, қала шетіндегі қалың орманның ішінде қыдырған күндер мен қонақүйде бірге өткізген түндердің ләззаты бұған дейінгі көрген өмірінен мүлде өзгеше, таңғажайып ертегі сияқты еді.

Осы сапарда Назгүл алғаш рет Чеховтың Мәскеудегі музей-үйін, Лев Толстойдың усадьбасын көрді. Әлемге белгілі «Анна Каренина» романының адам баласы түсінбейтін шимайшатпақ қолжазбасының алғашқы беттерімен танысты. Суреткер еңбегінің қаншалықты азапты екенін ойлап, Сәруардың алдағы тағдырына алаңдады. Ал ол болса, осынау қуанышты күндердің бәрінде де сол баяғы сықырлы, құдіретті көркем сөз – әдебиет туралы айтумен болды. Алғашында Назгүл ол әңгімелердің бірін тыңдаса, бірін тыңдаған жоқ. Тек Толстойдың қолжазбасын көргенде ғана ойға батып, бір әйелдің тағдыры арқылы бүкіл әлемнің бақыты мен қайғысын қағазға түсірген суреткер шеберлігіне бас иді…Кеше «ауыз бастырық» ретінде Лизаны ресторанға шақырып еді. Оған Сәруарды ауылдасым, бауырым деп таныстырды. Қазақ ұлтында туыс та, ағайын да көп болатынын жақсы білетін Лиза сұңғақ бойлы, шымыр денелі әдемі жігіттің Әдебиет институтында оқитынын білгенде ерекше қызығушылық танытты.

Сонсоң онымен бүгінгі әлем әдебиетіндегі әр түрлі бағыттар туралы қызу әңгімеге кірісіп, пікір таластырып отырды.

Лиза әдеби кеңістіктегі жаңа бағыттардың бірін әлі игерілмеген тың кеңістік ретінде сипаттай бастап еді, Сәруар оған үзілді-кесілді қарсы болып, өткінші жаңбыр секілді уақытша ғана құбылысқа теңеді. Сонсоң Лиза: «Өткінші болғанымен, рухани дүниемізге нәр беретіні рас», – деп, дипломатиялық тәсілге көшкенде Сәруар өткінші жаңбырдан соң тек саңырауқұлақтар ғана қаптап шығатынын айтты.

– Ол да болса пайдалы, – деп күлді Назгүлдің құрбысы. – Өз басым саңырауқұлақты сүйсінін жеймін.

Лизаның бір жақсы әдеті – әп-сәтте өзгеріп, сол баяғы көңілді қалпына қайта оралатыны. Себебі оған талғам, таным, көзқарас қайшылықтары дегеніңіз, жай әншейін, күнделікті табақ-аяқтың сылдыры ғана сияқты әсер етеді.

Ал Сәруар болса, біразға дейін ойланып, үнсіз отырды. Қоштасарда Лиза бұны оңашалап алып шығып: Сенің бауырың өте талантты жігіт. Болашақта біраз салмақты дүниелер жазуы мүмкін, – деді. – Бірақ табысқа жетуі екіталай…»

– Неге? Назгүл тап бір көріпкел әйелдің алдында тұрғандай қалтырап кетті.

Лиза тағы да оп-оңай құбылып:

– Меніңше, ол сенің бауырың емес, жүрегің секілді, – деп күлді сылқылдап. – Сөз жоқ, тама-ша жігіт!.. Шынымды айтсам, мен сендерге қатты қызығамын. Шіркі-і-ін, маған да осындай бір жүректің қандай қажет екенін білсең ғой!..– Қойшы, Лиза! Не айтып кеттің?! –деп Назгүл бұртиып, шамданған болды.– Жасырма, жасырма! Жарайсың, Назикеша! Шалдың аты – шал. Бірақ… оның кілті кішкентай болғанымен, сейфі үлкен. Аха-ха-ха-ха!…«Қызық, – деп ойлады Назгүл иллюминатордан сыртқа үңілген күйі мұңға батып. – Бар шындығын сыпыра сияқты жайып салып, жеке мүддесін емін-еркін илей беретін осындай жандар да бар…»

Бір жақсысы, мынандай зау биікте ұшып келе жатқанында жер бетіндегі қиын сұрақтардың барлығы да төменде қалып, өзінді құс сияқты жеңіл сезінесің.Кім біледі… мынау жарық жалғандағы өлшеулі мерзімі біткен күні көкке ұша жөнелетін қуыс кеудедегі шыбын жан да тап осындай еркіндік сезінетін болар-ау!..

Нұрғали ОРАЗ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЗДОРОВЬЕ

ВРАЧ ИЗ ИНДИИ РАССКАЗАЛ КАЗАХСТАНЦАМ...

Молодые люди в возрасте 25−30 лет могут начать страдать от инфаркта миокарда и инсульта головного мозга из-за индийского штамма коронавируса. Об этом заявил начальник по международным отношениям России, СНГ и Балканам, доктор медицинских наук Вани Акбер, передает Tengrinews.kz со ссылкой на Almaty.tv Индийский врач Вани Акбер работал в самом очаге в одном из госпиталей Индии. Он сообщил, что сейчас в Индии среди тех, кто переболел и все еще продолжает болеть COVID-19, выявляют редкие грибковые инфекции.

«Мне только что звонили, чтобы принять больного для лечения “черного грибка”. Здесь мы применяем сильные гормональные препараты. Иммунитет слабеет. Грибок поражает мозг, проникает в глаза. Очень трудно лечить его», — сказал доктор медицинских наук. При этом индийский штамм несет опасность как для переболевших, так и для вакцинированных людей. Это связано с тем, что в нем выявили новую мутацию, которая способна снижать активность антител. Основываясь на опыте Индии, доктор госпиталя призвал соблюдать карантин и не расслабляться. «В последнее время мы расслабились. Этого не надо было делать. Это урок для других стран, чтобы они сразу ввели строгие карантинные меры. Нельзя расслабляться. Эпиднадзор должен ввести карантин. Каждого прошу, делайте вакцину. Вакцина — гарантия, что вы не умрете, что вы в реанимацию не попадете. Вакцина — единственное, что вас спасет. Ничто другое не спасет. И, конечно, меры безопасности: носить маски и не ходить в местах столпотворения», — призвал казахстанцев Вани Акбер. По словам ученого, он в числе первых привился от коронавируса, однако из-за появления опаснейшего штамма «дельта плюс» врач заболел повторно. Как отмечает Акбер, вакцинация позволила ему перенести болезнь в легкой форме и не погибнуть от мутированного вируса в реанимации. «После лечения от дельта-штамма остается постковидный синдром: это образование тромбов, это ишемические болезни сердца, инфаркт миокарда, инсульт головного мозга. Бывает, что у многих людей, у которых никогда не было сахарного диабета, он возникает. Молодые люди в возрасте 25−30 лет могут начать страдать от инфаркта миокарда и инсульта головного мозга. В Индии не хватало кислорода, препаратов и коек, когда почти все население одновременно болело. Слава богу, пик прошли, сейчас у нас где-то 50 тысяч выявляют. Это очень трудно было. Нам было очень трудно отказывать больным, потому что мы сами были бессильны. Врачи сами заболевали и умирали, много жизней унесла эта опасная инфекция. Советую вам в Казахстане быть очень осторожными и принимать первые меры», — призвал он.

ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО

ОРГАНИЗОВАЛИ ВЫСТАВКУ РЕМЕСЛЕННИКОВ

Как сообщает пресс-служба областной палаты предпринимателей, вЕскельдинском районе Алматинской области состоялась благотворительная выставка-ярмарка ремесленников «Жетысу - главные ворота Великого Шелкового пути». Более 20 мастеров со всей области представили различные вещи и предметы ручной работы.

Выставку, приуроченную к 30-летию Независимости страны организовал акиматЕскельдинского района совместно с общественным объединением «Алтын Адам Жетісушеберлерорталығы», Советом деловых женщин Алматинской области, районным филиалом Палаты предпринимателей Алматинской области, общественным объединением инвалидов «Алпамыс».

«Цель выставки - популяризировать народное мастерство, сделать его актуальным среди населения, и конечно же, организовать площадку для ремесленников, чтобы они могли делиться навыками и обмениваться опытом. Многие мастера участники государственных программ, благодаря которым и развивают свое дело, проводят мастер-классы. Также они обучают своих детей и внуков, чтобы сохранить национальное ре месло.

Радует, что многие ремесленники объединились в общественную организацию «Алтын Адам Жетісу шеберлерорталығы» и вместе внедряют национальное искусство в массы», - отметила председатель Совета деловых женщин Алматинской области Римма Салыкова.

На торжественном открытии аким района Рустам Али отметил огромный потенциал народных промыслов.

«Народное ремесленничество является неотъемлемой составляющей национальной культуры и индустрии туризма. Учитывая развитие туризма в стране, рост популярности туристических мест ремесленничество станет широко распространятся. Данный тренд будет только усиливаться, и мы должны поднять на новый уровень, предоставляя разные площадки для продвижения национального ремесла», - рассказал аким Ескельдинского района Рустам Али.

В работе ярмарки приняли участие более 20 мастеров со всей области, которые представили различные ювелирные, войлочные и шелковые изделия, текстиль и вязаные, кожаные вещи, музыкальные инструменты, конное снаряжения, картины. Часть собранных средств будет направлена в помощь мастерам с особыми потребностями для приобретения сырья для войлочных изделий.

Одна из участниц ярмарки – Сауле Джулькеева из города Талдыкорган. Сауле - мастер, изготавливающий броши и украшения в национальном стиле.

«Ювелирные изделия делаю из натуральных камней. Идеи и дизайн разрабатывается мной лично, вдохновением служат работы в разных техниках. Все изделия в восточном и национальмно стиле в современном исполнении. Можно сказать, что каждая брошь неповторима, так как изготавливаются вручную, а это означает, что в каждую я вкладываю частицу своей души, тепло и любовь», - поделилась мастерица Сауле Джулькеева.

Для Светланы Бестюбаевой из Сарканского района это первая выставка. Женщина изготавливает национальные вещи для дома - приданое, лоскутные одеяла, подушки, ковры.

«Я пять лет назад начала сшить корпе, готовить приданое для своих дочерей. Увидев мои работы стали заказывать родственники и знакомые. Так мое хобби стало настоящим делом. Я обучилась основам предпринимательства по государственной программе «Енбек», получила грант на открытие бизнеса. На эти средства приобрела швейную машину и инструменты. С тех пор активно занимаюсь над развитием дела, все свои работы выкладываю в Instagram. Сегодня на выставке обменялись идеями и опытом с другими мастерами», - поделилась умелица Светлана Бестюбаева.

В рамках работы выставки были организованы мастер-классы, показ национальной одежды и концертная программа.

НОВОСТИ

ГЛАВОЙ ГОСУДАРСТВА К. К. ТОКАЕВЫМ ПОДПИСАНЫ ЗАКОНЫ «О ГОСУДАРСТВЕННОЙ ФЕЛЬДЪЕГЕРСКОЙ СВЯЗИ» И «О ВНЕСЕНИИ ИЗМЕНЕНИЙ И ДОПОЛНЕНИЙ В НЕКОТОРЫЕ ЗАКОНОДАТЕЛЬНЫЕ АКТЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО ВОПРОСАМ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ФЕЛЬДЪЕГЕРСКОЙ СВЯЗИ И ОРГАНОВ ВНУТРЕННИХ ДЕЛ»,ОБ ЭТОМ СООБЩАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА АКОРДЫ.

ПОВЫШЕН СТАТУС УЧАСТКОВЫХ ИНСПЕКТОРОВ

Законом «О государственной фельдъегерской связи» регламентируются вопросы кадрового состава, порядка и условий прохождения службы, трудовых отношений, пенсионного обеспечения. Также устанавливаются гарантии личной безопасности, правовой защиты и ответственность сотрудников фельдъегерской связи. Предусматриваются социальные гарантии сотрудников службы и членов их семей: перевозка личных вещей при служебном перемещении, оплата труда лиц, исполняющих служебные обязанности в самолете, доплата при выходе на пенсию, возмещение ущерба здоровью и имуществу. Также подписанные президентом изменения и дополнения в законодательство содержат поправки в законы «Об органах внутренних дел» и «О гражданской защите». Повышается статус участковых инспекторов полиции путем предоставления им права при выявлении на закрепленном участке причин и условий, способствующих совершению правонарушений, самостоятельного внесения представлений физическим и юридическим лицам о необходимости принятии мер по устранению таких причин и условий.

В состав подразделений участковых инспекторов полиции вводятся помощники участковых. Органы гражданской защиты выводятся из системы органов внутренних дел. Органы государственной противопожарной службы наделяются полномочиями по производству дознания по делам об уголовных правонарушениях, связанных с пожарами.

ПТИЦЕФАБРИКИ НАМЕРЕНЫ КОМПЕНСИРОВАТЬ УБЫТКИ

За январь-май этого года в стране получили 1,8 млрд куриных яиц — на 13,4% меньше, чем годом ранее, передает ИА «NewTimes.kz» со ссылкой на energyprom.kz.

Сельхозпредприятия получили 1,4 млрд яиц, хозяйства населения — 430,4 млн яиц, индивидуальные предприниматели и крестьянские и фермерские хозяйства — 10,4 млн яиц.

В разрезе регионов больше всего яиц получено в Акмолинской области — 310,8 млн штук. В лидерах также оказались Алматинская и Карагандинская области.

Спад в этом году продолжает прошлогодний негативный тренд. Так, в целом за январь-декабрь 2020 года фермеры страны получили 5 млрд яиц — на 8,4% меньше, чем годом ранее.

В стране работают такие крупные компании по получению яиц, как ТОО «Алсад Казахстан», ТОО «Алматинская птицефабрика Сункар», ТОО «Казгер-кус», ТОО «Майкудукская птицефабрика», ТОО «Птицефабрика им К. Маркса» и другие.

По итогам января-апреля 2021 года местные компании обеспечили спрос (реализация на внутреннем рынке плюс экспорт) на яйца на 93,6% против 97,6% годом ранее. На долю импорта, соответственно, пришлось уже 6,4%. Импорт вырос сразу в 2,4 раза за год — до 95,8 млн яиц.

Доля экспорта от ресурсов, напротив, уменьшилась с 3,3% в прошлом году до 0,1% в нынешнем. Экспорт яиц сократился сразу в 45,6 раза за год — всего до 1,2 млн яиц. Реализация на внутреннем рынке упала на 8,5% — до 1,5 млрд яиц.

По итогам мая 2021 года розничные цены на яйца в годовой динамике выросли на 30,2%, но в то же время за месяц, напротив, упали на 2,8% — до 403 тенге за десяток.

Дороже всего среди крупных городов страны яйца стоили в Алматы (497 тенге за десяток), дешевле всего — в Актобе (315 тенге). Наибольшее годовое удорожание было зафиксировано в Северо-Казахстанской (на 38,2%), Жамбылской (на 37,8%) и Западно-Казахстанской (на 36,9%) областях.

Низкая стоимость куриных яиц продержится до конца лета, говорят предприниматели. В сентябре социально значимый продукт будет стоить как прежде и даже может подорожать. Есть вероятность, что производители начнут отпускать одно яйцо уже не за 30, а за 40 тенге. Таким способом птицефабрики намерены компенсировать убытки.

Полосу подготовил Ш. ХАМИТОВ

2021 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша БЖЗҚ-дағы жеке зейнетақы шоттарының саны 11,6 млн бірлікті құрады. Шоттардың ең көп саны міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) бойынша ашылды, олардың саны – 11 059 450. Одан әрі МКЗЖ есебінен қалыптасқан шоттар - 522 080, БЖЗҚ-дағы ЕЗЖ есебінен қалыптасқан шоттар саны қазір 45 334 бірлікке тең.

2021 жылдың төрт айында ғана БЖЗҚ салымшыларына 1,3 трлн теңгеден астам төлем жасалды, төлемдердің 1,2 трлн теңге көлеміндегі басым бөлігін біржолғы зейнетақы төлемдері (БЗТ) құрады. Жас мөлшері бойынша төлемдер екінші орында – 32,7 млрд теңге. Одан әрі сақтандыру ұйымдарына аударымдар, олар шамамен 30,5 млрд теңгені, мұрагерлік бойынша төлемдер 22,7 млрд теңгені, ҚР шегінен тыс ТТЖ кетуге байланысты төлемдер 10,5 млрд теңгені, жерлеуге берілген төлемдер 1,7 млрд теңгені және мүгедектік бойынша төлемдер 0,8 млрд теңге болды.

Кесте бойынша ай сайынғы орташа төлем сомасы (зейнет жасына толуына байланысты) 28 862 теңгені, ал ай сайынғы төлемнің ең жоғары сомасы 522 610 теңгені құрады.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

БЖЗҚ «ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР ҮЙІ» ЖОБАСЫНА ҚАТЫСУДА

2021 жылдың 4 маусымында Алматыда «Әлеуметтік қызметтер үйінің» ашылу рәсімі өтті.

Бұл жобада мемлекеттік органдар мен қаржы институттарының жұмысы біріктірілген, олардың мақсаты – әлеуметтік қызмет көрсету сапасын арттыру.

Қала әкімі Бақытжан Сағынтаев әлеуметтік үйдің ашылуында қала тұрғындарын әлеуметтік дамыту мен қолдау – Алматы әкімдігінің басым және стратегиялық міндеті екенін, ал бұл жобаның мақсаты –Алматыны тең мүмкіндіктер қаласы, яғни, басты орталық – адам болып есептелетін, барлығы қамтылған қалаға айналдыру екенін атап өтті.

Осы жоба шеңберінде ағымдағы жылы 124 мыңға жуық адамды әлеуметтік қолдаумен қамту жоспарлануда, оның ішінде тірек-қимыл аппараты зақымдалған адамдар үйге кедергісіз келе алады. Ғимарат заманауи көтергіш құрылғымен және бірінші қабатта кең операциялық залмен жабдықталған.

776 әлеуметтік маңызы бар қызметтермен қатар, бұл жерде БЖЗҚ-ның зейнетақы қызметтері де қолжетімді болады, оның ішінде:

1) Қазақстан Республикасындағы жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмыс істеуі мәселелері бойынша кеңес беру-түсіндіру қызметтері;

2) БЖЗҚ зейнетақы қызметтерін тұтынушылардың деректемелерін өзгерту/толықтыру туралы өтініштерін ресімдеу;

3) ақпарат беру тәсілін өзгерту (белгілеу) туралы келісімді ресімдеу;

4) салымшылардың/алушылардың жеке зейнетақы шоттарынан үзінді көшірмелер беру;

5) жеке зейнетақы шоттарын ашу туралы өтініштің көшірмесін / жаңа редакциясын беру;

6) төлемге өтініштерді Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте ресімдеу.

Барлық қызметтер дүйсенбіден жұмаға дейін, сағат 9:00 мен 18:00 аралығында көрсетіледі, түскі үзіліс – сағат 13:00-ден 14:00-ге дейін.

БЖЗҚ әрдайым өз салымшылары мен алушыларының қамын ойлайды, әлеуметтік жобаларды қолдайды және азаматтарға зейнетақы қызметтерінің барлық түрлерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізеді.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

МАМАН МІНБЕРІ

МЕДИАЦИЯ - ДАУДЫ БЕЙБІТ ЖОЛМЕН ШЕШУ

ДАУЛАСУШЫ ТАРАПТАРДЫ ТАТУЛАСТЫРУ, ОЛАРДЫ БІТІМГЕ КЕЛТІРУ ЕРТЕДЕГІ ҚАЗАҚТЫҢ ДАЛА ДЕМОКРАТИЯСЫНДА ҚАЛЫПТАСҚАН БИЛЕР ИНСТИТУТЫНЫҢ ӨРКЕНИЕТТІК ҮЛГІСІ РЕТІНДЕ ҚАЙТА ОРАЛУДА. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2011 ЖЫЛҒЫ 28 ҚАҢТАРДАҒЫ № 401-IV «МЕДИАЦИЯ ТУРАЛЫ» ЗАҢЫ ҚОҒАМДА ОРЫН АЛЫП ОТЫРҒАН ДАУЛАРДЫ СОТҚА ЖЕТКІЗБЕЙ ШЕШІП, ТАРАПТАРДЫ ТАТУЛАСТЫРУДЫ КӨЗДЕП ОТЫР. БҰЛ ӘРБІР ТҰЛҒА ҮШІН ТИІМДІ БОЛАДЫ.

Медиацияның мақсаттары мыналар болып табылады: дауды (даушарды) шешудің медиацияның екі тарапын да қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізу; тараптардың дауласушылық деңгейін төмендету. Медиацияны жүргізу қағидаттары: еріктілік; медиация тараптарының тең құқылығы; медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптылығы; медиация рәсіміне араласуға жол бермеушілік; құпиялық.

Өмір болған соң қоғамда азаматтардың арасында сан түрлі келіспеушіліктер, даулы мәселелер туындамай тұрмайтыны ақиқат. Міне, сондай мәселелерді шешуде медиаторлардың қызметіне жүгіну өте тиімді. Өйткені, медиация даулы мәселелерді шешуде әлемде өзін-өзі толық ақтаған процесс. Сондықтан да тұрғындардың қандай да бір азаматтық келіспеушіліктер туындай қалған жағдайда кәсіби медиаторлардың қызметіне жүгінгені абзал. Заңдық анықтамаға жүгінсек, медиация кезінде үшінші, бейтарап жақ, яғни медиатор дауласушы тараптар арасында ерікті келісімнің түзілуіне түрткі бола отырып, дау-жанжалды шешуге жәрдемдеседі. «Медиация туралы»

Заңының 13-бабына сәйкес, медиаторлар ұйымдары медиаторлардың бастамасы бойынша «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ұйымдық-құқықтық нысандарда құрылған коммерциялық емес, мемлекеттік емес, өзін-өзі қаржыландыратын және өзін-өзі басқаратын ұйым болып табылады. Яғни, медиаторлар азаматтар өзара туындаған дау-дамайларды іс сотқа жолданғанға дейін шеше алады. Медиатор араздасушы екі жақпен де жеке-жеке әңгімелесіп, ушыққан жағдайды реттеудің, сауықтырудың барынша әділетті, ұтымды амалдарын қолданады. Қандай да бір тарап ымыраға келуден бас тартса, медиатор бұл күрделі жағдайды өзінің парасат-пайымы мен біліктілігі арқасында шебер шешуге тырысады. Атап айтқанда, келіспеуші тұлға үшін істі бұлайша насырға шаптырудан гөрі өзара тиімді, татуласу келіссөзіне бару оңтайлы болатындай жағдай қалыптасуы тиіс. Қалай десек те, кәсіби медиаторлардың алдына қойған басты мақсаты – кез келген проблемалық мәселелерді сотқа жүгінусіз-ақ, дауласушы тараптардың барлығына бірдей көзқарас таныта отырып, екі тарапқа да тиімді жағдайда шешу. Мұны даулы мәселені бейбіт жолмен шешу деуге де болады.

Нұржан ҚАДЫРБЕК,
Алматы облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданарлық сотының судьясы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МАМАН МІНБЕРІ

Қазақстанның демократиялық мемлекет ретінде қалыптасуы кезеңінде әйелдерге, ана мен балаға қатысты мәселелер бойынша алғашқы қоғамдық маңызды құрылымдар құрылды. Қазақстан БҰҰ-ның әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту және қорғау саласындағы негіз қалаушы құжаттарына қосылды.

ӘЙЕЛДЕР БЕЛСЕНДІЛІГІ АРТА ТҮСУДЕ

Еліміздің он жылға арналған Гендерлік теңдік стратегиясын қабылдау және іске асыру тек әйелдердің ғана емес, сонымен қатар ерлердің де құқықтары мен мүмкіндіктеріне неғұрлым тең қарауға мүмкіндік берді.

Гендерлік саясат – қоғамдық өмірдің барлық саласында ерлер мен әйелдердің теңдігіне қол жеткізуге бағытталған мемлекеттік және қоғамдық қызмет. Гендерлік саясаттың негізгі қағидаттары Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдік берілген әйелдер мен ерлердің тең құқығы мен еркіндігін белгілейді. Қазақстандағы гендерлік саясаттың міндеттеріне әйелдер мен ерлердің билік құрылымдарында теңдестірілген қатысуына қол жеткізу, экономикалық тәуелсіздіктің барлық тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, өз бизнесін дамыту және қызмет бабында ілгерілеу, отбасында құқықтар мен міндеттерді тең жүзеге асыру үшін жағдайлар жасау, жыныстық белгісі бойынша зорлықтан еркін болу жатқызылады.

Әйелдер саясатқа араласып ерлермен қатар қызмет етуде. Олардың көбінің бизнеспен айналысуға қабілеті бар. Яғни, әйелдердің біраз бөлігі өздерін жаңа қатынастарға негіздеп, бизнеспен айналысу деңгейлері жылдан-жылға өсіп келеді.

Жалпы, кез келген қоғамда қазіргі заманғы демократиялық нормалар мен нысандардың дамуы, ерлер мен әйелдердің барлық қоғамдық өмір салаларында мемлекет, отбасы және тағы басқа деңгейлерде шешімнің қабылдануына тең қатысуын шамалайды.

Әйелдер мақсатқа жетуде әрқашанда дәйектілік және тапқырлық, адами қарым-қатынастарда байланыс жасаудың жоғарғы үлгі-өнегесін көрсетеді.

Қазіргі кезде өркениетке бет бұрған қоғамда әйелдердің осы парасаттылық жағын қолданса, барлық жерде тәртіп те, ізгілік деңгейіміз де жоғары болатыны даусыз.

Меруерт ТАЙЖАН,
Алматы облысы МАЭС-ның жетекші маманы.

КӨНЕНІҢ КӨЗІ – САУЫТ

Талай соғысты бастан кешкен халқымыз заман талабына сай әскери өнерін дамытып, соғыс тәсілдері мен қажетті қару-жарағын, киім-кешегін үнемі жетілдіріп отырған. Қазақ ұсталарының қолынан шыққан сауыт-сайман көшпелі тіршілікке ыңғайлы, оңайлықпен оқ өткізбейтін берік, қылыштары жау қалқанын қақ жаратын мықты етіп жасалады.

Көптеген жырда сипатталатын сауыт-сайманның жасалу әдісіне қарай атаулары да әртүрлі. Ақ сауыт, көзе сауыт, көк сауыт, берен, кіреуке және бадана сынды атаулары бар. Сауыт – садақ, қылыш, найза сынды қарулардан қорғануға арналған киім. Қазақ жерін ежелде мекен еткен сақ тайпалары да қару-жарақ, сауыт-сайман жасағандығы туралы деректерде айтылады. Назарларыңызға ұсынылып отырған бұл сауыт Ақсу ауданы, Жансүгіров кентінен кездейсоқ табылған. Кіреуке сауыт қысқа жеңді жейде түрінде дөңгелек метал шығыршықтардан өріліп жасалған. Кеуде тұсындағы жағаларының өңірі 20 см жырылып жасалған, етегінің алды-артында да 10-15 см жырымдары бар. Жалпы кіреукені тоқығанда шеберлер сауыттың беріктігін ғана емес, әсемдігін де ескеріп отырған, сондықтан әшекей ретінде кіреуке өрімінде түсті металдан жасалған шығыршықтарды да пайдаланса керек. Бұл сауыт XVIII ғасырмен мерзімделеді, өлшемі: 75х55см, салмағы мөлшермен 5-6 кг. шамасында. Тарихымыздан сыр шертетін темір сауыт қазіргі таңда М.Тынышпаев атындағы Алматы облыстық тарихи-өлкетану музейінің төрінде көрермендердің көз айымына айналып отыр. Музей қорына 2012 жылы Ақсу ауданының тұрғыны Индира Телебаева өткізген.

Бауыржан ҚҰРБАН,
М.Тынышпаев атындағы Алматы облыстық тарихи-өлкетану музейінің аға ғылыми қызметкері.

ҚҰЛАҚҚАҒЫС

«ШАҢЫРАҚ» ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КОНКУРСЫНА ҚАТЫСЫҢЫЗ

ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1.1. Журналистика саласында «Шаңырақ» шығармашылық конкурсын (бұдан әрі – Конкурс) өткізуге арналған осы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан халқы Ассамблеясының (2025 жылға дейін) даму тұжырымдамасын іске асыру мақсатында, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 17 маусымдағы №837 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы «Қоғамдық келісім» республикалық мемлекеттік мекемесінің Жарғысына сәйкес әзірленген.

1.2. Конкурстың басшылығы:

1) Конкурстың құрылтайшысы Қазақстан халқы Ассамблеясы (бұдан әрі – Құрылтайшы) болып табылады.

2) Конкурсты ұйымдастырушы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы «Қоғамдық келісім» Республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Мекеме) болып табылады.

1.3. Осы Ереже конкурстың өткізілу тәртібін және жобаларды іріктеу критерийлерін айқындайды.

2. Конкурстың мақсаты және міндеттері

2.1. Конкурстың мақсаты –этносаралық қатынастар тақырыбындағы материалдарды жазып-көрсететін журналистерді ынталандыру арқылы отандық журналистиканың дамуына жәрдемдесу болып табылады.

2.2. Конкурстың міндеттері:

1)бұқаралық ақпарат құралдарындағы этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясаттың мәні мен мазмұнын ашатын, мәдениаралық диалогты дамытуға жәрдемдесетін бағдарламалар мен материалдарды дәріптеу;

2) ақпараттық кеңістікте көп этносты Қазақстан халқының мәдениеті мен дәстүрлерінің озық үлгілерінілгерілету;

3) мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту;

4) БАҚ-тағы қоғамдық келісім мен жалпы халықтық бірлік мәселелеріне арналған публицистикалық материалдардың сапасын арттыру;

5) қоғамдық келісім мен жалпыхалықтық бірлік тақырыбын жазып-көрсететін қазақстандық БАҚ-тың рөлдері мен жауапкершіліктерін арттыру болып табылады.

3. Конкурсқа қатысушылар

3.1. Конкурсқа қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарының журналистері, этномәдени бірлестіктер мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, ғылым және мәдениет қайраткерлері, сарапшылар және жеке авторлар қатыса алады.

3.2. 2021 жылғы Конкурсқа соңғы 2 жылда өткізілген конкурстардың жеңімпаздары қатыса алмайды.

3.3. Әр қатысушы тек 1 (бір) өтінім бере алады.

4. Конкурс басшылығы

4.1. Конкурс құрылтайшысы конкурсқа жалпы басшылықты жүзеге асырады.

4.2. Ұйымдастырушы:

- осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
- қазылар алқасын құрады және оның құрамын бекітеді;
- конкурстың барлық рәсімдері мен оның өткізілу тәртібін айқындайды және конкурс жеңімпаздарын марапаттауды қамтамасыз етеді;
- конкурс қорытындыларын бекітеді;
- www.jetisydostyq.kz сайтында конкурстың жарияланууы туралы ақпарат орналастырады, конкурстың қорытындылары туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабардар етеді.

4.3. Конкурс жеңімпаздарын айқындау мақсатында Ұйымдастырушының қатысушылардан қосымша ақпарат сұратуға құқығы бар.

4.4. Конкурс жеңімпазын қазылар алқасы айқындайды.

5. Конкурсты өткізу тәртібі мен мерзімі

5.1. Конкурсқа мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған, 2021 жылғы 15 қаңтардан 20 тамызға дейін БАҚ-та, оның ішінде, этномәдени бірлестіктердің бұқаралық ақпарат құралдарында және интернет-ресурстарда жарияланған баспасөз материалдары, теле-радиобағдарламалар қабылданады.

5.2. Конкурс келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

- қоғамдық келісім мен жалпыхалықтық бірліктің қазақстандық моделінің мәнін ашуға арналған үздік талдамалық материал;
- Ассамблея қызметінің жаңа бағыттары мен жобаларын ашып көрсететін үздік материал;
- өскелең ұрпақты қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеуге бағытталған үздік материал;
- әлеуметтік желілерде, сондай-ақ ақпараты берудің жаңа әдістерін қолдана отырып (вайнерлер, блогерлер) қоғамдық келісім мен жалпыхалықтық бірлік саласындағы мемлекеттік саясатты түсіндіруге арналған үздік материал;
- мемлекеттік тілді насихаттау және қолдану аясын кеңейтуге арналған үздік материал.

5.3. Конкурс 2 кезеңнен тұрады:

- өңірлік конкурсқа қатысу үшін қатысушылар 2021 жылғы 20 маусымнан бастап 2021 жылғы 20 тамызға дейін dom-druzhby@mail.ru электрондық поштаға конкурстық жұмыстарды жібере алады;
- конкурстың бірінші (өңірлік) кезеңінен өткен конкурстық жұмыстар 2021 жылғы 20 тамыздан 2021 жылғы 1 қыркүйекке дейін өтетін конкурстың екінші (республикалық) кезеңіне жіберіледі.

5.4. Конкурсқа жіберілген материалдарға пікір жазылмайды және қайтарылмайды.

6. Конкурстық өтінімді ресімдеу талаптары

6.1. Конкурсқа қатысуға өтінім беру оған қатысушының осы Ережеде көзделген, конкурсқа қатысу талаптарымен және шарттарымен танысып, келіскенін білдіреді.

6.2. Конкурсқа қатысу үшін берілген өтінімде мыналар болуы тиіс:

- үміткердің осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысанда толтырылған өтінім;
- өтінімнің конкурс талаптарына сәйкестігін растайтын қосымша құжаттар.

Бір өтініммен берілетін материал саны 3-еуден кем болмауға және 5-еуден артық болмауға тиіс.

6.3. Конкурсқа қатысуға өтінімді конкурстың өңірлік ұйымдастырушысына конкурстың атауы мен жіберушінің деректерін көрсетіп, электронды түрде, сонымен қатар, жабық конвертпен жіберуге болады.

6.4. Конкурсқа қатысу үшін келіп түскен өтінімді конкурсты ұйымдастырушы өтінімнің келген күні мен уақытын көрсетіп, конкурсқа қатысу үшін тіркейді.

Ақпараттық сипаттағы қысқа хабарламалар /баспасөз баяны, түйіндемесі, т.б./ қабылданбайды.

6.5. Конкурсқа қатысуға түскен өтінім осы Ережеде көзделген талаптар бұзылған жағдайда, қабылданбайды және тіркелмейді.

Байланыстелефондары: 8(7282) 40 07 48, 8 700 427 17 81

E-mail: dom-druzhby@mail.ru

Конкурсқа қатысуға арналған өтінім

1. Қатысушы туралы мәліметтер:

* облысы, елді мекені;
* тегі, аты, әкесінің аты;
* туған жері және туған жылы;
* ұлты;
* тұрақты тұратын жері;
* байланысу телефоны;
* оқу орны/жұмыс істейтін жері;
* лауазымы;
* жұмыс өтілі.

2. Шығармашылық құжаттар:

* баспа БАҚ-та жарияланған материалдардың сканирленген көшірмелері;
* интернет-ресурстардағы парақшалардың басып шығарылған көшірмелері;
* теле-, радио бағдарламалардың дискке DVD, CD форматында жазылған жазбалары.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ОФИЦИАЛЬНО

ПРЕЗИДЕНТ ПРИНЯЛ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА БЕЛАРУСИ

Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев положительно оценил связи Казахстана и Беларуси в торгово-экономической, научно-технической, гуманитарной сферах, а также взаимодействие в рамках интеграционных объединений. Глава государства особо отметил наличие постоянного контакта между лидерами двух государств и успешную реализацию договоренностей, достигнутых на высшем уровне.

-Программа Вашего визита была насыщенной. Вы посетили Костанайскую область, это очень важная область с точки зрения промышленного и сельскохозяйственного потенциала. Как я понимаю, были достигнуты конкретные договоренности. В субботу я разговаривал с Александром Григорьевичем Лукашенко. Состоялся обстоятельный обмен мнениями по вопросам дальнейшего развития стратегического партнерства между нашими государствами. Для Казахстана Беларусь действительно стратегический партнер, союзник, и мы будем делать все возможное, чтобы углублять и развивать наше сотрудничество, - отметил Президент Казахстана.

Касым-Жомарт Токаев выразил уверенность, что итоги двусторонних переговоров позволят обозначить новые горизонты в дальнейших отношениях Казахстана и Беларуси.

- Конечно, эти договоренности не являются сиюминутными, нам надо капитально подойти к ним, выполнить взятые на себя обязательства. То есть не заниматься пустословием, а конкретно решить все вопросы, которые были высказаны с Вашей стороны и которые были высказаны уже в ходе переговоров на уровне правительств, - подчеркнул Глава государства.

Премьер-министр Беларуси передал слова приветствия от Александра Лукашенко, а также подробно остановился на перспективах торгово-экономических контактов двух стран.

- Мы всегда были союзниками и партнерами. И человеческий фактор является очень важным для развития деловых отношений. Поэтому мы рады констатировать, что после периода пандемии торгово-экономическое сотрудничество очень динамично развивается. Растет и белорусский экспорт в Казахстан, и казахстанский экспорт в Беларусь, причем более высокими темпами, что является для Казахстана очень позитивным фактором, - сказал Роман Головченко.

К. ПФАЙФЕР.

НОВОСТИ

АВИАКОМПАНИИ AIR ASTANA И ASIANA НАЧАЛИ ПРОВОДИТЬ СКАНИРОВАНИЕ ПЦР-СПРАВОК ПАССАЖИРОВ, ВЫЛЕТАЮЩИХ В ЮЖНУЮ КОРЕЮ, СООБЩАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА АЭРОПОРТА АЛМАТЫ.

СКАНИРУЮТ QR-КОДЫ ПЦР-СПРАВОК

Возможно, в ближайшее время количество авиакомпаний и зарубежных направлений, по которым также будет введена дополнительная проверка, увеличится.

Председатель комитета оперирующих авиаперевозчиков, представитель авиакомпании Asiana Всеволод Ким, отметил, что факты, когда у казахстанцев по прибытии за границу выявлялись поддельные ПЦР-справки, не единичны. В мае из 400 пассажиров авиакомпании у 15, имевших ПЦР-справки, по прилёте выявили положительный результат теста на Covid-19.

"По каждому случаю проводилось расследование, и многие пассажиры признавались, что ПЦР-тест они подделали. Сейчас между Казахстаном и Южной Кореей минимальное количество рейсов, а после тех случаев было введено дополнительное ограничение по заполнению салона самолёта. В этой связи, со стороны уполномоченных госорганов Южной Кореи нам настоятельно рекомендовано перед регистрацией на рейс проверять легитимность ПЦР-тестов посредством QR-кода на документе", – сказал Всеволод Ким.

Старший менеджер по наземному обслуживанию авиакомпании Air Astana Амансултан Тайлаков отметил, что сейчас значительно увеличилась нагрузка на персонал наземных служб аэропорта и авиакомпаний, которые проверяют валидность ПЦР-теста, лабораторий, паспорта вакцинации и его видов, регулируют социальную дистанцию.

"Естественно это ведёт к увеличению времени обслуживания наших клиентов, поэтому мы настоятельно рекомендуем пассажирам тщательно изучить правила въезда в страну, которые размещены на сайтах авиакомпаний", – отметил он.

Пассажирам рекомендуют приезжать в аэропорт с запасом времени, чтобы быстро пройти процедуру проверки через Ashyq на входе в аэропорт, использовать онлайн-регистрацию либо воспользоваться киоском саморегистрации на втором этаже терминала, после прохождения досмотра сразу пройти к своему выходу на посадку, а не ждать приглашения на рейс в общем зале, на регистрации, при входе и выходе из самолёта соблюдать дистанцию.

«ALATAU-AQPARAT»

СЕЛЬСКОЕ ХОЗЯЙСТВО

ТОКАЕВ ПОДПИСАЛ ЗАКОН

Согласно закону, аренда земель сельхозназначения остаётся доступной только для граждан Казахстана и юрлиц без иностранного участия.

Глава государства Касым-Жомарт Токаев подписал поправки по вопросам развития земельных отношений, которые продлевают мораторий на продажу сельхозземель до 31 декабря 2026 года, сообщается на сайте Акорды.

В законе предусматривается, что аренда остаётся доступной только для граждан Казахстана и юрлиц без иностранного участия, а сельхозземли будет запрещено передавать в субаренду.

В законе прописаны предельные размеры земельных участков, выставляемых на конкурс. Таким образом, выводить на конкурс участки, превышающие по площади лимит, будет запрещено. При участии в конкурсах по предоставлению сельхозземель сельчане, проживающие в аулах не менее пяти лет, будут получать преимущество, им будут начисляться дополнительные баллы, влияющие на победу в конкурсе.

Ещё одна норма закона призвана решить проблемы сельчан с дефицитом пастбищ. В законе прописан запрет на частную собственность и землепользование пастбищ, которые указаны в плане по управлению пастбищами и необходимы для выпаса животных личного подворья.

Также глава государства подписал поправки по вопросам расширения самостоятельности и ответственности районных, городских и сельских уровней власти. Согласно закону, будут переданы на IV уровень бюджета дополнительно четыре вида налогов и платежей. Кроме того, упрощаются бюджетные процедуры, в частности, вводится корректировка бюджета для аппарата акима сельского округа в объёме не более 20%.

Также определён порядок изменения категории административно-территориальных единиц. Изменение статуса города будет осуществляться в случае несоответствия в течение пяти лет, сёл – в течение трёх лет.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ПОЛИТИКА

НИГМАТУЛИН ПОДВЕЛ ИТОГИ РАБОТЫ ПАРЛАМЕНТА

ПРЕДСЕДАТЕЛЬ МАЖИЛИСА НУРЛАННИГМАТУЛИН НА СОВМЕСТНОМ ЗАСЕДАНИИ ПАЛАТ ПАРЛАМЕНТА ПОДВЕЛ ОСНОВНЫЕ ИТОГИ РАБОТЫ ДЕПУТАТОВ VII СОЗЫВА В ПЕРВОЙ СЕССИИ, СООБЩАЕТ ZAKON.KZ.

Отметив, что работа депутатов Парламента VII созыва началась в знаменательный для истории страны год – год 30-летия Независимости и 25-летия образования двухпалатного профессионального Парламента, Председатель Мажилиса НурланНигматулин подчеркнул, что все достижения страны связаны с деятельностью Первого Президента Казахстана-Елбасы Нурсултана Назарбаева, стратегия которого сегодня успешно реализуется благодаря инициативам Главы государства Касым-ЖомартаТокаева.

Как отметил НурланНигматулин, начатые политические, экономические, социальные реформы, а также прошедшие очередные парламентские выборы придают новый импульс дальнейшему укреплению демократии, усилению гражданского общества и развитию страны в целом.

При этом Спикер Мажилиса подчеркнул возрастающую роль и ответственность депутатского корпуса, который обеспечивает законодательную поддержку инициатив руководства страны.

НурланНигматулин также напомнил, что депутаты Мажилиса работают в новых условиях в связи с закреплением на законодательном уровне института парламентской оппозиции.

Подводя итоги работы, Председатель Мажилиса отметил, что в течение первой сессии было проведено 3 совместных заседания палат Парламента, 23 пленарных заседания Мажилиса и 21 - Сената. На рассмотрении обеих палат находилось 104 законопроекта, из которых 63 приняты, а 58 уже подписаны Президентом страны. Прежде всего, это законы для поддержки политической реформы, инициированной Главой государства. Внесены поправки в выборное законодательство, предусматривающие снижение порога прохождения политических партий в Мажилис с 7% до 5%, введение новой строки "против всех", а также прямые выборы акимов сельских округов. Кроме того, приняты изменения по вопросам земельных отношений, запрещающие, в частности, продажу иностранцам и аренду ими земель сельскохозяйственного назначения.

В целях исполнения поручений Президента страны, направленных на поддержку социальной сферы, МСБ, решение вопросов занятости, развитие инфраструктуры, Парламент принял поправки в Закон "О республиканском бюджете на 2021-2023 годы". Как подчеркнул НурланНигматулин, эффективное использование выделенных средств находится на постоянном контроле Парламента.

По словам Спикера Мажилиса, также среди важных для социальной стабильности и укрепления экономики законы о закупках отдельных субъектов квазигосударственного сектора, по вопросам туристской деятельности и др.

Кроме того, ратифицировано 31 международное соглашение, среди которых, в частности, поправки в Закон "О международных договорах Республики Казахстан", которые, как отметил НурланНигматулин, направлены на защиту интересов нашего государства.

СОБ.КОРР.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МӘСЛИХАТ

ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯНЫҢ БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫСЫ

Облыстық мәслихаттың экономика, бюджет, құқықтық тәртіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, депутаттық өкілеттіктер мен этика мәселелері, индустриялық-инновациялық, көліктік-логистикалық даму, кіші және орта бизнесті, туризм мен спортты қолдау мәселелері бойынша тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы өтті. Бұл туралы облыстық мәслихаттың баспасөз қызметі хабарлады.

Күн тәртібінде Алматы облысының туризм инфрақұрылымының дамуы, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау және осыған дейін қабылданған міндеттемелерге өзгерістер енгізу туралы, Алматы облысының кейбір білім беру ұйымдарына атау беру және оларды қайта атау туралы ұсыныстарды Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының қарауына енгізу, Іле ауданы Жетіген ауылдық округі Қайрат ауылының әкімшілік бағыныстылығын өзгерту, облыстық әкімдік жанындағы терроризмге қарсы комиссиясының, кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиясының дербес құрамын бекіту мәселелері қаралды. Әр сауал бойынша басқарма басшылары есеп беріп, депутаттар сұрағына жауабын берді.

Өз кезегінде облыстық туризмді дамыту басқармасының басшысы Жанар Алчимбаева туризмді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде Алакөл көлінің жағалауын дамытудың Мастер-жоспарын іске асыру бойынша жұмыс жалғасуда екенін тілге тиек етті. *«Облыс әкімінің өкімімен өңірлік Жобалық кеңсе құрылып, Жол картасы бекітілді. 2020-2021 жылдары мемлекеттік бюджеттен жол және инженерлік инфрақұрылым құрылысына 18 млрд. теңге сомасында қаражат бөлінді. Жазғы маусымда Алакөл көлінің бағытында Нұр-Сұлтан, Алматы, Өскемен, Семей қалаларынан 8 темір жол рейстері қатынайды. Аталған рейстердің сыйымдылығы тәулігіне 2360 орынды құрайды. Бұл бағыттарға сұраныс көбейген жағдайда тәуліктік сыйымдылықты 3500 орынға дейін арттыруға мүмкіндік бар. Көліктік қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында «Талдықорған-Үшарал-Талдықорған», «Нұр-Сұлтан-Үшарал-Нұр-Сұлтан» және «Алматы-Үшарал-Алматы» бағыттары бойынша субсидияланатын авиарейстер жүзеге асырылады. Бұған қоса, «Жетіген-Достық-Жетіген» бағыты бойынша әлеуметтік маңызы бар ауданаралық теміржол бағыты субсидияланады. Бұл мақсатта республикалық және жергілікті бюджеттен 2021 жылы 930 млн.теңге бөлінді»* – деген ол халық қалаулыларының қойған сауалдарына да жауап берді.

Жиын соңында комиссия мүшелері барлық қаралған мәселелер бойынша тиісті шешім қабылдады.

С. БАЗАРҚҰЛОВА.

ІШТЕ ПІКІР ӨЛГЕНШЕ

СЫН ТҮЗЕЛМЕЙ, МІН ТҮЗЕЛМЕЙДІ

ЫҚЫЛЫМ ЗАМАННАН КЕЛЕТІН «СЫН ТҮЗЕЛМЕЙ, МІН ТҮЗЕЛМЕЙДІ» ДЕГЕН АСЫЛ СӨЗДІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҢА ЗАМАН ДӘУІРІНДЕ ӨЗ ҚҰНДЫЛЫҒЫ ЖОҒАЛЫП ТҰР.

Оған негізгі себеп: біріншіден, адамның құқықтық құзыры тең деңгейде қалыптаса алмауы, ел ертеңі жастардың білімі мен қабілетіне сай қызмет таба алмай жәбірленуі… Ал, жоғарғы төменгі мемлекеттік мекеме және жергілікті әкім қара билік өкілдері, бір ғана қабілетті де білімді маман атқаратын қызметті екі үш кадр маманға жүктейді. Бұл олардың айлық жалақысын өсірудің жолын жабады. Және де жүктейтін жауапкершілікті төмендетеді. Сондықтан олар іс, қызметіне салғырттықпен қарау үрдісін қалыптастырып келеді. Бұған ҚР-ның қолданыстағы заң талаптарына әрбір министрлік, комитеттердің өздері бекітіп алған ереже, стандарт қағидалы сәйкес келе бермейтіні тағы бар. Бұл жағдай жаңа заман талабын қанағаттандыра алмауынан жағдайы бар немесе жолын тапқан жастар шетелдерден жұмыс көсіп іздеп кетуі тыйылар емес. Отбасы мүшелерімен кетіп жатқандары да жетіп артылады. Қазақ елінде бағаланбаған қабілеттері шет елде сұраныскa ие болып жақсы қызметтен орын алғандары БАҚ-на сұхбат беріп қалғандарын еліктіріп жатқаны да шындық. Шетелге барып баспана алып балалы болып жақсы жағдайда тірлік көзін тапқан жастарымыз өз Отанына қашан оралуын дөп басып айту бір кем дүние. Оны алда өмір өзі көрсете жатар…

Екіншіден, Жергілікті атқарушы органдар қоғамдық бірлестік, ұйымдарға қолдау көрсетіп, тиянақты жұмыс жасауларына қамқорлық көрсетіп олардың бар мүмкіндік іскерлігін қазақ қоғамының тұрақты да жүйелі қалыптасуына пайдаланудың орнына жеке іс шараларына араласып ақыл айтуларын қояр емес. Бұлда халықпен қоян қолтық араласып ішіне еніп, еркін сөйлесіп немесе өскелең ұрпақ көмегімен озық үлгі қалыптастыруға кері әсерін тигізуде. Көптеген әкімдер мен олардың орынбасарлары, қол астындағы қызметкерлері осы мәселені жете түсінбейтіні жаңа заман талабына өздерінің сай емес екенінің шынайлылығы…

Үшіншіден, Жоғарғы органдар мен Үкіметтің аяқ асты талап ете беретін сұранысына жергілікті атқарушы орындар тиянақты түрде ақпарат беруге дайын болмауынан уақыт тығыздығы мәліметтің жеткіліксіздігінен жалған сан көрсеткіштерімен кестеге сай мәліметтерді жасап бере салады. Бұның арты біраз статистикалық ақпарат цифрлар жалған болып шығуын соңғы екі жылда коронавирус індет кезеңі әшкерелеп берді. Бұл жалғандық жарға жығарын санаға құйып берді. Сондықтан айтыла беретін сынға сындарлы шешім шығару қажет екенін дәлелдеп берді…

Төртіншіден, Министрлер, облыс әкімдерінің халық пен кездесуі немесе есеп беру жиыны алдын ала дайыдалып жасақталған адамдар арасында ғана өтеді. Сөз сөйлеп сұрақ қоятын адам мен оған беретін жауапты да дайындап басқарушы тұлғаны барлық сұрақ бойынша білікті жан білімді іскер басшы ретінде көрсетуді ұйымдастыратыны өте жағымсызда жиркеніштi жағдай. Бұл ашық қоғам, мемлекеттің өркениетіне мүлдем кері әсер ететін бірден бір жүйе. Ал халық осындай жағдайдан болып мемлекет, үкімет, облыс әкіміне деген сенімін жоғалтып наразы болып ушыға береді…

Бесіншіден, Сырт көз сыншы дегенде бар. Ал шетелден келіп жатқан қандас ағайындарға ұлтық құндылығымыз тұрғысы және қолданыстағы заң ереже стандарттар талабынан кеңес беріп, келген ортасына тезірек бейімделіп азаматтық алулары, әлеуметтік қорғалу мәселесі еш жүйесіз ағыммен ғана әркімнің көзқарас ниетіне қарай жолын тауып шешіліп жатқаны да өмір шындығы. Жүйесіз істің соңы кез келген ағымнан туындайтын іс, келеңсіздіктер кесірінен ушығып мемлекет пен халықтың мүддесі және қоғамның құндылығына жағымсыздық қалыптастыруда. Кесірінен Қазақ елінің атына келеңсіздік туындататын талай ақпарат мәліметтер шетелдерге жол тартып жатқаны өкінішті…

Алтыншыдан, Осындай істерге жауапты қызметкерлер тек салдарымен ғана жұмыс жасайды. Ал, түпкі кесірі мен ағымы қазақ қоғамына тамыры тереңге жайылған кері іс әрекет қалдыруда. Оған мән беретін басшы да қосшыда жоқ деуге толық негіз бар. Ел арасында қазағым, ұлтым деген азғантай қоғам белсенділерінің әрекет қозғалысы тығырыққа тіреле беруі жеке адамдардың қабілет біліміне де қатысты. Жергілікті билік өкілдері мемлекет, қара бұқара халық мүддесі ел ертеңі жастардың жарқын болашағы тұрғысынан емес өзінің атақ абырой мәнсап тағы үшін ұпай жинап көзге түсу үрдісінен қалыс қалмауында. Осы үрдіс бүгінгі қазақ қоғамында туындап жатқан айқай шу, келеңсіздіктің себепкері болып тұрғанын екінің бірі біледі. Бірақ қолдан келер қайла жоқ…

Ел іргесі сөгілмесін, ел бірлігі төгілмесін, ынтымақ берекеміз үстем бола берсін десек қоғам болып қоғамның әрбір мүшесі ұлттық идеология тұрғысында ұлылығымызды арттыра ұлан ғайыр жеріміз, қазыналы байлық иесі қазақ ұлтының мерейі мен мүддесі мерекелі де үстем болуы үшін мүлтіксіз қызмет етуге ат салысайық ағайын!

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев тілек, ұсыныс, сындарымызға жауапкершілік танытып, жеке тапсырмасымен шешімін шығартатына сенейік!?

Осы пікірлеріміз жеке хатпен өз атына тікелей жолданады.

Құрметбек САНСЫЗБАЙҰЛЫ
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ҚҰЛАҚҚАҒЫС

Мереке күндеріне орай газеттің екі саны біріктіріліп шығарылады. Яғни, 9 шілде күні шығатын №27 саны осы жолғымен қосылып, №26-27 болып жарық көретінін ескертеміз.

тәмсіл

ГҮЛ ҚУАҢЫМЫ мен ТАС ҚАЙҒЫСЫ

Ерте көктемде енді-енді жіпси бастаған жердің төсін түртіп оятып, әдемі бір гүл өсіп шықты.

– Бұл жерде қандай тамаша! – деді төңірегіне тамсана көз тастаған гүл. – Ауасы қандай тап-таза!

– Миллион жылдан бері осы көрініс, – деді терең күрсінген тас, жылда-жылда қайталана береді. Іш пыстыратыны соншалық, жарылып кете жаздайсың.

Өмірің қызықты болсын десең, дүниеге сәби көзімен қарап үйрен.

САУСАҚ

Сырқат дәрігерге мұңын шағып отыр:

– Шамасы, ұзамай өлетін шығармын... Саусағыммен қай жерімді түртіп қалмайын, сырқырап қоя береді.

Ауруды тексеріп көрген дәрігердің әңгімесі:

– Әрине, солай болады. Өйткені саусағыңыз сынған ғой.

Бар болғаны саусағыңыз сынғанмен, біздің өзімізді өліп қалатындай сезінетін кездеріміз аз емес. Дұрысы сабырдан айырылмаған.

Әмірхан Балқыбектің қойын дәптерінен

ӨНЕГЕ

АДАМ ІШІНДЕГІ ЕКІ ҚАСҚЫР



Бірде қария өз немересіне өмір шындығының бір сырын ашқысы келді:

– Әр адамның бойында екі қасқырдың таласына ұқсас арпалыс жүріп жатады. Бір қасқыр зұлымдықты бастайды: қызғаныш, отты кек, эгоизм, өтірік, өкініш, менмендік. Екінші қасқыр жақсылықты көксейді: бейбітшілік, махаббат, үміт, шындық, қайырымдылық пен адалдық.

Атасы айтқан сөздердің тереңіне шомып, біраз уақытқа ойланып қалған немересі:

– Түбінде қай қасқыр жеңіп шығады? – деп сұрады.

Қария жай ғана езу тартты да, немересіне былай деп жауап берді:

– Екі қасқырдың қайсысын асырайсың, әрқашан сол жеңіп отырады.

ХАЛЫҚ ЕМІ

ПАЙДАЛЫ ТҰНБА

Елу жастан кейінгі бір адамның қолы мен аяғының саусақтары ұйып қала беретін еді. Түрлі тексеруден өтті, ем алды. Бірақ біраз уақыттан кейін ауру қайталай беретін. Сонда медбике бір ем айтып, соның арқасында жазылдым деп отыратын. Бүгін сол адамның өтінішімен осы ем түрін сіздерге жолдап отырмыз.

Кешке қарай стаканның 1/3 бө-лігіндей зығыр (лен) дәніне 1 литр су құю керек. Оны 5 минут қайнатып, сосын су моншасында 2 сағат ұстайды. Сосын зығыр салынған ыдысты түнімен бөлме температурасындай жерге қояды. Таңертең сүзіп аласыз. Ол шамамен 850 миллилитр кисель секілді қоюлау қайнатпа болады. Оны 5 күн, күнделікті таңертең және кешке стаканның 1/3 мөлшерінде ішеді. Екі күн демалып, емді қайталау керек. Бұл жолы қайнатпаны 10 күн ішеді. Үш айдан кейін 10 күндік емді тағы бір қайталап жіберу керек.

Қол - аяқтың ұйып қалуынан қиналып жүрген анашым осы емнен кейін тәуір болды. Одан бері де үш жыл өтті, бұл ауру қайта мазалаған емес.

ҒИБРАТ

«Уақыт» жайлы сөз қозғаған ойшыл да, дана да көп. Уақыт, махаббат пен байлық сан ғасырлардың басты тақырыбы болып та келді. Қала да береді. Назарларыңызға уақыт жайлы 12 мәнді дәйексөзді ұсынамыз.

УАҚЫТТЫҢ ОН ЕКІ ҚҰПИЯСЫ

1. Жұмысқа уақыт табыңыз – ол табыстың кілті.
2. Ойлануға уақыт бөліңіз – күштің қайнар бұлағы ойда.
3. Ойынға уақыт табыңыз – ол жастықтың құпиясы.
4. Оқуға уақыт бөліңіз – білімнің кілті оқуда.
5. Дінге уақыт бөліңіз – ол адамдықты сақтайды.
6. Достыққа уақыт бөліңіз – ол бақыттың кілті.
7. Махаббатқа уақыт бөліңіз – ол өмірдің ерекше сыйы.
8. Арманға уақыт табыңыз – ол жан азығы.
9. Күлкіге уақыт бөліңіз – ол өмір қиындықтарына көмекші.
10. Сұлулыққа уақыт бөліңіз – сұлулық әлемді құтқарады.
11. Денсаулыққа уақыт бөліңіз – ол ең бағалы аманат.
12. Жоспарлауға уақыт бөліңіз – ол осының бәрін жасауға көмектеседі.

ЕСКЕ АЛУ

Ұлым Қайрат Абдулбарұлының қайтыс болғанына биыл 21 жыл болды. Қайратым өмірден өткенде Тахир атты ұлы небәрі 8 жаста болатын. Одан бері аттай зулап, қанша жыл өтті. Бүгінде Алла қолдап, оқуын бітіріп, өз мамандығы бойынша қызмет атқарып жүр. Уақыт шіркін бір орында тұрмайды деген осы.

Тахир бүгінде бір шаңырақтың иесі атанды. Әлім атты кішкентайы бар. Әлім ұлым Қайраттың – немересі болса, менің – шөберем. Шөберем дүниеге келгелі, ұлымды жиі еске алып, сағыныштың көз жасын төгіп алатын болыппын. «Немересін көре алмай кетті-ау» деген өкініш өзегімді өртейді де тұрады. Амал қанша...

Жыл өткен сайын оған деген сағынышым үдей түсуде. Оның орны мен үшін бүкіл әлемді толтыруға тұратын алтынмен тең еді, қайтейін енді...

Құлыным менің, топырағың торқа, жанның жәннатта, иманың жолдас болсын. Жасамаған жасыңды, көре алмай кеткен қызығыңды жұбайың Арунаға, ұлың Тахирге , келінің Динаға, немерең Әлімге берсін.

Өзіңді сағына еске алушы анаң: Бекметова Серік Жұматайқызы

Материалдар massaget.kz сайтынан алынды.

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Карина ПФАЙФЕР – тілші
Ардагүл ӘСКЕРБЕК – тілші

Кезекші редактор: К. ПФАЙФЕР

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 3554
Тапсырыс № 656
Индекс 15534